Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті

Republic of Kazakhstan Ministry of Science and Higher Education
Committee on Language Policy

Министерства науки и высшего образования
Комитет языковой политики Республики Казахстан

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖУРНАЛЫ

«TIL ZHANE KOGAM»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC ELECTRONIC JOURNAL

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ ЖУРНАЛ

№1 (65) 2026

Астана, 2026
Astana, 2026

ТІЛ және ҚОҒАМ

Халықаралық ғылыми журнал

Алғашқы есепке қою нөмірі мен мерзімі: 2993-Ж; 27. 05. 2002 жыл
«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі берілген.
Куәлік нөмірі: №KZ68VPY00111810
Атауы: «Тіл және қоғам»
Шығу жиілігі: жылына 4 рет
Тілі: қазақ, ағылшын және орыс
Тақырыптық бағыты: халықаралық ғылыми электрондық журнал, лингвистика және жасанды интеллект, терминология, тіл оқыту әдістемесі
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс-жақын шетелдер

Бас редактор
А. ҚОЖАХМЕТ

Жауапты редактор
Ж. ИСКАКОВА

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
til.qogam@tilqazyna.kz

Primary registration number and date: 2993-ZH; May 27, 2002
A certificate of re-registration of the periodic printed publication has been issued by the Republican State Establishment «Committee of Information of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan»
Certificate number: №KZ68VPY00111810
Title: «Тіл және қоғам» *(Language and Society)*
Publication frequency: 4 times a year
Languages: Kazakh, English, and Russian
Thematic focus: International scientific electronic journal, linguistics and artificial intelligence, terminology, language teaching methodology
Distribution area: Republic of Kazakhstan, near and far abroad

Первичный регистрационный номер и дата: 2993-Ж; 27.05.2002 год
Выдано свидетельство о повторной регистрации периодического печатного издания Республиканским государственным учреждением «Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан».
Номер свидетельства: №KZ68VPY00111810
Название: «Тіл және қоғам» *(Язык и общество)*
Периодичность выхода: 4 раза в год
Языки: казахский, английский и русский
Тематическое направление: международный научный электронный журнал, лингвистика и искусственный интеллект, терминология, методика преподавания языков
Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Отандық ғалымдар

Ербол Тілешов	*филология ғылымдарының кандидаты*
Шерубай Құрманбайұлы	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Бекен Сағындықұлы	*филология ғылымдарының докторы, профессор,*
Гүлбаршын Сыздықова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Алмагүл Әділова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Сабира Исакова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Шынар Қапантайқызы	*педагогика ғылымдарының докторы, профессор*
Болат Хасенов	*философия докторы (PhD), профессор*
Бану Ергеш	*философия докторы (PhD)*

Шетелдік ғалымдар

Валентина Маслова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Марина Пименова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Рустам Шадиев	*философия докторы (PhD), профессор*

EDITORIAL BOARD

Domestic experts

Erbol Tileshov	*Candidate of Philological Sciences*
Sherubay Kurmanbayuly	*Doctor of Philology, Professor*
Beken Sagyndykuly	*Doctor of Philology, Professor*
Gulbarshyn Syzdykova	*Doctor of Philology, Professor*
Almagul Adilova	*Doctor of Philology, Professor*
Sabira Isakova	*Doctor of Philology, Professor*
Shynar Kapanatayeva	*Doctor of Pedagogical Sciences*
Bolat Khasenov	*PhD in Philosophy, Professor*
Banu Ergesh	*PhD in Philosophy*

Foreign Scientists

Valentina Maslova	*Doctor of Philology, Professor*
Marina Pimenova	*Doctor of Philology, Professor*
Rustam Shadiev	*PhD in Philosophy, Professor*

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Отечественные ученые

Ербол Тлешов	*Кандидат филологических наук*
Шерубай Курманбайулы	*Доктор филологических наук, профессор*
Бекен Сагындыкулы	*Доктор филологических наук, профессор*
Гульбаршын Сыздыкова	*Доктор филологических наук, профессор*
Алмагуль Адилова	*Доктор филологических наук, профессор*
Сабира Исакова	*Доктор филологических наук, профессор*
Шынар Капантайкызы	*Доктор педагогических наук*
Болат Хасенов	*Доктор философии (PhD), профессор*
Бану Ергеш	*Доктор философии (PhD)*

Иностранные ученые

Валентина Маслова	*Доктор филологических наук, профессор*
Марина Пименова	*Доктор филологических наук, профессор*
Рустам Шадиев	*Доктор философии (PhD), профессор*

МАЗМҰНЫ

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ШАКЕНОВА М.Ж.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕГІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА КӨРІНІСТЕРІ..... 8

ҚАЖЫҒАЛИЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНСЕЙТОВА Р.М., НҰРБИКЕНОВА Ә.Ж.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ..... 18

ТЕРМИНОЛОГИЯ

ҚҰЛМАНОВ С.Қ.
ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖАРЫСПАЛЫЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮРТКІЖАЙТТАРЫ..... 35

ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.
ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫ АУДАРМАСЫНДАҒЫ «ХИМИЯ» ОҚУЛЫҒЫ..... 56

ДОСМАИЛОВА А.Н., ҮДЕРБАЕВ А.Ж.
ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ..... 70

ТІЛ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

БАЙБОСЫНОВА М.А., АЛПЫСБАЕВА Н.Т.
АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУДЫ ТІЛДІК ЕМЕС БАКАЛАВР СТУДЕНТТЕРІНЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ..... 84

ЕРКІН Б.С.
ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ИГЕРУДЕГІ ҮӘЖДЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ..... 99

КАБИДУЛЛИЕВА Ж.Ж., САТБЕКОВА А.А.
ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ КОГНИТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ДАМЫТА ОҚЫТУ (7-СЫНЫП)..... 114

CONTENT

LINGUISTICS AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

SHAKENOVA M.ZH.
MANIFESTATIONS OF FUNCTIONAL GRAMMAR IN THE WORKS OF AKHMET BAITURSYNULY..... 8

KAZHIGALIYEVA Z.B., KURMANSEITOVA R.M., NURBIKENOVA A.Z.
EFFECTIVE WAYS OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE THROUGH ARTIFICIAL INTELLIGENCE..... 18

TERMINOLOGY

KULMANOV S.K.
LINGUISTIC FACTORS OF THE PHENOMENON OF VARIABILITY IN KAZAKH TERMINOLOGY..... 35

DAURENBEKOVA L.N.
CHEMISTRY TEXTBOOK TRANSLATED BY KOSHKE KEMENGERULY..... 56

DOSMAILOVA A.N., UDERBAYEV Z.
KEY STAGES IN THE DEVELOPMENT OF KAZAKH MILITARY TERMINOGRAPHY..... 70

LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY

BAIBOSYNOVA M.A., ALPYSBAEVA N.T.
METHODOLOGY OF TEACHING ACADEMIC WRITING TO NON-LINGUISTIC BACHELOR STUDENTS..... 84

YERKIN B.S.
MOTIVATION AND OUTCOMES OF LEARNING KAZAKH AMONG FOREIGNERS..... 99

KABIDULLIYEVA ZH., SATBEKOVA A.A.
DEVELOPMENTAL TEACHING OF PHRASEOLOGICAL UNITS FROM A COGNITIVE-PRAGMATIC PERSPECTIVE (GRADE 7)..... 114

СОДЕРЖАНИЕ

ЛИНГВИСТИКА И ИСКУСТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ

ШАКЕНОВА М.Ж.
ПРОЯВЛЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАММАТИКИ В ТРУДАХ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ..... 8

КАЖЫГАЛИЕВА Ж.Б., КУРМАНСЕЙТОВА Р.М., НУРБИКЕНОВА А.Ж.
ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОСВОЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА С ПОМОЩЬЮ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА..... 18

ТЕРМИНОЛОГИЯ

КУЛМАНОВ С.К.
ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ЯВЛЕНИЯ ВАРИАНТНОСТИ В КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ..... 35

ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.
УЧЕБНИК ПО ХИМИИ В ПЕРЕВОДЕ КОШКЕ КЕМЕНГЕРУЛЫ..... 56

ДОСМАИЛОВА А.Н., УДЕРБАЕВ А.Ж.
ЭТАПЫ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ВОЕННОЙ ТЕРМИНОГРАФИИ..... 70

МЕТОДИКА ПРЕПОДОВАНИЯ ЯЗЫКА

БАЙБОСЫНОВА М.А., АЛПЫСБАЕВА Н.Т.
МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОМУ ПИСЬМУ СТУДЕНТОВ БАКАЛАВРИАТА НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ..... 84

ЕРКИН Б.С.
МОТИВАЦИИ И РЕЗУЛЬТАТЫ ОСВОЕНИЯ ИНОСТРАНЦАМИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА..... 99

КАБИДУЛЛИЕВА Ж.Ж., САТБЕКОВА А.А.
РАЗВИВАЮЩЕЕ ОБУЧЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В КОГНИТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ (7 КЛАСС)..... 114

ХҒТАР 16.01.09
DOI

М.Ж. ШАКЕНОВА
«Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ
(e-mail: merushakenovaert@gmail.com)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕГІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА КӨРІНІСТЕРІ

Аңдатпа. Қазақ тілі ғылымында функционалды грамматика ұғымдары ғылыми теориялық тұрғыдан XIX ғасырдың соңында қалыптасып, дами бастады. Функционалдыққа қатысты зерттеу жұмыстары, еңбектер, терминдер мен жаңа ұғымдар пайда болды. Алайда қазақ тілінің функционалдығын, әсіресе, етістіктердің мәнмәтінде түрлі қалыпта қызмет етуіне қатысты алғашқы ғылыми тұжырым берген – Ахмет Байтұрсынұлы. Осы тұста сөз құрылысына қатысты жазған анықтамаларын қазіргі тіл білімінде біршама қалыптасқан функционалды грамматикамен байланыстырып, тәжірибе жүзінде А.Байтұрсынұлының мысалдарымен, анықтамаларымен байланыстырылады. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің грамматикасын жүйелеудегі қағидаттары сараланып, талдауға ұсынылады. Әр функционалды-семантикалық өрістің А. Байтұрсынұлының көрсеткен етіс пен рай категорияларымен байланыстыруы арқылы ғалымның еңбектері жаңаша қарастырылып, еңбектің түпкі мақсаты мен қағидаттары анықталады.

Түйін сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, функционалды грамматика, құрылымды грамматика, сөйлеу.

Кіріспе

Функционалды грамматика – сөйлеу әрекетімен орындалатын ғылымның жаңа саласы. Тіл жеке дара қозғалысқа түспейтін, әр тілдік тұлғаның жадында сақталатын потенциалды таңба жүйесі ретінде анықталса, сөйлеу – қарым-қатынас құралының өзі, тілдің әрекетке түсу нәтижесі. Ендеше, функционалды грамматика тіл бірліктері мен жүйесінің сөйлеудегі амал-әрекетін анықтайды, сонымен қатар дәстүрлі грамматикада сөз бен сөйлемнің тұлғалық құрылымын сөйлеу кезіндегі өзектілікке ие болуын қарастырады.

Бұл туралы алғаш тұжырым Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал: қазақ тілінің сарфы» (1914 жылы Орынбор қаласында шыққан бірінші кітап)

оқу құралында дәлелденген: оқулық авторы «Сөз мүшелері. Сөйлеу һәм сөйлем» тарауында екі түрлі мысал келтіреді. Ахмет Байтұрсынұлы көрсеткен мысалдардың екеуі де сөйлеу түсінігін анықтап береді. Оны ұстаз сөйлеуде бірнеше сөйлем болады деген қағидамен берген: «Еділ бойы тоғай бар, тоғай толған ноғай бар; Бурыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар, сом темірге балға бар, сом-сынғанға Алла бар. Бұл сөйлеуде алты сөйлем сөз бар» [1, 8]. Демек сөйлеу мен сөйлем әртүрлі түсінікке негізделеді: біршама тиянақталған ойды білдіретін тілдік бірлік «сөйлем сөз» болса, белгілі бір ойды жеткізу «сөйлеу» арқылы орындалады. Сол арқылы сөйлеу (Ахмет Байтұрсынұлы қолданысқа енгізген термин) тілді жандандырып, қарым-қатынас құралының негізіне айналады. Бұл – оның басты функцияларының бірі.

Функционалды грамматика мағынадан формаға қарай зерттелетіні белгілі. Оқу құралының барлық басылымы да толықтай осы қағидатқа негізделген. Оқу құралы «Сөз мүшелері. Сөйлеу һәм сөйлеу» тарауы «Сөйлеу һәм сөйлеу», «Сөйлем һәм сөз», «Сөз һәм буындар», «Буын һәм дыбыс», «Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың һәріфтері», «Жазу қағидалары», «Жұрнақтар» деген тақырыптардан тұрады [1, 7-24]. Демек оқулық авторы бірінші сөйлеуді тұтастай алып, оны өзінен кіші бөліктерге бөліп әр тақырыпты түсіндіруге көшеді. Бұл – еңбектің формадан мағынаға қарай емес, керісінше, мағынадан формаға ұласуының белгісі. Дәл осы қағидатты негізге алатын функционалды грамматиканың да қызметі – тіл бірліктерінің көмегімен сөйлеу процесінде әрекетке түсуі.

Функционалды грамматика құрылымдық грамматикамен тығыз байланыста құрылады. Біріншіден, функционалды грамматика формалды грамматиканың негізгі ұғымдарымен астасып, соның негізінде анықталады. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, белгілі бір уақыт аралығында әрбір халықтың күнделікті тұрмыста қолданысқа енген сөздері, бұл сөздердің бір-біріне жалғасын тауып тізілетін қалыптасқан жолы мен жүйесі, қисыны болады; әрбір халық түрі мен келбеті бір-біріне ұқсамайтын сияқты тілінде де ерекшеліктер мен даралықтар болуы заңды [1, 6]. Осылайша, кез келген тілдің ішкі жүйесінде, әсіресе, дәуірлеп бірізділікке түсетін грамматикасында ерекшелік, өзге халықтан табылмайтын даралық болады. Дәстүрлі грамматиканың жүйеленген категорияларынсыз функционалды грамматиканың категориялары да тұлғаланбайды, тұйықталған тізбек құрмайды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында талдау мен бақылау әдістері қолданылды. Объективтілік, жүйелілік, нақтылыққа құрылған бақылау әдісі арқылы «Тіл – құрал»

еңбегіндегі грамматикалық бірлік сөйлеуге негізделіп, соның аясында түзілгені, ал талдау әдісі арқылы сөйлеу деңгейіндегі фунционалдылықтың негізі анықталады.

Сөйлеу процесінде жүзеге асатын грамматикалық категорияларды Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбегінде нақты атап көрсетіп, жүйелемесе де, сөз таптарының ішінде үстеуді түсіндіруде грамматикалық категориялардың қаншалықты маңызды қызмет атқаратынына тоқталатынынан грамматикалық категориялардың сөйлеудегі функциясы ажыратылады. Сөз таптарын «Сөйлеу» деп аталатын тақырыпқа топтастырған. Бұл – қазіргі морфологияға керағар құбылыс. Дәл осы қағидат негізінде сөйлеу бөлімдері зат есім мен сын есім, сан мен есімдікке, етістікке бөліп ажыратылған.

Құрылымдық грамматиканың сөйлеуден пайда болғанын анықтау барысында талдау мен бақылдау әдістері басшылыққа алынып, жан-жақта талдау жұмыстарынан өтеді. Сол арқылы сөйлеу мен функционалды грамматиканың ұқсас белгілері анықталады.

Талқылау

Еңбекте бірінші кезекте сөз таптарының ішінен зат есім ажыратылған. Зат есімге «Зат немесе нәрсенің атын көрсететін сөздер» деген анықтама береді де, заттың екі түрлі болатынын ажыратып береді: бірі – құлаққа естілетін, мұрынға иісі келетін, тілмен татып көруге болатын, денеге сезіліп, ұстап көруге болатын заттар; екіншісі – оған антонимдік мағынада құрылған құбылыс: құлаққа естілмейді, мұрынға иісі сезілмейді, ұстап көруге болмайтын нәрселер жатады [1, 36]. Осы анықтамалар мен түсіндірмелердің өзі іс-әрекеттің негізінде құрылып, сол арқылы түсіндірілген. Анықтаманың өзінен функционалды грамматиканың негізгі белгісі анықталады. Өйткені анықтаманы оқи отырып, зат есімнің негізгі белгілерін, оның қандай мақсатта жұмсалатынын анықтауымызға болады.

Одан бөлек, еңбекте зат есімнің көптік мәні функционалдықпен қатар байланыстырылған: А.Байтұрсынұлы зат есімде екі түрлі айырыс бар дей келе, оны жекелік және көптік айырыс деп ажыратып береді. «Нәрсенің жеке күйі» мен «нәрсенің көп күйіндегі есімнің түрі» деген тіркестердегі кілт сөз – «күй» сөзі. Лингвист «болмысы», «мағынасы» немесе «түрі» деген лексемалық бірліктерді қолданбай, дәл осы тіркесті алуынан оның күнделікті өмірмен тығыз байланыстырғанын, оның сипаты мен белгісін толықтай ашып бергенін көреміз. Өйткені заттың күйі көзбен көру мен қабылдау арқылы ғана танылады. Ал көптік айырыс пен жекелік айырыстың өзі осы қағидатқа негізделген.

Лингвист ғалым септік жалғауларының сөздердің үйлесуіне қызмет атқаратынын жазады да, оларды бес топқа жіктеп көрсетеді. Қазіргі қазақ

тілінің жүйесіне салсақ, Ахмет Байтұрсынұлының жіктелімінде көмектес септігі жоқ; көмектес септігі шылау құрамында қарастырылған. Бұл да тікелей функционалдықпен байланысты: көмектес септігі «Кіммен?», «Немен?» деген сұрақтарға жауап беріп, екінші бір құбылыс пен заттың қатысуын міндеттейді. Бұл «бенен» тіркесін мысалға алуымен анықталған.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегі тікелей функционалды грамматикамен байланысты. Сөйлеу бөлімін функционалды грамматикамен байланыста қарастырғанының дәлелі – сын есімді жіктеуі. Сын есім «Тек сыны» және «Сыр сыны» болып ажыратылған. Екеуінің басты айырмашылығы – мағынасында. Атап айтқанда, тек сыны нәрсенің немесе құбылыстың, кез келген заттың тегін, ал сыр сыны ішкі-тысқы, реңі мен түрін, түсі мен тұлғасын, түрлі пішінін, барлық сыртқы тұрпатын көрсетеді. Бұл да сын есімді қазіргі жіктелімге сай жасалу жолына қарай емес, оның семантикасына, қолдану өрісі мен тіркес түзу ерекшелігіне байланысты қарастыруымен сабақтастырамыз. Өйткені тек сыны нәрсенің тегін, оның неден жасалуын анықтайды. Осыған қатысты «ағаш аяқ» деген мысалы берілген. Бұл сөздерді таза морфологиялық белгі бойынша жеке қарастыратын болсақ, «ағаш» сөзі – зат есім. Алайда А. Байтұрсынұлы бұл тіркесті сын есімге жатқызып, тіркес құрған сөзді жеке-жеке бөліп ажыратпай, тұтастай алып қарастырады да, аяқтың сындық белгісін жасап шығарады. Бұл – таза функционалдық құбылыс. Осылайша, екі сөз жеке тұрғанда зат есім болып, «Не?» деген сұраққа жауап бергенімен, сөз тіркесін түзгенде, мүлдем басқа сипатқа енеді: заттың неден жасалғанын, қандай материалдан түзілгенін танытады. Сол сияқты тек сынына «алтын жүзік», «мақта жіп», «жез құман» сынды мысалдар берілген. Бұлардың барлығы да тіркес құру кезінде функционалдыққа, оның тіркесім заңдылығына тікелей бағынатынын аңғарамыз.

Оқу құралының функционалды грамматиканың негізінде құрылғанының бірден-бір көрінісі – етістіктерді жіктеуі. Олардың функционалдығы – қолдануында. Мәселен, сабақты етіс істің біреуге сабақтаулы болғанын, ал салт етіс, керісінше, өткен іске сабақталып әрі байланып тұрған еш нәрсенің болмауын білдірмейтінін айта келеді де, «Мен жүрмін» деген мысалды бастылыққа алады. Яғни, теориялық тақырыпты түсіндіруде қабылдауға жеңіл сөйлемнен, физикалық түрде қимылды сипаттауға болатын істі таңдаған. Осыдан-ақ, функционалдық қағидатын шығара аламыз: функционалдық сөйлеу сәтімен тығыз байланысты, ал А. Байтұрсынұлының таңдаған мысалдарының барлығы да статикалық мәнді білдіретін етістіктер емес, керісінше, адамның немесе нысанаға алынған субъектінің қозғалысын білдіретін мысалдарды ұтымды қолдану арқылы функционалдықтың мәнін аңғартады.

Немесе функционалдықтың ерекше көрінісі ортақ етісті түсіндіруінде де бірден танылады: оқулық авторы істің бір адамның орындамай, жеке істелмегенін білдіретін етістіктің түрін «ортақ етіс» деп атайды. Осыған қатысты «балуан күресті», «жау соғысты» деген мысалдар берілген. Мысалдардағы функционалдық – сөйлемдерді оқыған адамның бірден бұл мысалдарды оқи отырып, көз алдына елестете алуы. Осыдан А. Байтұрсынұлының етістік тақырыбын, оның ішінде, ортақ етісті түсіндіру барысында қимыл, қозғалыс нақты түрде жүзеге асатын әрекеттермен байланыстырғанын, осылайша, «Етістік» тақырыбын түсіндіруінде қимылдың әр қалыпта түсіндіруді басшылыққа алынғаны дәлелденеді [2, 39].

Еңбекте «беделді», «шағыс» пен «дүркінді», «өсіңкі» етістер кездеседі. Барлығының жасалу формасы да әртүрлі. Бұл етістердің құрамы мен семантикалық мазмұнын функционалдықпен сабақтастыра қарастырсақ, біріншіден, қайта-қайта қайталанып, бірнеше мәрте өтетін істі Байтұрсынұлы дүркінді етістің құрамына жатқызады. Қазіргі ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша да дүркінді аспектуалды категориясы істің бірнеше мәрте жасалатынын көрсетеді. Яғни Байтұрсынұлы жіктеген етістің құрамында таза аспектуалдық категориясы бар.

Ахмет Байтұрсынұлының бастамасымен етістіктердің сыпат категориясының құрамында қарастырған біршама зерттеулер бар. Мәселен, қимылдың өту сипатына қатысты зерттеу Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» еңбегінде сөз болады да, «келіп қалды», «келе қойды», «келе берді», «келе жатыр» деген мысалдар негізінде талданады [3, 72-73].

Аспектілік ұстаным бойынша ауыспалы өткен шақ формасы үнемі болып тұрған әрекетті білдіріп, қалып-күйді білдіру мағынасында жұмсалымға түседі [4, 119]. Бұл форма Ы.Маманов еңбегінде «Дағдылы өткен шақ» деп аталған. Ғалымның пікіріне сүйенер болсақ, бұл форманың бастапқы формасы «-тұғын» болған. Үнемдеу заңы бойынша өзгеріске түсіп, ықшамдалған [2, 103].

Ал Ахмет Байтұрсынұлы бұл форманы есімшені жіктеуде көрсетіп, «Ұйғарынды есімше» деген атау береді. Жіктеуге сәйкес ұйғарынды етістік істеуге ұйғарылған істі көрсетеді. Байтұрсынұлы бұл форманы түсіндіру барысында «сөйлейтін», «көретін», «жазатын» деген мысалдарға жүгінген [1, 106]. Осыдан бір ғана форма түрліше аталып, түрліше қызмет атқаратыны белгілі болды. Алайда Ахмет Байтұрсынұлының бұл форма түрін шаққа емес, есімшенің өзіндік ерекшелігіне жатқызуы, біріншіден, функционалдық-семантикалық қағидатына сүйенгені деп қарастыруымыз тиіс. Себебі бұл бір ғана форма мәнмәтінде баяндауыштың қызметінде тұрып, ауыспалы өткен шақтың

беретін мағынасын, яғни сөйлеу әрекетіне қатысты істің бірнеше рет қайталанғанын білдірсе, екіншіден, бұл формалы етістік зат есіммен тіркесіп, қандай деген сұраққа да жауап бере алады («көретін көз», «сөйлейтін сөз» және «жазатын хат» мысалдары). Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлының бұл терминді қазақ тіл біліміне енгізуінің өзі, бір ғана атаудың көмегімен бар табиғатын аша білуінен ғалымның басты қағидаты функционалдылыққа негізделетінін айғақтай түсеміз.

Нақ осы шақ төрт қалып етістігі арқылы жасалатыны белгілі. Алайда олардың сөйлеу сәтінің дәл қазір орындалып-орындалмай жатқандығында ерекшеліктер де жоқ емес. Мәселен, Т.Қордаев «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы» еңбегінде сөйлеу сәтіндегі амал-әрекетті білдіретін «тұр» және «отыр» етістіктерін нақ осы шақ, «жатыр» мен «жүр» қалып етістіктерін жалпы осы шақ деп таниды [5, 106]. Жалпы осы шақтың нақ осы шақтан басты айырмашылығы – сөйлеу үстінде болып жатқан әрекетті, қимылды да, бұрынырақ басталған, көп уақытты керек ететін, ұзақ іс-әрекетті білдіретіндігінде. Әсіресе, бұл төрт қалып етістіктерінің басты айырмасы функционалды грамматикада, темпоралды категориясында анықтала түседі. Себебі қазіргі жіктеу бойынша төрт қалып етістік те нақ осы шақты құрайтын басты грамматикалық формалар болып саналса, функционалды грамматикада семантикада, мәнмәтінде жұмсалуына қарай өзгеруі ықтимал.

Қалып етістіктерімен жасалған етістіктің түрін Ахмет Байтұрсынұлы «Нағыз осы шақ» деп атаған [1, 98-б]. Бұл терминдік атаудың функционалды-семантикалық аспектіден қарастырып көрейік. Ахмет Байтұрсынұлы бойынша, сөйлеу сәтінде, дәл қазір, осы сәтте болып жатқан іс-әрекет «Нағыз осы шақ» деп аталады да, «мен жүрмін», «сен отырсың» форманттары арқылы түрленеді. Автордың термин ұсынуында да сөйлеу сәтіне барынша икемделгені, соған сай таңдалғаны көрінеді.

Демек А. Байтұрсынұлының еңбегіндегі әрбір терминдік атау оның жұмсалымдық қырымен байланыстыра қарастырылады да, сөйлеу кезіндегі функциясынан теориялық анықтамасы шығады. Осылайша, Байтұрсынұлы етістіктің категорияларын, рай мен етістің түрлерін беруде бірінші кезекте сөйлеуге, әрбір әрекеттің қолданыс кезіндегі функциясына мән берілгені анықталады.

Нәтижелер

Функционалды грамматика – таным теориясының негізінде жұмсалатын, сөйлеу сәтінде толықтай жүзеге асатын әрі тіл білімінде қарқынды дамып келе жатқан жаңа салалардың бірі [6, 56]. Бұл сала фонетикадан бастап синтаксиске дейін тығыз байланыс орнатады, себебі тіл – жанды құбылыс, ол функционалдық сөйлеу сәтінде (речь) көрінеді де, мәнмәтін көлемінде ұғымдық байланысқа ие болады. Құрылымдық грамматика мағынадан формаға

көшетін қағидатты басшылыққа алып, әрбір тілдік бірлікті жеке қарастырса, функционалды грамматикада, керісінше, мағынадан формаға қарай көшіп, мәнмәтінде немесе белгілі бір тиянақталған ойды білдіретін сөйлем мен сөйлемдердегі тұтас ойдан мағынаға қарай көшу орын алған [7]. Осылайша, тілде функционалды грамматика үшін жеке тіл бірліктері емес, керісінше, синтаксистік құрылымдар, тұтас сөйлем мен сөйленім (лебіз) мәні мен мағынасы маңызды, соның аясында функционалдық танылады да, тілдегі бар ұғымдарды бір-бірімен байланыстырады [8, 9, 10].

Зерттеу барысында функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарымен (категория, функционалды-семантикалық өріс) ғана танысып қоймай, оны Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерімен салыстырмалы түрде зерттеп қарастырдық. Себебі функционалды-грамматиканың табиғатын толықтай түсіну үшін тіл білімінің жалпы теориялық базасының болуы маңызды. Біріншіден, бұл теориялық негіз Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінен басталады. Екіншіден, ғылымның жаңа саласы болып саналатын функционалдықтың басты мақсаты – сөйлемде кез келген тілдік бірліктің бір-бірімен жымдасып, әрекетке түсуі. Бұл үдеріс Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде толықтай орындалады. Еңбекте функционалды грамматика жеке ғылым саласы ретінде қарастырылмағанымен, сөздің құрылымын беруде, тақырыптың аясын ашуда функционалдық қағидатына мән береді.

Қорытынды

Қазіргі қазақ тілі ғылымында етістік, рай категорияларының төрт түрі көрсетілген. Бұл – дәстүрлі грамматика негізінде жинақталған бөлініс. Алайда Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал: қазақ тілінің сарфы» (1914 жылы шыққан I басылым, 1915 жылы шыққан II басылым) оқулығында етістің 9 түрі, райдың 14 түрі көрсетілген. Бұл жіктелімдердің басты алғышарты – функционалдықта. Өйткені Байтұрсынұлы бұл категорияларды ажыратуда әрқайсысының семантикасына, беретін ұғымы мен уәжіне қарап, соның аясында қызметін анықтаған. Мәселен, Байтұрсынұлы «Сабақты етіс», «Салт етіс», «Өзгелік етіс», «Беделді етіс», «Шағыс етіс» сияқты етіс түрлерін көрсетеді. Бұл етістердің беретін мағынасы мен атаулары өзара байланысты. Мәселен, Байтұрсынұлы ортақ істі істеуге себепкер болуды «Шағыс етіс» деп атайды да, «соғыстырдым», «күрестірдім», «табыстырдым» деген мысалдарды береді. Ал шағысу дегеннің өзі ұрсысуға, келеңсіздікке әкелетін адамның болуын білдіреді, бөгде адамның немесе себепкердің болуын көрсетеді. Осылайша, Байтұрсынұлы морфологияның бөлімдерін атаудың өзінде сөйлеу сәтіне, ұғымдық мағынаға, сөздің уәжіне (мотив) қарап, іріктеп, жүйелегенін көреміз.

Сонымен қатар етістің тоғыз түрін, райдың он төрт түрін көрсетудің өзінен

етістіктердің өзі қолдану аясына қарай аталғанын көреміз. Мәселен, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді-сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай – осылардың барлығы адамның сөйлеу сәтінде пайда болған эмоция мен көңіл-күйінен хабардар береді. Демек, етістіктердің барлығы сөйлеу сәтінде жанданып, көрініс табатынын айғақтады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал: қазақ тілінің сарфы» (1914 жылы шыққан I басылым, 1915 жылы шыққан II басылым), «Тіл – құрал: сөйлем жүйесі мен түрлері» (1925 жылы шыққан үшінші тіл танытқыш кітап) оқулықтарында функционалды грамматикаға қатысты ешқандай ғылыми теориялық база жинақталмаса да, оның тәжірибе жүзінде көрініс тапқаны анық. Ғалым функционалды-семантикалық өріс категориясын жеке-жеке бөліп қарастырмаса да, рай категориясын берудің өзінен модальдылықтың да, аспектуалдықтың да, тіпті, темпоралдықтың да ұғымы толықтай танылады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы, А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.

2. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.

3. Оралбаева, Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формант-тары. – Мектеп, 1975.

4. Қосымова, Г.С., Есенова, Қ. Ө., Жаңабекова, А. Ә., Әмірбекова, А. Функционалды грамматика: оқу құралы. – Қарағанды: АҚНҰР, 2016. – 280 б.

5. Қордабаев, Т. Категория времени глагола в современном казахском языке (на казахском языке). – Алма-Ата: Казахское Государственное Учебно-педагогическое издательство, 1953. – 117 б.

6. Бондарко, А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики. – М., 2002. – 736 с.

7. Әлкебаева, Д. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 200 б.

8. Halliday, M.A. K. An Introduction to Functional Grammar. – London: Edward Arnold, 1985. – 387 p.

9. Dik, S.C. The Theory of Functional Grammar. Part 1: The Structure of the Clause. – Berlin; New York: Mouton de Gruyter, 1997. – 509 p.

10. Givón, T. Syntax: A Functional-Typological Introduction. Vol. 1. – Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1984. – 464 p.

М. ШАКЕНОВА
НАО «ННПЦ «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова»

ПРОЯВЛЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАММАТИКИ В ТРУДАХ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ

Аннотация. В казахском языкознании понятия функциональной грамматики начали формироваться и развиваться в научно-теоретическом аспекте в конце XIX века. В русле функционального подхода появились исследования, научные труды, термины и новые лингвистические концепции. Однако одним из первых, кто представил научно обоснованные положения о функциональной природе казахского языка, в частности о функционировании глагольных форм в контексте, был Ахмет Байтұрсынұлы. В настоящей работе определения и положения ученого, касающиеся структуры слова, соотносятся с концепциями функциональной грамматики, получившими развитие в современном языкознании, и рассматриваются на материале его примеров и теоретических формулировок. Кроме того, анализируются принципы систематизации грамматики казахского языка, предложенные Ахметом Байтұрсынұлы. Путем соотнесения функционально-семантических полей с категориями залога и наклонения, выделенными ученым, труды исследователя интерпретируются в новом аспекте, что позволяет определить их концептуальную направленность и основные теоретические установки.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынұлы, функциональная грамматика, структурная грамматика, речь.

M.SHAKENOVA
NAO «NNPC «Til-Qazyna» named after Sh. Shayakhmetov»

MANIFESTATIONS OF FUNCTIONAL GRAMMAR IN THE WORKS OF AKHMET BAITURSYNULY

Abstract. In Kazakh linguistics, the concepts of functional grammar began to form and develop in the scientific-theoretical aspect at the end of the nineteenth century. Within the framework of the functional approach, research works, scholarly studies, terms, and new linguistic concepts emerged. However, one of the first scholars who presented scientifically substantiated propositions concerning the functional nature of the Kazakh language, in particular the functioning of verbal forms in context, was Akhmet Baitursynuly. In the present study, the scholar's definitions

and statements relating to the structure of the word are correlated with the concepts of functional grammar that have developed in contemporary linguistics and are examined on the basis of his examples and theoretical formulations. In addition, the principles of systematizing the grammar of the Kazakh language proposed by Akhmet Baitursynuly are analyzed. By correlating functional-semantic fields with the categories of voice and mood identified by the scholar, the researcher's works are interpreted from a new perspective, which makes it possible to determine their conceptual orientation and fundamental theoretical principles.

Keywords: Akhmet Baitursynuly, functional grammar, structural grammar, speech.

References

1. Baitūrsynūly, A. Tıl – qūral [Language tool]. – Almaty: Sardar, 2009. – 348 b.

2. Mamanov, Y. Qazaq tıl bılımınıñ mäseleleri [Issues of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2014. – 640 b.

3. Oralbaeva, N. Qazırgı qazaq tılındegı etıstıktıñ analitikalyq formanttary [Analytical formants of the verb in modern Kazakh]. – Mektep, 1975.

4. Qosymova, G.S., Esenova, Q. Ö., Jañabekova, A. Ä., Ämırbekova, A. Funksionaldy gramatika: oqu qūraly [Functional grammar: textbook]. – Qarağandy: AQNŪR, 2016. – 280 b.

5. Qordabaev, T. Kategoria vremeni glagola v sovremennom kazahskom iazyke [The category of verb tense in modern Kazakh]. – Alma-Ata: Kazahskoe Gosudarstvennoe Uchebno-pedagogicheskoe izdatelstvo, 1953. – 117 b.

6. Bondarko, A.V. Teoria znachenia v sisteme funksionälnoi gramatiki [Theory of meaning in the system of functional grammar]. – M., 2002. – 736 s.

7. Älkebaeva, D. Qazaq tılınıñ funksionaldy gramatikasy: oqulyq [Functional grammar of the Kazakh language: textbook]. – Almaty: Qazaq universitetı, 2019. – 200 b.

8. Halliday, M.A. K. An Introduction to Functional Grammar. – London: Edward Arnold, 1985. – 387 p.

9. Dik, S.C. The Theory of Functional Grammar. Part 1: The Structure of the Clause. – Berlin; New York: Mouton de Gruyter, 1997. – 509 p.

10. Givón, T. Syntax: A Functional-Typological Introduction. Vol. 1. – Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1984. – 464 p.

Автор туралы мәлімет

Шакенова Меруерт Жұбанқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ғылыми-прак-

тикалық орталығы Терминология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан.

Шакенова Меруерт Жұбанқызы – магистр педагогических наук, младший научный сотрудник отдела терминологии Научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Шайсултана Шаяхметова, г. Астана, Казахстан.

Shakenova Meruert Zhubanqyzy – Master of Pedagogical Sciences, Junior Researcher of the Terminology Department at the Scientific-Practical Center «Til-Qazyna» named after Shayakhmetov Shaykhultan, Astana c., Kazakhstan.

ХҒТАР 14.35.09
DOI

[1] Ж.Б. ҚАЖЫҒАЛИЕВА
[2] Р.М. ҚҰРМАНСЕЙТОВА
[3] Ә.Ж. НҰРБИКЕНОВА

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,
«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы[1]
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,
«International Steppe School of Astana by NIS» филиалы [2, 3]
(e-mail: kazhigaliyeva_zh@cep.nis.edu.kz[1], Kurmanseitova_r@isa.nis.edu.kz[2], nurbikenova_a@isa.nis.edu.kz[3])

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілін меңгертуде жасанды интеллект (ChatGPT, Gemini, Copilot) технологияларын тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. Зерттеу тілге бойлау сыныптарында қазақ тілін таным тілі ретінде меңгерту тәжірибесіне негізделген. Авторлар жасанды интеллектіні тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және сөздік қор дағдыларын дамытуда көмекші құрал ретінде қолдану мүмкіндігін талдайды. Тәжірибе нәтижелері ЖИ оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, жеке оқу қарқынын ескеруге және мұғалімнің әдістемелік жұмысын жеңілдетуге ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар мақалада ЖИ қолданудағы этикалық және мәдени ерекшеліктер ескеріліп, оның шектеулері мен педагогикалық шарттары айқындалған.

Түйін сөздер: қазақ тілі, тілге бойлау, жасанды интеллект, ChatGPT, Gemini, Copilot, тілдік құзыреттілік, инновациялық әдістеме.

Кіріспе

Елімізде қазақ тілін меңгертудің соңғы онжылдықтағы маңызды жетістіктерінің бірі – «Қазақ тіліне бойлау» жобасы. Бұл жоба профессор М.Ж. Жадринаның ғылыми жетекшілігімен 2012 жылдан бастап Назарбаев Зияткерлік мектептерінің бастамасымен тәжірибелік апробациядан өтті. Жоба атауының өзі «тілге ену», «қазақ тілі әлеміне бойлау» деген мағынаны білдіреді, яғни қазақ тілін оқу тілі ретінде меңгертудің инновациялық моделі болып табылады. Бұл бағдарламада қазақ тілі тек пән ретінде емес, барлық оқу әрекетінің орталық құралы ретінде қарастырылады, бала қазақ тілін үйреніп қана қоймай, сол тіл арқылы ойлайды, талдайды, яғни өзге тілді (орыс, өзбек, ұйғыр, неміс және т.б.) оқушылар таза қазақ тілінде білім алады.

«Қазақ тіліне бойлау» жобасының басты мақсаты – өзге тілді баланы қазақ тілінің табиғи ортасына енгізу, оның ойлау және сөйлеу дағдыларын біртіндеп қалыптастыру. Профессор М.Ж. Жадрина ұсынған әдістемелік модельдің негізінде коммуникативтік бағыттылық, эмоциялық қатысу және оқу іс-әрекетінің мағыналық контекстпен байланысы жатыр. «Орыс тілді оқушыны мектептің табалдырығын аттаған сәттен бастап қазақ тіліне толық бойлауына оқу ортасын жасаған жағдайда екінші тілді меңгеруі табиғи жолмен іске асады. Тілге толық бойлаудың оқу ортасы қазақ тілін екінші тіл ретіндегі міндеттерінен іске асырудың жаңа мүмкіндіктерінің көзі ашылады. Демек тіл қарым-қатынас құралы ретіндегі міндетімен қоса ойлау мен таным құралы ретінде адам, қоғам, табиғат жөніндегі білім мен білікті меңгеру құралы болады», – деп пайымдауы осыған дәлел [1, 7]. Бұл тәсіл бойынша бала тіл ережесін жаттамайды, керісінше тілді іс-әрекет арқылы меңгереді: сөйлесу, ойын ойнау, сурет салу, зерттеу жасау сияқты әрекеттердің барлығы қазақ тілінде өтеді. Осылайша, «Қазақ тіліне бойлау» – қазақ тілін екінші тіл ретінде емес, оқу тілі ретінде меңгертудің жаңа педагогикалық парадигмасы шығады.

Жоба алғаш рет Талдықорған мен Көкшетау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің базасында пилоттық түрде іске қосылып, кейін басқа аймақтардағы жалпы білім беретін мектептерге енгізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024-2031 жылдарға арналған Жол картасы аясында бұл модель ұлттық деңгейде кеңейтіліп, бастауыш мектептердің оқу бағдарламаларына бейімделуде.

Біз авторлар ұжымы 2012 жылдан бері осы жоба аясында жұмыс істеп келеміз және оның тиімділігін тәжірибеде күн сайын көз жеткізіп отырмыз. «Қазақ тіліне бойлау» сыныптарында бала қазақ тілін қорқынышсыз, табиғи ортада үйренеді. Бастапқыда қысыла сөйлейтін оқушылар біртіндеп өз ойын еркін жеткізе бастайды, өйткені тіл тек үйретілетін пән емес, күнделікті

қарым-қатынас құралына айналады. Әрине, мұның бәрі – үздіксіз ізденіс пен қажырлы еңбектің нәтижесі.

Дегенмен қазіргі мектеп практикасы көрсеткендей, сәт сайын өзгеріс болып жатқан заманда мұғалімдер алдында жаңа міндеттер көп. Атап айтсақ:

– тілдік ортаны цифрлық және интерактивті құралдар арқылы табиғи қалыптастыру;

– оқушыны жалықтырып алмай, жеке оқу траекториясын ұйымдастыру;

– қазақ тіліндегі оқу мазмұнын визуалды, ойындық және дыбыстық элементтермен байыту.

Осы мәселелерді шешуде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының әлеуеті зор. Біз қазақ тіліне бойлау сыныптарында мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар таным құралы ретінде меңгертудің тиімді тәсілі ретінде қолдану тәжірибемізбен бөлісеміз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеудің негізгі әдістемелік бағыты – тілге бойлау сыныптарында қазақ тілін таным тілі ретінде меңгерту үдерісіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын кіріктірудің педагогикалық және практикалық тиімділігін айқындау. Біз өз тәжірибемізді сипаттамас бұрын, еліміздің ЖИ әлеуетін қоғам, экономика және білім салаларында дамыту саясатына қысқаша шолу жасап, бұл бағыттың ғылыми және әдіснамалық негіздерін саралауға ден қойдық.

Қазақстан Республикасы 2024 жылы қабылдаған 2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасы ұлттық цифрлық трансформацияны тереңдетіп, ЖИ технологияларын қауіпсіз және этикалық негізде дамытудың нақты тетіктерін айқындады [2]. Бұл құжаттың басты мақсаты – жасанды интеллект арқылы елдің цифрлық егемендігін қамтамасыз ету және оны экономиканың, мемлекеттік басқарудың, ғылым мен білімнің барлық саласында тиімді қолдану. Тұжырымдаманың қабылдануы Қазақстанның әлемдік ЖИ индустриясындағы орнын нығайтып қана қоймай, осы бағыттағы ғылыми және әдістемелік зерттеулерге серпін берді.

Қазіргі таңда елімізде ЖИ технологиялары әр салада кеңінен қолданылып келеді. Мәселен, Kaspi.kz және HalykBank жүйелеріндегі виртуалды көмекшілер мен клиенттің төлем қабілеттілігін автоматты бағалау қызметі, Face ID арқылы пайдаланушыны тану, Digital Qamqor платформасы арқылы азаматтардың өтініштеріне жылдам жауап беру жүйесі – ЖИ-дың практикалық әлеуетін көрсетеді. Сонымен қатар Сергек – жол қозғалысын бақылау жүйесі және 2GIS-тің интеллектуалды картография элементтері де жасанды интеллект негізінде жұмыс істейді. Бұл бағытта Қазақстан дамыған елдермен тең дәрежеде ілгерілеп келеді.

Білім беру саласында да айтарлықтай өзгерістер байқалады. Bilim Media Group (BMG), Smart Nation, EDTECH сияқты отандық цифрлық платформалар бейімделген тапсырмалар мен дербес оқыту шешімдерін ұсына отырып, оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекетті жаңа деңгейге көтерді. Ал Назарбаев Университеті жанындағы Жасанды интеллект және жүйелік инжиниринг институты (ISSAI) ұлттық тіл мен мәдениетке бағытталған «Oylan 2.5», «MangiSoz 2.0», «TilSync» және «Beynele» платформаларын жасап, қазақ тілін цифрлық кеңістікке енгізудің жаңа тетіктерін ұсынды. ISSAI атқарушы директоры Ербол Абсалямов атап өткендей: «Біздің басты мақсатымыз – жасанды интеллект модельдерін қазақ тілі мен қазақстандық болмысқа бейімдеу. Ол халыққа нақты пайда әкеліп, ұлттық құндылықтарға қызмет етуі тиіс» [3]. Бұл бастама қазақ тілін технологиялық деңгейде дамыту мен оның қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған маңызды қадам болды.

ЖИ технологияларын білім беру үдерісінде қолдану мәселесі әлемдік деңгейде де кеңінен зерттелуде. Көптеген ғалымдар жасанды интеллект мұғалімдердің рутиналық жүктемесін азайтып, оқушылармен жеке жұмыс істеуге және шығармашылыққа уақыт бөлуге мүмкіндік береді деп есептейді. Дегенмен цифрлық оқыту мен жасанды интеллект саласында зерттеу жүргізіп жүрген заманауи ғалымдар, атап айтсақ, Zhai өз зерттеуінде былай деп ескертеді: «Жасанды интеллектіге шамадан тыс сену оқушылардың ішкі уәжін және тіл үйренудегі сыни белсенділігін төмендетуі мүмкін» [4]. Ал Гонконг Баптист университетінің доценті Мурхауз: «ЖИ жасаған мәтіндер контекст пен тілдік дәлдікті бұзып, мұғалімнің тексеруінсіз оқушыны шатастыру қаупі бар» деп атап өтеді [5]. Бұл пікірлер қазақ тілін оқыту контексіне де тікелей қатысты, себебі ұлттық-мәдени реңкті тек адамдық қарым-қатынас арқылы жеткізуге болады.

Бастауыш сыныптағы тіл үйрету тек сөздік қорды меңгерту емес, тіл арқылы баланың дүниетанымын, мәдени сезімін, ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған күрделі процесс. Осы тұрғыдан алғанда, «Тілге бойлау» әдісі мен жасанды интеллект технологияларын біріктіру қазақ тілін меңгертудің сапасын арттырып, оқушыны тіл мен мәдениет сабақтастығында дамытуға мүмкіндік береді деп есептейміз.

ЖИ-ді өз тәжірибемізге енгізер алдында отандық және шетелдік жетекші ғалымдар мен озық тәжірибелі ұстаздардың пайымдары мен ғылыми тұжырымдарына шолу жасап өттік. Біз көптеген ғалымдар білім беру жүйесінде технологиялардың дамуы мұғалімдердің күнделікті ауыр әрі шығармашылықты қажет етпейтін жұмыстарын жеңілдетуге көмектеседі деп есептейтінін аңғардық. Сонымен қатар ЖИ оқушылармен жеке жұмыс істеуге, шығармашылықпен айналысуға уақыт береді деген сенім де бар екенін байқадық [6].

Жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне енгізу мәселесін зерттеген халықаралық ғалымдардың еңбектері де бұл бағыттың ғылыми негізін кеңейтеді. Мәселен, білім берудегі жасанды интеллекттің әлеуетін жүйелі түрде қарастырған, UCL Білім беру институтының профессоры, оқыту аналитикасы мен деректерге негізделген педагогика саласының жетекші зерттеушісі Роуз Лакин өз зерттеуінде жасанды интеллект оқыту үдерісіндегі көзге көрінбейтін оқу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беріп, мұғалімнің педагогикалық шешім қабылдау сапасын арттыратынын атап көрсетеді [7].

Білім берудегі жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен шектеулерін кешенді талдаған зерттеушілер – цифрлық педагогика саласының ғалымы Уэйн Холмс, XXI ғасыр дағдылары мен білім мазмұнын жаңарту бағытындағы сарапшы Майя Биалик және құзыреттілікке негізделген білім беру моделін дамыту бойынша халықаралық деңгейде танылған зерттеуші Чарльз Фадел – өз еңбектерінде жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайтынын, алайда оны тиімді қолданатын мұғалімдер білім беру жүйесінде басымдыққа ие болатынын тұжырымдайды [8]. Бұл пікір ЖИ-ді кәсіби педагогикалық құрал ретінде меңгерудің стратегиялық маңызын айқындайды.

Сонымен қатар білім берудегі бейімделген және интеллектуалды оқу орталарын зерттеумен айналысатын тайваньдық ғалым Гуо-Жен Хуанг пен онлайн және мобильді оқыту технологиялары саласының танымал зерттеушісі Нэн-Синг Чен өз зерттеулерінде жасанды интеллектке негізделген оқыту ортасы оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, тілдік нәтижелілігін арттыратынын дәлелдейді [9]. Авторлар технологияны тек қосымша құрал емес, әдістемелік тұрғыдан кіріктірілген оқу жүйесі ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді.

Ал цифрлық білім беру мен оның әлеуметтік-мәдени қырларын зерттейтін заманауи ғалымдар Алам мен Моханти еңбектерінде жасанды интеллекттің білім берудегі тиімділігі оның ұлттық-мәдени контекспен үйлесуіне және адам тарапынан педагогикалық бағытталуына тікелей байланысты екені көрсетіледі [10]. Бұл тұжырым тіл үйретуде мәдени мазмұн мен құндылықтық негіздің шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді.

Біз өз жұмысымызда бақылау, салыстырмалы талдау және сапалық зерттеу арқылы ЖИ-дің тілді меңгерту бойынша әлеуетін анықтадық. Ал сабақ барысында тілдік және грамматикалық дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар беріліп, оқушылардың тілдік белсенділігі, сөйлеу қарқыны мен грамматикалық дәлдігі бақыланды. Сонымен қатар жобаға қатысқан мұғалімдер мен әдіскерлердің бақылау жазбалары, оқушылардың ауызша жауаптары мен сөйлеу үлгілері талданып, ЖИ қолданудың тиімді және шектеулі тұстары айқындалды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері жасанды интеллектіні қазақ тілін оқытуда тиімді көмекші құрал ретінде қарастыруға болатынын көрсетті. ЖИ мұғалімнің рөлін алмастырмайды, керісінше, оның кәсіби әрекетін жандандырады, оқушының тілдік белсенділігін арттырады және жеке траектория бойынша оқу мүмкіндігін кеңейтеді. Мұғалім – ЖИ-ды бағыттайтын, оқыту мазмұнын мәнмен байытатын тұлға.

Жасанды интеллект технологияларын адамгершілік, эстетикалық және ұлттық құндылықтармен үйлестіре қолдану – қазақ тілін меңгертудің заманауи әрі тиімді жолы. Бұл тәжірибе тек тілдік құзыреттілікті арттырып қана қоймай, оқушыларды мәдениет пен құндылық әлеміне де жетелейді. Бұлардың барлығы мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық белсенділігіне, ең бастысы жаңашылдығына байланысты жүзеге асады.

Талқылау

Тілге бойлау сыныбының тілдік құзыретін дамыту үдерісінде жасанды интеллектіні (ЖИ) көмекші құрал ретінде қолдану тәжірибемізге тоқталып өтейік. Әрине, қазақ тілін үйрету барысында оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс, эмоция, дауыс ырғағы мен контекстік астарлар ерекше рөл атқаратынын түсінеміз. Ал бұл элементтерді ЖИ алгоритмдері табиғи түрде бере алмайтыны белгілі.

Сондықтан да ЖИ құралдарын тілге бойлау сабағында толықтай жоққа шығаруға да, соқыр сеніммен қолдануға да болмайды. Ең дұрыс жол – оны мұғалімнің әдістемелік жетекшілігімен, нақты мақсатқа сай, баланың тілдік және сыни ойлау қабілеттерін ескеріп қолдану. ЖИ – тіл үйретудің негізгі құралы емес, мұғалімнің шеберлігін толықтыратын көмекші тетік қана болуы тиіс.

Біз өз тәжірибемізді қол жетімді жасанды интеллектерді зерттеп, олардың қолдану аясын анықтап алудан бастадық. Қазіргі қолданып жүрген ЖИ ішінде қазақ тілін меңгертуге тиімді үш құралды анықтадық. Олар: ChatGPT (OpenAI), Gemini (Google), Copilot (Microsoft). Бұл үшеуін біріктіріп қолдану – бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілін меңгеруін тұлғалық, интерактивті және шығармашылық деңгейге көтереді.

1. Тыңдалым және мәнмәтіндік түсіну дағдысын дамытуда ЖИ қолдану.

Тыңдалым дағдысын жетілдіру мақсатында мұғалім ChatGPT (OpenAI) платформасын пайдаланып, оқушыларға «Қарлығаш пен жылан» атты халық ертегісін дауыс арқылы тыңдату тапсырмасын ұйымдастырды. ЖИ-дан ертегіні түрлі дауыс тембрімен (мысалы, баяндаушы, кейіпкер, автор рөлінде) оқып беруін сұрап, оқушыларға әр дыбыстық нұсқадан кейін «Кімнің дауысын естідің?», «Бұл сәтте кейіпкер не сезінді деп ойлайсың?» деген талқылау сұрақтары ұсынылды.

Бақылау нәтижесінде оқушылар дыбыстық ерекшеліктерге назар аударып,

эмоциялық реңкті тануға және кейіпкердің көңіл күйін болжауға тырысты. Бұл олардың тыңдалым мен мәнмәтінді түсіну қабілетін арттырды. Алайда мұғалім байқағандай, ЖИ-дың дыбыстау үлгісі интонациялық байлық пен ұлттық үндік ерекшеліктерді жеткілікті дәрежеде көрсете алмады. Кейбір сөздердің мағынасы, әсіресе мәдени астары бар тұстары, механикалық сипатта естілді.

Бұл жайт Moorhouse-тің: «ЖИ жасаған мәтіндер мен дыбыстық өнімдер кейде контекст пен тілдік дәлдікті бұзып, үйренушіні шатастыруы мүмкін», – деген тұжырымына дәлел бола алады [5].

Сонымен қатар 2024 жылы Джорджия университетінің қауымдастырылған профессоры Zhai атап өткендей, «ЖИ-ға шамадан тыс сенім оқушының ішкі уәжін және тіл үйренудегі сыни қатысуын төмендетеді» [4]. Ескерте кететін бір жағдай, тыңдалым тапсырмалары ЖИ көмегімен тек қосымша интерактив элемент ретінде қолданылуы тиіс. Негізгі мақсат – оқушылардың табиғи сөйлеу мен тыңдау мәдениетін дамыту, эмоциялық қабылдауын күшейту және тілдің ұлттық бояуын сақтай отырып тыңдалым мәдениетін қалыптастыру.

Айтылым дағдысын дамытуда ЖИ қолдану. Оқушылардың айтылым дағдысын жетілдіру мақсатында ChatGPT платформасын қолдану олардың ауызша сөйлеу қабілетін, сөздік қорын және ой жүйелеу дағдысын дамытуға тиімді мүмкіндік берді. Айтылым жұмыстары тыңдалған мәтінге жауап беру, диалог жалғастыру, рөлдік сөйлесу және сурет немесе бейне бойынша әңгімелеу түрінде ұйымдастырылды. Мысалы, «Түлкі мен тырна» деген халық ертегісін тыңдағаннан кейін оқушылар ChatGPT-мен рөлге бөлініп сөйлесті: оқушы – тырна, ал ChatGPT – түлкі рөлінде болды. «Сен неге ренжідің?», «Келесі жолы не істейсің?» деген сұрақтар арқылы балалар өз ойын еркін жеткізіп, кейіпкерлердің әрекетіне баға берді. Мұндай сөйлесулер оқушылардың қиялын, тілдік белсенділігін және өз ойын жүйелі айту қабілетін дамытты. ChatGPT оқушылардың сөйлемін жеңіл түзетіп, сөз қолданысы мен грамматикалық қателерін көрсетіп отырды, бұл сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

Мұғалімнің бақылауы бойынша, рөлдік сөйлесулер кезінде бұрын сөйлеуден қашқақтайтын балалар да белсенділік танытты. Кейбір оқушылар ChatGPT-пен әңгімені ойын түрінде жалғастырып, өз бастамасымен сұрақтар қойды. Сабақ соңында оқушылар «түлкі дұрыс істеді ме, әлде тырна ма?» деген сұрақ төңірегінде пікірталас жүргізді. Бұл тәсіл тілдік дағдымен қатар, оқушылардың адамгершілік және сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті.

Оқушылар жасанды интелектті «сөйлесетін сұбхаттас» ретінде қабылдап, өзара тілдесуге мүмкіндік алды. Мәселен, Gemini-ге: «Маған сұрақ қойып отыршы, мен жауап берем» деп, одан кейін қойылған сұраққа жауап беру

тәсілінде оқушылар ерекше белсенділік танытты. «Тыңда да жалғастыр», «Сурет бойынша сөйлес», «Кейіпкермен сұхбаттас» сияқты тапсырмалар да балалардың қызығушылығын туғызды. Дегенмен кей жағдайда ЖИ жауаптарының интонациялық немесе мәдени реңкі жеткіліксіз болып, кейбір сөздердің ұлттық мағынасы бұрмаланғаны байқалды. Сондықтан мұндай құралдарды тек мұғалімнің әдістемелік бақылауымен қолдану қажет.

Сонымен қатар оқушылардың қазақ тіліндегі төл дыбыстарды (ә, ө, ү, ұ, қ, ғ, ң) анық айту дағдысын қалыптастыруда ChatGPT платформасының дауыс тану (speech-to-text) мүмкіндігін қолдану тиімді болды. Мұғалім оқушыларға сөздер мен тіркестерді дауыстап айтуды ұсынды, ал ЖИ сол сөздерді мәтінге айналдырып, экранда көрсетті. Егер дыбыстау бұрмаланса, мәтінде қате пайда болып, оқушы өз қатесін бірден байқады. Бұл тәсіл артикуляциялық дағдыларды жетілдіруге және фонетикалық естуін дамытуға әсер етті. Мысалы, «қала» мен «кала», «құс» пен «кус» сөздерінің айырмасын көру арқылы оқушылар қазақ тілінің дыбыстық заңдылығын нақты сезіне алды.

Бірнеше сабақтан кейін оқушылардың дыбыстарды дұрыс айтуы жақсарды, олар сөздің фонетикалық құрамына көбірек көңіл бөле бастады. Дегенмен ЖИ кейде дұрыс айтылған сөзді де қате танып, артық түзетулер енгізген жағдайлар кездесті. Сондықтан мұғалімнің түсіндіруі мен бағыттауы мұндай тапсырмаларда шешуші рөл атқарады.

Жалпы алғанда, ChatGPT-ті рөлдік сөйлесу мен дыбыстық жаттығуларда пайдалану оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, фонетикалық және коммуникативтік құзыреттерін дамытуға ықпал етті. ЖИ мұғалімді алмастырмайды, бірақ оны кәсіби тұрғыдан қолдайтын тиімді көмекші құрал ретінде өз тиімділігін дәлелдеді.

ЖИ-дің оқушының оқылым дағдысын дамыту әлеуеті. ЖИ-дің оқылым дағдысын дамыту әлеуеті ерекше назар аударуға тұрарлық. Әсіресе тілге бойлау сыныптарында қазақ тілін меңгертіп жүрген мұғалімдер үшін бұл құрал оқушылардың мәтінді түсіну, ақпаратты талдау және өз ойын жүйелі жеткізу қабілеттерін дамытуда таптырмас көмекшіге айналып отыр. Жасанды интеллект негізіндегі платформалар – баланың жеке оқу қарқынын, сөздік қорын және мәтін мазмұнын қабылдау деңгейін ескеріп, сараланған тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді.

Мысалы, Gemini платформасын қолдану арқылы мұғалім оқушыға қазақ тіліндегі шағын мәтін береді: *«Жаз келді. Күн ұзарып, балалар ойын алаңында ойнады. Аспанда бұлт азайды.»* Осыдан кейін жүйе мәтін мазмұнына сай бірнеше деңгейлі тапсырма ұсынады: *«Мәтінде жылдың қай мезгілі туралы айтылған?», «Күн ұзарып, аспанда бұлт азаюының себебі неде?», «Саған жаз мезгілі несімен ұнайды?»* сияқты сұрақтар арқылы оқушының түсіну, талдау

және бағалау деңгейін дамытады. Мұндай жұмыс түрі PIRLS форматының талаптарына да сай келеді, себебі ол мәтінмен жұмыс істеудің үш деңгейін, яғни ақпаратты табу, себеп-салдарын анықтау және ой қорыту дағдыларын қамтиды.

Сонымен қатар жасанды интеллекттің артықшылығы мәтінді оқыту процесін дербестендіру мүмкіндігінде. Әр оқушының оқу жылдамдығы, түсіну деңгейі мен қызығушылығына қарай ЖИ мәтіннің күрделілігін автоматты түрде реттей алады. Мәселен, мотивациясы төмен оқушыға қарапайым сөйлемдер мен визуалды сүйемелдеу ұсынылса, ал жоғары деңгейдегі оқушыға сын тұрғысынан ойлауға жетелейтін сұрақтар мен мәтін жалғастыру тапсырмалары беріледі. Мұндай икемділік оқушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға және олардың өз әлеуетін толық ашуға жағдай жасайды. ЖИ құралдарының тағы бір маңызды қыры – оқушы жауабына жедел кері байланыс беруі. Бұл мүмкіндік мұғалім мен оқушы арасындағы коммуникацияны жылдамдатып, оқу процесін үнемі жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, оқушы тек мәтінді оқып қана қоймай, оның мазмұнын талдап, ой түюге, өз пікірін дәлелдеуге дағдыланады.

ЖИ – оқушының жазылым сауаттылығын дамытудың ерекше мүмкіндігі. Жазылым дағдысын дамытуда жасанды интеллект, атап айтсақ, ChatGPT, Gemini және Copilot технологияларының мүмкіндіктері ерекше. Бұл жүйелер табиғи тілді өңдеу қағидасына сүйеніп, мәтінді түсіну, талдау және түзету әрекеттерін автоматтандыру арқылы оқушылардың жазбаша сауаттылығын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Егер бұрын оқушылардың жазбаша жұмыстары тек мұғалімнің түзетуі арқылы жетілдірілсе, бүгінде ЖИ негізіндегі жүйелер сол процесті автоматтандырып, жедел кері байланыс беруге жағдай жасап отыр. Мысалы, ChatGPT, Gemini немесе Copilot платформаларына *«Менің сүйікті мезгілім»* тақырыбында шағын мәтін жазу тапсырылады. Оқушы өз мәтінін жазған соң, ЖИ оны орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан тексеріп, нақты түзету нұсқаларын көрсетеді. Әсіресе интерактив тақтада орындап, жіберген қателерін Copilot бірден көрсетіп, оны түсіндіруі немесе бүкіл сынып болып, ол қателелерді ЖИ түсіндіріп беруі оқушылардың белсенділігін күрт арттырады. Мұндай кері байланыс жазбаша сауаттылықты қалыптастыруда аса маңызды, себебі оқушы өз қатесін көріп, оны саналы түрде түзетуге үйренеді.

Сонымен қатар ЖИ құралдары жазылым процесін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға көмектеседі: алдымен ойды жоспарлау, кейін сөйлем құрау, соңында мәтінді редакциялау. Мысалы, оқушыға *«Менің достарым»* тақырыбы бойынша төрт сөйлем жазу тапсырылған жағдайда, ЖИ оған үлгі сөйлем құрылымын, жалғау мен жалғаулықтардың дұрыс қолданылуын ескертеді. Осы

арқылы бала қазақ тілінің морфологиялық және синтаксистік заңдылықтарын тәжірибе жүзінде меңгереді.

Орфография мен пунктуацияны үйретуде де ЖИ-дің визуалды және интерактивті мүмкіндіктері тиімді. Мысалы, ЖИ сөйлемдегі үтір, нүкте немесе леп белгісі қойылмаған жерлерді белгілеп, не себепті сол тыныс белгісі қажет екенін түсіндіріп береді. Мұндай тапсырмалар дәстүрлі диктант немесе көшіру әдісін толықтыра отырып, баланың тілдік пайымдау қабілетін арттырады. Оқушылардың ереше ынтасын арттыратын тапсырма – «Қатесін түзет». Оқушы ЖИ-ге (көбінесе ChatGPT және Gemini) жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін немесе тұтас сөйлемдерді оқиды. ЖИ айтқан сөздерді теріп жазады. Содан кейін оқушы ЖИ жіберген қателерді тауып, дұрыс жазылуын көрсетеді. Көрсете алмаса, Gemini-ге тексертеді. Бұл баланың бір қатемен бірнеше рет жұмыс жасап, есте сақтауына септігін тигізеді.

Әсіресе ЖИ оқушының жазуындағы жиі кездесетін қателерді талдап, мұғалімге аналитикалық есеп түрінде ұсынып отыратыны – мұғалімнің уақытын үнемдеп, талдау жасауына берілетін үлкен мүмкіндік. Бұл деректер педагогқа оқушылардың жазу дағдысындағы әлсіз тұстарды нақты анықтауға және келесі сабақтарда мақсатты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, жазылым тек грамматикалық ережелерді меңгеру емес, тұлғаның ойлау, құрылымдау, түзету және өз еңбегін жетілдіру мәдениетін қалыптастыратын маңызды әрекетке айналады.

Жалпы алғанда, жасанды интеллект оқушылардың жазбаша тілін дамытуда тілдік қателерді жою құралы ғана емес, тілдік тұлғаның өзіндік стилін, сауатты жазу дағдысын және шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіретін заманауи әдістемелік ресурс болып табылады.

ЖИ-дің оқушының сөздік қорын дамытудағы тиімділігі. Қазақ тілін меңгертуде оқушының сөздік қорын байыту – тіл үйретудің ең басты мақсаттарының бірі. Бұл бағытта ЖИ технологиялары оқушының лексикалық дамуын жекелей және интерактивті форматта қолдауға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер баланың тілдік деңгейін автоматты түрде талдап, жаңа сөздерді контексте қолдануға арналған тапсырмаларды ұсына алады.

ЖИ көмегімен сөз үйрету процесі дәстүрлі жаттаудан гөрі әрекетке, тәжірибеге негізделеді. Мысалы, оқушы «Менің мектебім» тақырыбында сөйлем құрағанда, ЖИ баланың қолданған сөздерін талдап, «мектеп», «сынып», «мұғалім», «сабақ» сияқты сөздерді кеңейтіп, жаңа баламаларды ұсынуы мүмкін: «білім ордасы», «үй тапсырмасы», «жазғы демалыс» т.б. Осылайша оқушы бір ұғымды әртүрлі тілдік тәсілмен жеткізуді үйренеді.

Сөздік қорды дамытуда ЖИ-дің ойын форматындағы тапсырмалары да ерекше нәтиже береді. Мысалы, «Сөзді тап» ойынында ЖИ үш сипаттама береді:

«Ол дөңгелек. Түсі қызыл. Адамдар оны жейді. Дәмі тәтті»

Оқушы: *«Бұл – алма!»* деп жауап береді.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың болжам жасау, сипаттау белгілерін тану, жүйелі ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Сонымен қатар ЖИ оқушының жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының деңгейін бағалап, сөздердің қайталану жиілігін азайтып, жаңа сөздерді біртіндеп енгізіп отыра алады.

ЖИ арқылы орындалатын диалог те сөздік қорды байытудың тиімді тәсілі. Мысалы, ChatGPT немесе Gemini оқушымен әңгіме жүргізіп, жауаптарын түзетіп, баламалы сөздер мен тұрақты тіркестер ұсынады:

Оқушы: *«Бүгін ауа райы жақсы.»*

ЖИ: *«Иә, ауа райы тамаша. Басқа сөзбен айтқанда, күн шуақты немесе жылы деп айтуға да болады.»*

Осындай контекстік түсіндірулер арқылы бала жаңа сөздердің мағынасын есте сақтайды және оларды табиғи сөйлеу жағдайында қолдануды үйренеді.

ЖИ оқушылардың лексикалық дамуын қолдауда дербес сөздік пен контекстік база құрып, әр оқушының жеке «сөздік картасын» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл деректер мұғалімге әр баланың сөздік қорындағы жетістіктер мен олқылықтарды нақты көруге көмектеседі.

Бақылап отырсақ, жасанды интеллект тіл үйрету процесін механикалық жаттығудан шығармашылық және танымдық әрекетке айналдырады. Ол оқушылардың сөздік қорын тек кеңейтіп қана қоймай, жаңа сөздерді өмірлік жағдайларда қолдануға, мағынасын түсінуге және сол арқылы тілдік тұлға ретінде дамуына ықпал етеді.

Нәтижелер

Жасанды интеллект (ChatGPT, Gemini, Copilot) платформаларын тілге бойлау сыныптарында қолдану тәжірибесі қазақ тілін меңгертудің сапалық деңгейін айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Бақылау нәтижелері бойынша, ЖИ құралдарын мақсатты және мұғалімнің әдістемелік жетекшілігімен пайдаланған жағдайда оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары кешенді түрде дамыды.

Біріншіден, ChatGPT негізіндегі рөлдік сөйлесулер мен диалогтық тапсырмалар оқушылардың ауызша тілдік белсенділігін арттырып, сөйлеу мәдениетін, өз ойын жүйелі жеткізу қабілетін қалыптастырды. Бұрын сөйлеуге ұялатын немесе белсенділігі төмен оқушылар да әңгімеге еркін араласып, тілдік қарым-қатынастың табиғи формасын меңгере бастады.

Екіншіден, Gemini платформасының визуалды және аудиовизуалды мүмкіндіктері тыңдалым мен мәтіндік түсінуді жетілдіруге әсер етті. Балалар бейнемәтін мен сурет негізінде ақпаратты талдап, контексті түсіну қабілетін дамытты. Бұл тәсіл тіл мен көру, есту арқылы қабылдау арнала-

рының байланысын күшейтіп, CLIL тәсілінің интеграциялық принципін жүзеге асырды.

Үшіншіден, Copilot және ChatGPT негізінде орындалған жазылым тапсырмалары оқушылардың орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығын арттырды. Оқушылар өз қатесін автоматты түрде көріп, оны саналы түрде түзетуге дағдыланды. Мұғалімдер ЖИ ұсынған аналитикалық есептер арқылы жиі қайталанатын қателерді бақылап, түзету жұмыстарының тиімділігін арттыра алды.

Төртіншіден, ЖИ-дің лексикалық кеңейту және баламалы сөздер ұсыну функциясы оқушылардың сөздік қорын байытуда жоғары нәтиже берді. Интерактивті ойындар («Сөзді тап»), диалогтық жаттығулар мен контекстік түсіндірулер арқылы оқушылар жаңа сөздердің мағынасын түсініп, оларды табиғи жағдайда қолдануға үйренді.

Сонымен қатар бақылау сабақтары көрсеткендей, ЖИ құралдарын шамадан тыс қолдану кейбір жағдайларда оқушының эмоциялық қатысуын төмендетіп, мәдени астарды жете сезінуге кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан жасанды интеллектті тіл үйретудің толық алмастырушысы емес, әдістемелік көмекші құралы ретінде қарастыру қажет.

Жалпы бақылау нәтижесінде ChatGPT қолданылған сабақтарда оқушылардың белсенділігі артқаны байқалды. Олар диалог жүргізуге, ойды жүйелі баяндауға және мәтінмен мағыналық байланыс орнатуға бейімделді. Айтылым барысында оқушылар өзара тыңдап, пікір алмасып, сөз мәдениетін сақтауға үйренді. Бұл тәсіл тілге бойлау әдісінің коммуникативтік бағытымен толық үйлеседі. Ол мұғалімге оқу үдерісін жеңілдетіп, оқушыға өз мүмкіндігін ашуға, тілдік және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға жол ашты. Нәтижесінде, тілге бойлау сыныптарында жасанды интеллект құралдарын қолдану тілдік құзыреттілікті дамытудың инновациялық әрі пәрменді бағыты ретінде өз тиімділігін толық дәлелдеді.

Қорытынды

Жасанды интеллект (ChatGPT, Gemini, Copilot) технологиялары тілге бойлау сыныптарында қазақ тілін меңгертудің жаңа мүмкіндіктерін ашып, оқыту процесін интерактивті, дараландырылған және уәжді жүйеге айналдырды. Оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және сөздік қор дағдылары өзара байланыста дамып, тіл үйрену процесі қызықты әрі мағыналы сипатқа ие болды. ЖИ құралдарын қолдану сабақтың мазмұнын байытып қана қоймай, оқушылардың сыни ойлауын, өз қателерін түзету және өзіндік пікір айту дағдыларын жетілдірді.

Сонымен бірге тәжірибе көрсеткендей, жасанды интеллект мұғалімнің кәсіби шеберлігін алмастырмайды, керісінше оны толықтырып, оқушы мен мұғалім арасындағы шығармашылық серіктестікке негіз болады. Тіл үйре-

тудегі эмоция, дауыс ырғағы, мәдени астар мен ұлттық реңк – тек адамдық қарым-қатынаста қалыптасатын құндылықтар. Сондықтан ЖИ-ды мұғалімнің әдістемелік бағыттаушысы ретінде қолдану – ең тиімді шешім.

Ұсыныстар:

– ЖИ құралдарын сабақта шамадан тыс қолданбай, нақты мақсатқа бағытталған қысқа тапсырмалармен шектеу қажет;

– мұғалім ЖИ ұсынған жауаптарды тілдік және мәдени тұрғыда түсіндіріп, түзету арқылы оқушының сыни ойлауын жетілдіргені жөн;

– қазақ тілін үйретуге бейімделген ұлттық жасанды интеллект платформаларын дамыту болашақтың өзекті міндеті болып табылады.

Осылайша, жасанды интеллект құралдарын педагогикалық тұрғыда ұтымды пайдалану қазақ тілін үйретудің мазмұнын жаңғыртып, оқушылардың тілге қызығушылығын арттырып, заманауи білім беру кеңістігінде қазақ тілінің беделін көтеруге үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Джадрина, М. Қазақ тіліне толық енуге арналған оқулық: әдістемелік нұсқаулық. – Астана: НЗМ, 2015. – 76 б.

2. Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592

3. ChatGPT орнына – Oylan, MangiSoz, Beynele және TilSync: қазақстандық жаңа 4 жасанды интеллектке шолу. – 18.07.2025. – URL: https://informburo.kz/kaz/kogam/chatgpt-ornyna-oylan-mangisoz-beynele-zane-tilsync-qazaqstandyq-zana-4-zana-zasandy-intellektke-solu

4. Zhai, C., Wibowo, S., Li, L. D. The effects of over-reliance on AI dialogue systems on students' cognitive abilities: a systematic review // Smart Learning Environments. – 2024. – Vol. 11. – Article 28. – DOI: 10.1186/s40561-024-00316-7.

5. Moorhouse, B. L. Generative Artificial Intelligence and Language Teaching. – Cambridge, 2025. – URL: https://www.cambridge.org/core/elements/abs/generative-artificial-intelligence-and-language-teaching/DD0BFB0E89E500723D033B1EEB025F01

6. Аль-Хрешех, М. Х. Соединяя технологии и педагогику с точки зрения глобального подхода: взгляды учителей на интеграцию ChatGPT в преподавание английского языка // Компьютеры и образование: Искусственный интеллект. – 2024. – Vol. 6. – Article 100218. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeai

7. Luckin, R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. – London: UCL Institute of Education Press, 2018.

8. Holmes, W., Bialik, M., Fadel, C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.

9. Hwang, G.-J., Chen, N.-S. Artificial intelligence in education: a review of recent research and applications // Educational Technology & Society. – 2021.

10. Alam, A., Mohanty, A. Cultural perspectives in AI-supported education: implications for language learning // Computers & Education: Artificial Intelligence. – 2023.

[1]Ж. Б. КАЖИГАЛИЕВА
[2]Р. М. КУРМАНСЕЙТОВА
[3]А. Ж. НУРБИКЕНОВА
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», филиал «Центр образовательных программ»[1]
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», филиал «International Steppe School of Astana by NIS»[2, 3]

ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОСВОЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА С ПОМОЩЬЮ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация. В статье рассматриваются эффективные пути использования технологий искусственного интеллекта (ChatGPT, Gemini, Copilot) в обучении казахскому языку. Исследование основано на опыте преподавания в классах «погружения в язык», где казахский язык выступает не только как предмет, но и как средство познания. Авторы анализируют возможности искусственного интеллекта в развитии навыков аудирования, говорения, чтения, письма и обогащения словарного запаса учащихся. Результаты показывают, что использование ИИ способствует активизации речевой деятельности учащихся, индивидуализации обучения и повышению эффективности методической работы учителя. Также выделены педагогические и культурные ограничения при использовании ИИ в процессе обучения.

Ключевые слова: казахский язык, языковое погружение, искусственный интеллект, ChatGPT, Gemini, Copilot, языковая компетенция, инновационные технологии.

[1] Z. B. KAZHIGALIYEVA
[2] R.M. KURMANSEITOVA
[3] A. Z. NURBIKENOVA
Nazarbayev Intellectual Schools AEO, «Center for Educational Programs» branch, Methodologist[1]
Nazarbayev Intellectual Schools AEO, «International Steppe School of Astana by NIS» branch[2, 3]

EFFECTIVE WAYS OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE THROUGH ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Abstract. This article explores the effective ways of using artificial intelligence technologies (ChatGPT, Gemini, Copilot) in teaching the Kazakh language. The study is based on the practical experience of teaching in "language immersion" classes, where Kazakh functions not only as a subject but as a medium of cognition. The authors analyze how AI can enhance listening, speaking, reading, writing, and vocabulary development skills. The findings demonstrate that AI tools increase learners' language engagement, support differentiated learning, and assist teachers in methodological planning. Ethical and cultural aspects of AI use in language teaching are also discussed, highlighting its role as a supportive, not substitutive, pedagogical tool.

Keywords: Kazakh language, language immersion, artificial intelligence, ChatGPT, Gemini, Copilot, linguistic competence, innovative pedagogy.

References

1. Jadrina M. Qazaq tılıne tolyq enuge arnalğan oqulyq: ädıstemelık nūsqaulyq [Textbook for Full Immersion into the Kazakh Language: Methodological Guide]. Astana: Nazarbayev Intellectual Schools, 2015. 76 p. [in Kazakh].

2. Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2024 jylğy 24 şıldedegı № 592 qaulysy «Jasandy intellekttı damytudyñ 2024-2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly» [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 592 dated July 24, 2024 "On Approval of the Concept for the Development of Artificial Intelligence for 2024–2029"]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 (accessed: 08.05.2026) [in Kazakh].

3. Informburo.kz. ChatGPT ornyna – Oylan, MangiSoz, Beynele jäne TilSync: qazaqstandyq jaña 4 jasandy intellektke şolu [Instead of ChatGPT –Oylan, MangiSoz, Beynele and TilSync: An Overview of Four New Kazakhstani Artificial Intelligence Platforms]. 18.07.2025. Available at: https://informburo.kz/kaz/kogam/chatgpt-ornyna-oylan-mangisoz-beynele-zane-tilsync-qazaqstandyq-zana-4-zana-zasandy-intellektke-solu (accessed: 08.05.2026) [in Kazakh].

4. Zhai C., Wibowo S., Li L.D. The Effects of Over-Reliance on AI Dialogue Systems on Students' Cognitive Abilities: A Systematic Review. Smart Learning Environments, 2024, vol. 11, article 28. DOI: https://doi.org/10.1186/s40561-024-00316-7.

5. Moorhouse, B.L. Generative Artificial Intelligence and Language Teaching. Cambridge: Cambridge University Press, 2025. Available at: https://www.cambridge.org/core/elements/abs/generative-artificial-intelligence-and-language-teaching/DD0BFB0E89E500723D033B1EEB025F01 (accessed: 08.05.2026).

6. Al-Khresheh, M.H. Bridging Technology and Pedagogy from a Global Perspective: Teachers' Views on Integrating ChatGPT in English Language Teaching. Computers and Education: Artificial Intelligence, 2024, vol. 6, article 100218. DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2024.100218.

7. Luckin, R. Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. London: UCL Institute of Education Press, 2018.

8. Holmes, W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.

9. Hwang, G.-J., Chen N.-S. Artificial Intelligence in Education: A Review of Recent Research and Applications. Educational Technology & Society, 2021.

10. Alam, A., Mohanty A. Cultural Perspectives in AI-Supported Education: Implications for Language Learning. Computers & Education: Artificial Intelligence, 2023.

Авторлар туралы мәлімет

Қажығалиева Жанат Башаринқызы – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының әдіскері, Астана қ. Қазақстан.

Кажигалиева Жанат Башариновна – автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы», филиал «Центр образовательных программ», методист, г. Астана, Казахстан.

Kazhigaliyeva Zhanat Basharinovna – Nazarbayev Intellectual Schools AEO, «Center for Educational Programs» branch, Methodologist, Astana c., Kazakhstan.

Құрмансейтова Рауан Мұратовна – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «International Steppe School of Astana by NIS» филиалы, бастауыш сынып мұғалімі, Астана қ. Қазақстан.

Курмансейтова Рауан Муратовна – автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы», филиал «International Steppe School of Astana by NIS», учитель начальных классов, г. Астана, Казахстан.

Kurmanseitova Rauan Muratovna – Nazarbayev Intellectual Schools AEO, «International Steppe School of Astana by NIS» branch, Primary School Teacher, Astana c., Kazakhstan.

Нурбикенова Асемгуль Жанабаевна – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «International Steppe School of Astana by NIS» филиалы, бастауыш сынып мұғалімі, Астана қ. Қазақстан.

Нурбикенова Асемгуль Жанабаевна – автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы», филиал «International Steppe School of Astana by NIS», учитель начальных классов, г. Астана, Казахстан.

Nurbikenova Asemgul Zhanabaevna – Nazarbayev Intellectual Schools AEO, «International Steppe School of Astana by NIS» branch, Primary School Teacher, Astana c., Kazakhstan.

ХҒТАР 16.21.47
DOI

С.Қ. ҚҰЛМАНОВ
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
(e-mail: sarsenkulmanov@gmail.com)

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖАРЫСПАЛЫЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮРТКІЖАЙТТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада жалпы және қазақ тіл біліміндегі термин жарыспалылығы (синонимділік, дублеттілік, варианттылық) құбылысының табиғатына, қалыптасу себептеріне және құрылымдық-семантикалық ерекшеліктеріне арналған зерттеулерге сүйене отырып және тілдік материалдарға талдау жасау барысында ғылыми тұжырымдар жасалды. Зерттеуде терминологиядағы жарыспалылыққа қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың (О.С. Ахманова, Д.С. Лотте, В.М. Лейчик, С.В. Гринев, Ш.Құрманбайұлы және т.б.) теориялық көзқарастары сараланып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданды.

Мақалада терминологиялық жарыспалылықтың негізгі тілдік себептерінің бірі ретінде бір ұғымның бірнеше атаумен берілуі нәтижесінде терминдік бірізділіктің сақталмауы, ғылыми мәтіндер мен аударма тәжірибесінде мағынаның дәл берілмеуі және қолданыстағы әркелкілік мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар жарыспалы терминдердің пайда болуына әсер ететін түрткіжайттар – кірме терминдердің молдығы, ұлттық балама жасау үдерісі, әртүрлі ғылыми салалардағы ұғымдық ерекшеліктер, аудармадағы баламалау стратегиялары жан-жақты сипатталды.

Зерттеу нәтижесінде қазақ терминологиясындағы жарыспалылықтың құрылымдық тұрғыдан шет тілдерінен енген түбір және туынды терминдерді, біріккен сөздерден, қос сөздерден және сөз тіркестерінен тұратын терминдік бірліктерді аудару барысында көрініс беретіні анықталды. Мақалада терминдерді сұрыптау мен жүйелеу, морфемдік, лексика-семантикалық, функционалды-семантикалық талдау және синхрондық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар қазақ тіліндегі ғылыми аударма мен терминологияны біріздендіру мен стандарттауға теориялық және практикалық негіз бола алады.

Түйін сөздер: терминология, терминдік синонимділік, терминдік дублеттілік, терминдік жарыспалылық, ғылыми аударма, төл терминдер, кірме терминдер, балама терминдер.

Кіріспе

Тіл білімінде мағыналары бір-біріне тең, бірінің орнына бірі қолданылып, синонимдік қатар құрай алатын, жазылуы мен айтылуы әртүрлі тілдік бірліктер «жарыспалы сөздер» деп аталады. Мысалы, *асқақ, өршіл* (амбициозный); *сәулеткер, сәулетші, сәулет өнерпазы* (архитектор); *салтанат, рәсім* (церемония); *мемлекет иелігінен шығару, ұлттық меншіктен айыру, ұлт меншігінен алу* (денационализация); *текетірес, өштесу, егес, тайталас* (конфронтация); *іске асыру, жаратым, жарату* (реализация); *үстеме, үстемеақы, үстелім* (надбавка); *айыпақы, тұрақсыздық айыбы, тұрақсыздық төлемі, сертті айып* (неустойка); *торап, желі, түйін* (сеть); *қорытынды, дәйектеме, тұжырым* (заключение); *сыбайлас, амалдас, айлас, әрекеттес, ымжымдас* (сообщник); *жалтарма жауап, сырғытпа жауап* (отписка) және т.б. Мұндай құбылыс әсіресе қазіргі кезде кез келген тілдің терминологиясында белең алып, *термин синонимділігі, термин дублеттілігі, термин варианттылылығы, термин жарыспалылығы* деп аталып жүр.

Тілші ғалымдар терминологиядағы бұл құбылысқа қатысты екі түрлі көзқарасты ұстанады:

1) бір топ ғалымдар (О.С. Ахманова, Д.С. Лотте, А.А. Реформатский және т.б.) терминологияда «синонимділікке (дублеттілік, варианттылық, жарыспалылық) орын жоқ» деп есептеп, бұл құбылыс әртүрлі ғылым салаларында терминдерді біріздендіруді қиындатады деген пікірде;

2) кейбір зерттеушілер (В.М. Лейчик, С.В. Гринев, К.Я. Авербух, В.А. Татаринов, Г.О. Винокур, Б.Н. Головин, В.П. Даниленко, В.М. Турчин және т.б.) мұндай құбылысты терминологияда «болуы мүмкін әрі орынды» деп есептейді және ол терминологияны байытуға және оны халықаралық стандарттармен үйлестіруге мүмкіндік береді деп санайды. Осы тұрғыдан алғанда, терминологиядағы синонимдік қатарлар, дублет атаулар мен жарыспалы қолданыстардың пайда болу себептері, қызметі мен шектеулері арнайы талдауды қажет етеді.

Мақалада терминологиядағы синонимділік, дублеттілік және варианттылық мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында бұл құбылыстардың ұғымдық шекарасы, өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалып, олардың ғылыми дискурстағы орны мен терминжасам үдерісіндегі рөлі талданады. Сонымен қатар әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттар өкілдерінің көзқарастары салыстырылып, терминологиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуындағы аталған құбылыстардың маңызына баға беріледі.

Ғалымдардың бір тобы терминологияда синонимия құбылысының бар екендігін мойындап, мынадай пікірлер айтады: терминологияда *мағыналық, формалық, функционалдық* және *стилистикалық синонимдер* болады

(В.М. Лейчик), «жарыспалы» (вариант) терминдер *абсолютті синонимдер мен баламаларға* (эквиваленттерге) жіктеледі (С.В. Гринев), терминнің варианттары ретінде тек *абсолютті синонимдер* (дублеттер) саналады (К.Я. Авербух), терминдік синонимдер мынадай түрлерге бөлінеді: *формалық-құрылымдық варианттар, ономасиологиялық варианттар және синонимдердің өзі* (В.А. Татаринов); кейбір терминологтардың пікірінше: «терминологияда кездесетін *абсолютті синонимия* – мағына жағынан да, стилистикалық реңк тұрғысынан да айырмашылығы жоқ синонимдер» (І.М. Кочан).

Кейбір ғалымдар (В.П. Даниленко) терминологиядағы *дублеттілік* пен *синонимияны* бірдей мәнде қолданып, оларды баламалы ұғымдар ретінде қарастырса, енді бір зерттеушілер (Е.А. Иванникова, С.Д. Шелов) дублеттерді тек абсолютті синонимдер ретінде қарастырып, терминдік дублеттерді терминдік синонимияның ерекше түрі ретінде санайды.

Енді бір топ ғалымдар (Е.Н. Толикина, А.П. Коваль, И.С. Квитко, С.В. Гринев-Гриневич) терминологияда «синоним терминдер» болмайды деп, «дублет терминдер» деген атауды ғана қолданады.

Кейбір ғалымдар «терминологиядағы синонимия» немесе «дублеттілік» құбылысын «жарыспалылық» (вариантность) терминімен атайды (Е.В. Карпинская, Л.К. Граудина, В.П. Даниленко; Е.В. Смирнова).

Мақалада соңғы пікір негізге алына отырып, «жарыспалылық» термині қолданылды және аталған құбылысқа негізгі себеп болатын лингвистикалық түрткіжайттар, атап айтқанда, аударма барысында туындайтын жарыспалы қолданыстардың құрылымдық-семантикалық сипаты қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Тіл білімінде терминологиядағы синонимия, дублеттілік, варианттылық (жарыспалылық) туралы пікірлер түрліше болып келеді. Мысалы, В.М. Лейчик дублеттерге мағынасы бірдей, бірақ түбірі әртүрлі сөздер жататынын айта келе, термин мағынасының терминологиялық емес лексикалық бірліктермен, мысалы, әдеби тілге жатпайтын жаргон, кәсіби сөздер немесе диалектизмдермен сәйкес келген жағдайларды синонимия ретінде қарастырады [1, 103-107]. Ал Р.М. Шамилов дублет терминдердің қолданылуын «күрделі ғылыми терминдердің орнына ауызекі тіл, жаргон, диалектизм немесе орыс тектес сөздер сияқты неғұрлым таныс тілдік бірліктерді пайдалану арқылы ақпаратты жеңілдетіп жеткізу тәсілі» және «бұл тәсіл ғылыми-техникалық терминдерді кең аудиторияға, әсіресе кәсіби білімі жоқ немесе төмен тұтынушыларға түсінікті ету мақсатында қолданылады» деп түсіндірсе [2, 169], Е.В. Смирнованың пікірінше, термин дублеттілігі кейбір терминдердің халықаралық (латын немесе грек текті) және ұлттық баламасының қатар қолданылуы, ең алдымен,

осы ұғымды ана тілінің құралдарымен түсіндіруге деген талпыныстан туындайды [3, 192].

Зерттеуші Б. Жөнкешов «синоним терминдер», «балама терминдер», «толық синоним терминдер», «шартты синоним терминдер», «вариант терминдер», «дублет терминдер» ұғымдарының айырмасын былайша ашып көрсетеді: «*Синоним терминдер* – бір тіл аясында мағынасы бірдей не өте жақын келетін, тең мағыналы терминологиялық бірліктер. Ал *балама терминдер* көбіне өзге тілдердегі терминологиялық жүйелерден алынған, аударма сөздіктер арқылы ұсынылатын және қазақ тіліндегі терминдерге мағыналық тұрғыдан жуық келетін атаулар болып табылады. Мағынасы толық сәйкес келетін терминдер *толық синонимдер* деп аталады, ал мағыналық сәйкестігі жартылай ғана болатындары *шартты синоним* терминдер ретінде қарастырылады. Терминнің формалық өзгеріске түсуі нәтижесінде қалыптасқан бірліктер *вариант терминдер* деп танылып, олар толық синонимдер қатарына жатады. Ал *дублет терминдер* – түрлі формада қолданылғанымен, мағынасы жағынан абсолютті тең синонимдер» [4].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, «терминологиядағы синонимділік» немесе «дублеттілік» ретінде негізінен «жарыспалылық» құбылысы түсініледі (мысалы, *офтальмолог – окулист* және т.б.) [5, 185; 3, 191].

Терминтанушы Ш. Құрманбайұлы бірнеше нұсқада жарыспалы қолданылатын терминдерге *интернет – ғаламтор, ұялы телефон – қалтателефон, публицистика – көсемсөз, қоғамсөз* және т.б. мысалдар келтіре отырып, терминдердің бірізді қолданылмауының негізгі екі себебін былайша көрсетеді: 1) бекітілген терминдерді жұртшылыққа дұрыс жеткізіп, олардың қолданылуын үйлестірудің әлсіздігі; 2) термин жасау мен бекіту жұмыстарының кәсіби деңгейде жүргізілмеуі [6, 85-89].

Қазіргі кездегі қазақ тіліндегі ғылыми аудармада варианттылық пен жарыспалылық заңды құбылыс саналады. Ғалым Қ.Айдарбек бастапқыда «личный счет» – «бетесеп», «жеке есеп», «экстрасенс» – «болжамгер», «емгер», «патриот» – «елжанды», «ұлтжанды», «отансүйгіш» тәрізді баламалар қатар жүргенін айта келе, термин жасау барысында бір нұсқа барлық мағынаны қамтымайтынын мынадай мысалдармен түсіндіреді: ««status» сөзі «мәртебе» деп аударылғанмен, ол «құқықтық жағдай» ұғымын дәл жеткізбейді, өйткені «мәртебе» көбіне «абырой, дәреже» мағынасымен шектеледі» [7, 265-268].

Зерттеушілер терминологиядағы жарыспалылық құбылысының пайда болуын түрліше түсіндіреді. Мысалы, В. Пилецкийдің пікірінше, бұл құбылыс мәтіндерде арнайы атаулардың орнына кей жағдайларда, мысалы, а) шет тілінен енген терминнің ғылыми мәнін ашу мен түсіндіру мақсатында; ә) ұғым

шекарасы айқын болмаған жағдайда ойды нақты жеткізу үшін; б) мәтінде бір сөздің немесе тіркестің қайталануын болдырмау үшін екінші терминдік атауларды қолданудан туындайды [8, 116].

Ғалым Қ.Айдарбек қазіргі қазақ терминологиясында жиі байқалатын терминдердің жарыспалылық құбылысының қалыптасуына: «а) бірнеше кірме атаулардың қолданылуы; ә) қазақ тілінде термин бола тұрып, кірме термин қабылдау; б) кірме терминге эквивалент ретінде неологизм жасау» негіз болады десе [8, 265], зерттеуші Б. Жонкешов терминдік жарыспалылықтың пайда болуына әсер ететін мынадай үш негізгі түрткіжайтты атайды: 1) кірме сөздердің молдығы – бұл байырғы және кірме терминдердің қатар қолданылуына себеп болады (мысалы, *тіл білімі – лингвистика*); 2) синонимдердің бірін метонимиялық мағынада қолдану (мысалы, *лексика – сөздік*); 3) әртүрлі ғылыми салалардағы көзқарастардың ерекшелігі – бір ұғым түрлі атауға ие болуы мүмкін (мысалы, *лавсан* – сауда атауы, *терепласт* – техникалық атау, *полиэтилентерефталат* – химиялық атау) [4].

Кейбір зерттеушілер жарыспалылықтың (термин-синонимдердің) қалыптасуына: «1) шеттілдік терминнің орнына халық ұсынған перифразалық атаулардың *(онкологиялық ауру – қатерлі ісік – жаман ауру, туберкулез – құрт ауруы – өкпе ауруы, президент – елбасы – мемлекет басшысы);* 2) шеттілдік термин мен оның аударма баламасының (*операция – ота, реанимация – жан-сақтау, гимн – әнұран, организм – ағза* және т.б.) және 3) төл терминдердің орнына шет тілдік баламалардың қолданылуы *(ауызашар – ифтар, тұсаукесер – презентация, бәссауда – аукцион»)* себеп болады десе [9, 136-137], енді бір зерттеулерде терминдердің жарыса қолданылуының негізгі екі түрі көрсетіледі: а) қазақ тіліндегі термин мен оның орыс тіліндегі немесе орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен енген нұсқасы қатар қолданыста жүреді, яғни кірме атау мен төл балама бір ұғымды білдіру үшін параллель түрде жұмсалады; ә) орыс тіліндегі немесе орыс тілі арқылы енген бір терминнің қазақ тілінде бірнеше баламасы ұсынылып, олардың барлығы ғылыми және ресми мәтіндерде қатар қолданылады [10, 93].

Мақалада жалпы тіл білімі мен қазақ тіл біліміндегі терминология саласында синонимділік, дублеттілік және жарыспалылық құбылыстарына арналған ғылыми-теориялық зерттеулер кеңінен қамтылды. Зерттеу барысында қазіргі қазақ терминологиялық қорының нақты тілдік деректері негізгі материал ретінде алынып, аталған құбылыстардың қалыптасуы мен дамуында рөл атқаратын лингвистикалық түрткіжайттарды айқындау мақсаты көзделді. Осы мақсатқа сәйкес терминологиялық бірліктерді іріктеу, сұрыптау және жүйелеу жұмыстары жүргізіліп, олардың құрылымдық ерекшеліктерін анықтау үшін морфемдік (құрылымдық) талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар термин-

дердің мағыналық жіктелуін, ұғымдық арақатынасын және семантикалық аясын нақтылау мақсатында лексика-семантикалық топтау жүзеге асырылды. Терминдердің қолданыс ерекшеліктері мен қызметтік жүктемесін ашу үшін жүргізілген функционалды-семантикалық талдау әдісі олардың ғылыми мәтіндегі орны мен прагматикалық қызметін саралауға септігін тигізеді. Зерттеу синхрондық тәсіл негізінде жүргізілгендіктен, қазіргі кезеңдегі қазақ терминологиясының жай-күйі, ішкі жүйелік байланыстары мен даму үрдістерін айқындауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Салалық терминологиялық сөздіктерге тіркелген және БАҚ-та кездесетін терминдердің лингвистикалық, оның ішінде шет тілдерінен енген терминдер мен оларды аудару барысынан туындаған жарыспалы қолданылуын қарастыра келе, оларды құрылымы жағынан төмендегіше жіктеуге болады:

1) орыс тіліне еуропа тілдерінен енген түбір терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық:

- сол терминнің өзінің және оның баламасының (түбір сөз) қолданылуы: *процесс – процесс, үдеріс, үрдіс; функция – функция, қызмет; квота – квота, үлес; модель – модель, үлгі; пост – пост, бекет; брокер – брокер, делдал; авария – авария, апат; бизнесмен – бизнесмен, кәсіпкер* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оның баламасының (туынды сөз) қолданылуы: *адресант – адресант, сөйлеуші; номенклатура – номенклатура, атау; диверсификация – диверсификация, әртараптандыру; инфляция – инфляция, құнсыздану; амортизация – амортизация, өтелім; арбитражер – арбитражер, төрелікші; диспонент – диспонент, басқарушы; олигархия – олигархия, шонжарлық; олигополия – олигополия, өктемдік; стагфляция – стагфляция, тұралау; сюрвейер – сюрвейер, сарапшы* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оның екі сөзден құралған баламасының (баламаларының) қолданылуы: *эстамп – эстамп, нақыштаңба; магистраль – магистраль, күрежол, күресым, альвеола – альвеола, қызылиек* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оның қос сөзден тұратын баламасының қолданылуы: *миграция – миграция, көші-қон; мигрант – мигрант, көшіп-қонушы* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оның сөз тіркесінен тұратын баламасының қолданылуы: *иммиграция – иммиграция, көшіп келу; абзац – абзац, азат жол; аджуванто – аджуванто, жасанды тіл; афоризм – афоризм, нақыл сөз; патруль – патруль, күзет шолу; аккредитив – аккредитив, сенімгерлік тапсырым; инаудит – инаудит, ішкі аудит; инвестор – инвестор, қаражат салушы* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оның әртүрлі тұлғадағы (түбір, туынды, қос

сөз, біріккен сөз, сөз тіркесі) баламаларының қолданылуы: *новация – новация, жаңартпа, жаңалық; лингвистика – лингвистика, тіл білімі, тіл ғылымы, тілтаным; принцип – принцип, қағидат, ұстаным; девальвация – девальвация, құнсыздану, бағаны түзеу; классификатор – классификатор, сыныптауыш, жіктегіш, топтастырғыш, жіктеуіш, сыныптаушы, жіктеуші, таптастырушы; бюрократизм – бюрократизм, төрешілдік, кеңсешілік; модификация – модификация, түрлендіру, өзгерім, жетілдіру, өзгерту, түрлену, жаңарту, түрленім; юрисдикция – юрисдикция; заңдық құзыры, заң құзыреті, құқықтық өкілеттік; дивиденд – дивиденд, үлесақы, үлеспайда; досье – досье, дерекнама, деректеме; консорциум – консорциум, бірлестік, уақытша келісім; фактор – фактор, ықпал, түрткіжайт; эскалация – эскалация, ушығу, өршу, өршіту, ушықтыру, күшею; регламент – регламент, ісереже, тәртіп, уақыт тәртібін реттеу, реттеме, уақыт тәртібі* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оның қазақ тілінің заңдылығына бейімделген нұсқасының қолданылуы: *инспектор – инспектор, інспектір; автослесарь – автослесір, автослесар* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оның қазақ тілінің заңдылығына бейімделген нұсқасы мен баламасының қолданылуы: *табель – табель, тәбіл, тізімдік* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оған қазақ тілінің жұрнағын жалғау арқылы жасалған терминнің қолданылуы: *авалист – авалист, авальшы; консигнатор – консигнатор, консигнатшы* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оған қазақ тілінің жұрнағын жалғау арқылы жасалған сөз бен әртүрлі тұлғадағы (туынды, біріккен, сөз тіркесі) баламасының (баламаларының) қолданылуы: *аккредитация – аккредитация, аккредиттеу, тіркеу; таксация – таксация, таксалау, есептеп бағалау, баға кесу; траст – траст, трасты, трастылық, сенімгерлік* және т.б.;

- сол терминнің өзінің және оған қазақ тілінің жұрнағы жалғанған сөз бен қазақ сөзі тіркесінің қолданылуы: *брокераж – брокераж, брокераждық сыйақы* және т.б.;

- сол терминнің түбіріне қазақ тілінің жұрнақтарын жалғау арқылы жасалған бірнеше терминнің қолданылуы: *экспортер – экспорттаушы, экспортшы* және т.б.;

- сол терминнің түбіріне қазақ тілінің жұрнағын жалғау және әртүрлі тұлғадағы (туынды, біріккен, сөз тіркесі) баламасының (баламаларының) қолданылуы: *лимитирование – лимиттеу, шектеу; аморфность – аморфтық, тұлғасыздық, түрсіздік; актуализация – актуалдау, өзектілендіру, өзектілену, өзектендіру, өзекті сипат беру; таргетирование – таргеттеу, нысана-*

лау; реновация – реновациялау, қайта жаңарту, қайта жаңартпа, қайта жаңғыртпа және т.б.;

- сол терминнің түбір тұлғасы және оған қазақ тілінің қосымшасын жалғау арқылы жасалған терминнің қолданылуы: *абсолютно – абсолют, абсолютті* және т.б.;

- сол терминнің түбіріне қазақ тілінің жалғауларын жалғау арқылы жасалған бірнеше терминнің қолданылуы: *декапитализация – капиталсыздандыру, капиталсыздану* және т.б.;

- сол терминнің түбіріне қазақ тілінің жалғауларын жалғау арқылы жасалған терминнің және баламасының қолданылуы: *сбалансированность – баланстылық; теңгерімділік* және т.б.;

- сол терминнің түбірі мен қазақ тіліндегі сөздің тіркесуі: *реинвестиция – қайта инвестициялау, кері инвестиция* және т.б.;

- сол терминнің түбірі мен қазақ тіліндегі сөздің тіркесуі және баламасының қолданылуы: *регрессант – регресс қоюшы, кері талап қоюшы; реимпорт – кері импорт, кері қайтарылған импорт* және т.б.;

- қазақ тіліндегі бірнеше сөздің (сөз тіркесінің) қолданылуы: *мотив – уәж, түрткі; амбициозный – өршіл, асқақ; трактация – талқыланым, талқылама; реагирование – ден қою, жауап қайтару; реструктуризация – қайта құрылымдау, құрылымын өзгерту; церемония – рәсім, салтанат; денационализация – мемлекет иелігінен шығару, ұлт меншігінен алу, ұлттық меншіктен айыру; конфронтация – текетірес, егес, өштесу, тайталас; реализация – жаратым, жарату, іске асыру* және т.б.;

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген бір түбірлі терминдердің баламасы ретінде сол терминнің өзінің және бірнеше сөздің (сөз тіркесінің) қолданылуы: *нарколог – нарколог, наркология – наркология; наркомания – нашақорлық; наркотик – есірткі; наркобизнес – есірткі бизнесі; наркомания – нашақорлық; наркоторговля – есірткі саудасы; наркобизнес – есірткі бизнесі; конфликт – жанжал, тартыс; қақтығыс; конфликтология – конфликтология* және т.б.;

2) орыс тіліне еуропа тілдерінен енген күрделі (біріккен, қос) терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық:

- екі сөзден біріккен терминнің баламасы ретінде сол терминнің өзі және біріккен сөзден тұратын баламасының қолданылуы*: квалиметрия – квалиметрия, сапаөлшеуіш* және т.б.;

- екі сөзден біріккен терминнің баламасы ретінде сол терминнің өзінің және оның құрамындағы сөз бен қазақ тілінің сөзінен тұратын тіркестің қолданылуы: *гиперинфляция – гиперинфляция, әсіре инфляция* және т.б.;

- екі сөзден біріккен терминнің баламасы ретінде сол терминнің өзінің және

сөз тіркесінен тұратын баламасының қолданылуы: *коммивояжер – коммивояжер, қыдырма саудагер* және т.б.;

- қос сөзден тұратын терминнің баламасы ретінде сол терминнің және оның әртүрлі нұсқаларының қолданылуы: *смарт-карта – смарт-карта, зияткерлік-карта; программист-аналитик – аналитик-программалаушы, талдамашы-бағдарламашы; агент-делькредере – агент-делькредере, делькредере агент; банк-кастодиан – банк-кастодиан, кастодиан-банк* және т.б.;

- қос сөзден тұратын терминнің баламасы ретінде сол терминнің құрамындағы бір сөз бен қазақ тіліндегі бір сөзден тұратын қос сөздің қолданылуы: *банк-гарант – кепілгер-банк, кепіл-банк* және т.б.;

3) бір сыңары орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөзден, екінші сыңары орыс тілінің сөзінен құралған қос сөзден тұратын күрделі терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық:

- сол терминнің өзінің және сыңарларының аударылып (немесе аударылмау) қолданылуы: *брутто-ставка – брутто-ставка, брутто-мөлшерлеме, жалпы ставка* және т.б.;

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының сол қалпында, ал орыс тіліндегі сыңарының аударылуы және баламасының қолданылуы: *дом-музей – музей-үй, мұражай* және т.б.;

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының сол қалпында, ал орыс тіліндегі сыңарының аударылып және екі сыңарының да аударылып қолданылуы: *стоп-лист – стоп-парақ, тоқтатым-парақ* және т.б.;

- еуропа тілдерінен енген сыңарының сол қалпында, ал орыс тіліндегі сыңарының аударылып қолданылуы: *кинолетопись – киножылнама, киношежіре* және т.б.;

- еуропа тілдерінен енген сыңарының сол қалпында, ал орыс тіліндегі сыңарының аударылып қолданылуы және баламасының қолданылуы: *автозаправщик – автоқұйғыш, автожанармайқұйғыш, автоқұйғы, жанармай құюшы; ресурсосбережение – ресурстарды үнемдеу, қорүнемдеу, ресурс сақтау, ресурсты сақтау* және т.б.

4) орыс тіліндегі терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық:

- сол терминнің өзі және екі немесе одан да көп сөзбен алынуы: *боевик – боевик, содыр, жаугер* және т.б.;

- бір түбірден тараған бірнеше сөзбен (біріккен сөзбен) аударылуы: *выработка – өндірім, өнімділік, өнім; закладная – кепілхат, кепілдеме* және т.б.;

- бірнеше сөзбен немесе сөз тіркесімен аударылуы: *надбавка – үстелім, үстеме ақы, үстеме, үстемеақы; неустойка – айыпақы, сертті айып, тұрақсыздық айыбы, тұрақсыздық төлемі; обострение – шиеленісу, асқыну, өршу,*

ұшығу, дежурный – кезекші, сақшы, күзетші; заключение – қорытынды, тұжырым, дәйектеме; предоставление – беру, ұсыну, табыс ету, берілу; сообщник – сыбайлас, айлас, амалдас, ымжымдас, әрекеттес; соображение – ой-пайым, парық, ой-пікір, түсінік, есеп, пайым, ой, ниет, пікір; разгосударствление – мемлекет меншігінен шығару, мемлекет иелігінен алу; отписка – сырғытпа жауап, жалтарма жауап және т.б.;

- сол сөзге қазақ тілінің жұрнағы жалғану арқылы аударылуы және баламасының қолданылуы: *награждение – наградтау, марапаттау* және т.б.;

- бір сөзге әртүрлі қосымшалар (жұрнақтар, жалғаулар) жалғану арқылы аударылуы: *залужение – шалғындандыру, шалғындану; уязвимость – осалдылық, осалдық; своевременность – уақытылылық, уақыттылық, өзуақыттылық* және т.б.;

- екі сөзден біріккен терминнің бірнеше сөз тіркесімен аударылуы: *правопреемник – біреудің құқығын ауыстырып алушы, құқықтық мұрагер, құқықтық мирасқор, заңды мұрагер; наукоемкость – ғылымды қажетсінушілік, ғылыми қамтымдық, ғылымды қажетсіну, ғылыми қамтымдылық* және т.б.;

- бірнеше сөзден құралған терминдік тіркестің бірнеше сөз тіркесімен аударылуы: *время обслуживания – қызмет көрсету уақыты, қызмет ету уақыты; время простоя – қаңтарылу уақыты, тұрып қалу уақыты; насыщение спроса – сұранысты молықтыру, сұранысты толықтыру; научная деятельность – ғылыми қызмет, ғылыми іс-әрекет; приветственное слово – құттықтау сөз, ілтипат сөз* және т.б.;

5) қазақ тіліндегі сөздерді аудару барысында туындаған жарыспалылық:

- орыс тіліне еуропа тілдеріне енген бірнеше сөздің баламасы ретінде қолданылуы: *делдал – брокер, дилер, маклер; шегерім – бонус, дисконт; атаулы – адресный, номинальный; бедел – авторитет, репутация* және т.б.

- орыс тіліне еуропа тілдеріне енген және орыс тілі сөздерінің баламасы ретінде қолданылуы: *жария – легальный, публичный, гласный; заңды – легальный, законный, юридический; заңсыз – неправомерный, незаконный; теріс – неправомерный, отрицательный, негативный; дербес – лицевой, самостоятельный, частный, персональный, автономный; заңдылық – легитимность, законность, закономерность; тәртіп – дисциплина, режим, порядок, правила, распорядок; жасырын – латетный, негласный, скрытый, анонимный, тайный* және т.б.

- орыс тілі сөздерінің (сөз тіркесінің) баламасы ретінде қолданылуы: *мәжбүрлеу – принуждение, понуждение; өтініш – обращение, заявление; ұйғарым – определение, предписание; айғақ – свидетельство, показание, улика, доказательство; пиғыл – побуждение, намерение, умысел; жаза – наказание, взыскание, кара; бүлікші – бунтовщик, мятежник; айып – начет, вина, штраф; кепілхат – гарантийное письмо, закладная* және т.б.

6) сөз тіркестерін аудару барысында туындаған жарыспалылық:

а) орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз бен орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз тіркесінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы:

- бір сыңарының бірдей, екінші сыңарының түрліше аударылуы: *словарная статья – лұғаттық мақала, сөздік мақала; консолидация займов – қарызды шоғырландыру, қарыздарды бірлестіру* және т.б.;

- сыңарларының бірдей, әртүрлі жұрнақтар жалғануы арқылы аударылуы: *документация проектная – жобалық құжаттама, жобалау құжаттамасы; профессиональная ориентация – кәсіптік бағдар, кәсіби бағдар; диверсификация концентрическая – шоғырландырмалы әртараптандыру, шоғырландырылған әртараптандыру* және т.б.;

- сыңарларының аударылмай, қазақ тілінің жалғаулары жалғануы: *комитет кредиторов – кредиторлар комитеті, кредиттеушілер комитеті; пластиковая карточка – пластикалық карта, пластик карточка; тариф конвенционный – конвенциялық тариф, конвенциялық тарифтеу; трастовые операции – трастылық операциялар, трасталық операциялар, трастық операциялар; кредит акцептный – акцепт кредиті, акцептік кредит, акцептілік кредит, акцепттік кредит* және т.б.;

- сыңарларының аударылмай, қазақ тілінің жалғаулары жалғануы немесе сөз тіркесімен аударылуы: *дублирование фильма – фильмді дубляждау, фильмге дубляж жасау* және т.б.;

- сыңарларының аударылмай, қазақ тілінің жалғаулары жалғануы және қазақ тілінің заңдылығына бейімделуі: *журнал станционный – стансалық журнал, стансалық жұрнал* және т.б.;

- сыңарларының әртүрлі аударылуы: *рынок региональный – аймақтық рынок, өңірлік нарық* және т.б.;

- бір сыңарының аударылмай, екінші сыңарының бірдей түбірмен немесе бір түбірден тараған сөздермен аударылуы: *маркетинговый контроль – маркетингілік бақылау, маркетингтік бақылау; банковская ликвидность – банк өтімділігі, банктік өтімділік; дисконтная политика – дисконт саясаты, дисконттық саясат; лизинг компенсационный – өтемақылық лизинг, өтемдік лизинг; маржа гарантийная – кепілді маржа, кепілдікті маржа; абонентская плата – абоненттік төлем; абоненттік төлемақы; акт экспертизы – сараптама актісі, сараптау актісі, сараптама акті; аналитические материалы – талдамалық материалдар, талдау материалдары* және т.б.;

- бір сыңарының аударылмай, бір сыңарының әртүрлі аударылуы: *бюджетная классификация – бюджеттік сыныптама, бюджеттік жіктеме; коммерческий риск – коммерциялық тәуекел, коммерциялық қатер; бюджетный процесс – бюджет процесі, бюджет үдерісі, бюджеттік іс*

жүргізу; валютные блоки – валюталық блоктар, валюталық одақтар; рентабельность активов – активтердің пайдалылығы, активтердің тиімділігі, активтердің табыстылығы, активтердің қайтарылымдылығы; риск инвестиционный – инвестициялық тәуекел, инвестициялық тәуекелділік, инвестициялық қауіп; баланс консолидированный – шоғырландырылған баланс, бірлестірілген баланс, консолидтелген баланс және т.б.;

- бір сыңарының бірдей, ал екінші сыңарының аударылмауы немесе әртүрлі аударылуы: *политика фискальная – қазыналық саясат, қазына саясаты, фискальдық саясат; политика девизная – девиздік саясат, ұраншыл саясат; нефундированные займы – фундирленбеген қарыздар, тиянақсыз қарыз; рынок форвардный – форвардтық нарық, жетекші нарық; рыночный механизм – нарық тетігі, нарықтық механизм* және т.б.;

- бір сыңарының аударылмауы, екінші сыңарының бірде аударылуы, бірде аударылмауы: *идентификационный код – сәйкестендіру коды, идентификаттау коды; норма амортизации – тозымпұл нормасы, өтемпұл нормасы, амортизация нормасы; норма рентабельности – тиімділік нормасы, пайдалылық нормасы, рентабелділік нормасы; тариф автономный – дербес тариф, автономды тариф; трастовая компания – трастылық компания, сенімгерлік компаниясы; амортизационный фонд – амортизациялық қор, өтелім қоры* және т.б.;

- бір сыңарының қазақ тілінің заңдылығына бейімделуі, екінші сыңарының аударылуы: *национальный режим – ұлттық режім, ұлт тәртібі* және т.б.;

- сыңарларының әртүрлі аударылуы: *партнерство некоммерческое – бейкоммерциялық әріптестік, коммерциялық емес серіктестік; режим экономии – үнем режімі, үнемдеу режімі, үнемдеу тәртібі, үнем тәртібі; рентабельность капитала – капиталдың пайдалылығы, капиталдың тиімділігі, капиталдың рентабельділігі* және т.б.

ә) орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз бен орыс тілі сөзінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы:

- сөз тіркестерімен аударылуы: *номинальная стоимость – нақты құн, атаулы құн; потенциальный поставщик – әлеуетті өнім беруші, ықтимал өнім беруші, әлеуетті жеткізуші; ликвидные средства – өтімді қаражат, өтімді құралдар; аналитическая записка – талдаухат, талдамалық жазба; контракт срочный – мерзімді келісімшарт, жедел келісімшарт; фиксированные цены – тіркелген баға, келісімді баға; валюта иностранная – шетел валютасы, шетелдік валюта; капитал оборотный – айналым капиталы, айналымдағы капитал; коммандитное товарищество – сенімгерлік серіктестік, сенім серіктестігі; гармонизация налогов – салықтарды үйлесімдендіру, салықтарды үйлестіру* және т.б.;

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының аударылмауы, орыс тіліндегі сыңарының әртүрлі қосымшалы сөзбен аударылуы *норма выработки – өндірім нормасы, өндіру нормасы; маркетинг развивающий – дамытушы маркетинг, дамушы маркетинг; биржевая паника – биржа дүрбелеңі, биржалық әбігерлік, биржадағы үрей; биржевая сводка – биржалық ақпар, биржалық мәлімет; бюджетные назначения – бюджеттік арналым, бюджеттік тағайындау; биржевой сбор – биржалық алым, биржа алымы; товарные запасы – тауарлардың босалқы қорлары, тауар қоры; тариф льготный – жеңілдікті тариф, жеңілдетілген тариф* және т.б.;

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңары мен қазақ тіліндегі сөзден тұратын сөз тіркесімен және қазақ тіліндегі сөз тіркесімен аударылуы: *аварийная обстановка – авариялық ахуал, авариялық жағдай, апаттық жағдай; иммобилизация средств – қаражатты иммобилизациялау, қаражатты шашырату; капитальные вложения (капиталовложения) – капитал жұмсалымы (капитал жұмсалымы), күрделі салым, күрделі салымдар, күрделі қаржы жұмсалымы; пошлины импортные – импорттық баж, әкелім бажы; рестриктивные меры – рестриктивтік шаралар, шектеу шаралары; норма прибыли – пайда нормасы, пайда шектемесі, пайда мөлшері; гуманитарная помощь – гуманитарлық көмек, ізгілік көмек, гуманитарлық жәрдем; банк данных – деректер банкі, дерекқор банкі, дерек банкі, деректер қоры, дерекқор; экспериментальная площадка – эксперименттік алаң, істәжірибелік алаң* және т.б.;

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөзінің қазақ тілінің заңдылығына бейімделуі мен орыс тіліндегі сыңарының әртүрлі жалғаулы сөзбен аударылуы: *журнал учета – есепке алу журналы, есепке алу жұрналы; журнал судовой – кеме журналы, кеме жұрналы* және т.б.;

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөзінің аударылмай, ал орыс тіліндегі сыңарының аудармасының әртүрлі жазылуы: *стандарт золотослитковый – алтын-құйма стандарты, құйма алтын стандарты* және т.б.;

б) орыс тілінің сөзі мен орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз тіркесінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы:

- қазақ тіліндегі сөз тіркестерімен аударылуы: *спрос негативный – жайсыз сұраныс, теріс сұраныс; спрос селективный – талғамалы сұраныс, іріктемелі сұраныс; положение доминирующее – үстем жағдай, басымдық жағдай; оседание вкладов – салымдардың шөгуі, салым ақшаның орнығуы; заем компенсационный – өтемақы қарызы, өтемдік қарыз; налоговый зонтик – салық қолшатыры, салық бүркеніші; налоговый иммунитет – салық қорғанышы, салық иммунитеті; отчетность консолидированная – шоғырландырылған есеп-қисап, топтастырылған есеп-қисап, шоғыр-*

ландырылған есептілік, бірлестірілген есептілік; подряд арендный – жалгерлік мердігерлік, жалгерлік әдіс; стоимость нарицательная – көрсетулі құн, белгіленген құн; конечный результат – түпкі нәтиже, шекті нәтиже және т.б.;

- орыс тіліндегі сыңарының аударылуы және орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының аударылмауы: *собственный капитал – меншікті капитал, өзіндік капитал; основной капитал – негізгі капитал, түп капитал; доходы фискальные – фискалдық кіріс, фискалды табыс; издержки маркетинга – маркетингтік шығасы, маркетинг шығындары, маркетинг шығасылары; расчеты актуарные – актуарийлік есептер, актуарлық есеп айырысу; устойчивые пассивы – орнықты пассивтер, тұрақты пассивтер; отток капитала – капиталдың күрт әкетілуі, капитал кетімі* және т.б.;

- орыс тіліндегі сыңарының аударылуы және орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының бірде аударылуы, бірде аударылмауы: *сделка онкольная – талап етілмелі мәміле, онколдық мәміле* және т.б.;

- орыс тіліндегі сыңарының қазақ тілінің заңдылығына бейімделуі мен орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының әртүрлі жазылуы: *завод автомобильный – автомобиль зауыты, автомобил зауыты; завод автосборочный – автоқұрастыру зауыты, автомобил құрастыру зауыты* және т.б.;

- орыс тіліндегі сыңарының қазақ тілінің заңдылығына бейімделуі және орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының бірде аударылуы, бірде аударылмауы: *счет онкольный – талап етілмелі шот, онколдық шот* және т.б.;

- орыс тіліндегі сыңарының аударылуы және орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сыңарының бірде аударылуы, бірде аударылмауы: *прибыль балансовая – теңгерімдік пайда, баланстық пайда; пошлины импортные – импорттық баж, әкелім бажы; платежи безакцептные – акцептісіз төлемдер, ризалықсыз төлемдер; денежный фетишизм – ақша фетишизмі, ақшаға табынушылық; законодательная инициатива – заң шығару инициативасы, заң шығару бастамасы; налог прогрессивный – үдемелі салық, прогрессивті (өспелі) салық; налогообложение регрессивное – кемімел салық салу, регресті салық салу; стоимость фактурная – куәландырма құн, фактуралық құн* және т.б.;

в) орыс тілінің сөзі мен орыс тілінің сөз тіркесінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы:

- қазақ тіліндегі сөз тіркестерімен аударылуы: *удельный вес – меншікті салмақ, үлестік салмақ; торговля беспошлинная – бажсыз сауда, салықсыз сауда; тайный сговор – құпия сөз байласу, құпия келісім; однократность налогообложения – бірреттік салық салу, салық салудың бір дүркінділігі; зона беспошлинная – баж салығы салынбайтын (баж салығынсыз) аймақ, бажсыз аймақ; горячая точка – қақтығыс ошағы, шиеленіс ошағы, шиеленіс нүктесі;*

денежная единица – ақша бірлігі, ақша өлшемі; издержки переменные – өзгермелі шығасы, тұрақсыз шығындар, айнымалы шығындар, айнымалы шығасы; отсрочка уплаты штрафов – айыппұл төлеу мерзімін ұзарту, айыппұл төлеу мәулеті; рассрочка уплаты штрафов – айыппұлды бөліп-бөліп төлеу, айыппұлды бөліктеп төлеу және т.б.;

- сыңарларының әртүрлі жазылуы: *источник доказательства – дәлелдеме көзі, дәлелдемекөзі; налог подушный – жанбасы салығы, жан басы салығы* және т.б.;

- бір сыңарының қазақ тілінің заңдылығына бейімделуі және бір сыңарының аударылуы: *счет расчетный – есеп айырысу шоты, есептесу шоты* және т.б.;

- бір сыңарының қазақ тілінің заңдылығына бейімделуі мен бір сыңарының аударылуы және екі сыңарының аударылуы: *счет лицевой – дербес шот, бет есеп* және т.б.;

г) орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөздер мен орыс тілі сөздері тіркескен, бірнеше сөзден тұратын аралас терминдік тіркестердің аударылуы:

- қазақ тіліндегі сөз тіркестерімен аударылуы: *юридическая поставка ценных бумаг – бағалы қағаздардың заңды жеткізілімі, құнды қағаздардың заңды жеткізілімі; гарантированный государством заем – мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттік кепілдікті қарыз; зона свободного предпринимательства – еркін кәсіпкерлік аймағы, еркін кәсіпкерлік аймақ; негативный подоходный налог – теріс табыс салығы, жағымсыз табыс салығы; условия международной торговли – халықаралық сауда талапшарты, халықаралық сауда талаптары, халықаралық сауда шарттары* және т.б.;

- құрамындағы орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөздің (сөздердің) бірде аударылуы, бірде аударылмауы: *государственная именная стипендия – мемлекеттік атаулы стипендия, мемлекеттік атаулы шәкіртақы; индекс физического объема – нақты көлем индексі, физикалық көлем индексі; бюджет потребительский минимальный – ең төмен тұтыну бюджеті, минималды тұтыну бюджеті, ең төменгі тұтыну бюджеті* және т.б.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде салалық терминологиялық сөздіктерге енгізілген және БАҚ-та қолданылатын терминдердің жарыспалы қолданысына лингвистикалық түрткіжайттардың бірі – шет тілдерінен енген терминдердің қолданылуы мен оларды аудару себеп болатыны тілдік материалдар негізінде дәйектелді. Мұндай жарыспалылық құбылыстарының себептері мен құрылымдық ерекшеліктері төмендегіше анықталды:

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген түбір терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық (сол терминнің өзінің және оның баламасының

(түбір, туынды, қос және біріккен сөз, сөз тіркесі) немесе баламаларының, қазақ тілінің заңдылығына бейімделген және қазақ тілінің қосымшалары (жұрнақ, жалғау) жалғанған нұсқаларының қолданылуы, сонымен қатар қазақ тіліндегі бірнеше сөзбен (сөз тіркесімен) аударылуы);

- орыс тіліне еуропа тілдерінен енген күрделі (біріккен, қос) терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық (біріккен сөзбен, қос сөзбен, сөз тіркесімен аударылуы);

- бір сыңары орыс тіліне еуропа тілдерінен енген, екінші сыңары орыс тілінің сөзінен құралған күрделі терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық (сыңарларының аударылуы немесе аударылмауы);

- орыс тіліндегі терминдерді аудару барысында туындаған жарыспалылық (екі немесе одан да көп сөзбен, қос сөзбен, сөз тіркесімен, әртүрлі қосымшалармен (жұрнақтар, жалғаулар) аударылуы);

- қазақ тіліндегі сөздерді аудару барысында туындаған жарыспалылық (орыс тіліне еуропа тілдеріне енген бірнеше сөздің, орыс тіліне еуропа тілдеріне енген және орыс тілі сөздерінің баламасы ретінде қолданылуы; орыс тілі сөздерінің (сөз тіркесінің) баламасы ретінде қолданылуы);

- сөз тіркестерін аудару барысында туындаған жарыспалылық (орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз бен орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз тіркесінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы; орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз бен орыс тілі сөзінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы; орыс тілінің сөзі мен орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөз тіркесінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы; орыс тілінің сөзі мен орыс тілінің сөз тіркесінен тұратын терминдік тіркестердің аударылуы, орыс тіліне еуропа тілдерінен енген сөздер мен орыс тілі сөздері тіркескен, бірнеше сөзден тұратын аралас терминдік тіркестердің аударылуы).

Тіл біліміндегі зерттеулерді және тілдік материалды талдау негізінде жоғарыда жасалған жіктемелерді негізге ала отырып, терминологияда жарыспалылық (синонимділік, дублеттілік) құбылысының пайда болуына мынадай лингвистикалық түрткіжайттар әсер етеді деп тұжырымдаймыз:

- терминологиядағы біріздiліктің болмауы, әртүрлі ғылым салаларындағы ұғымдардың түрліше аталуы, яғни кәсіби дискурстың дамуы барысындағы қолданыстар;

- ғылым салаларында және публицистикада және т.б. кейбір терминдердің түрлі атауларының қалыптасуы;

- әдеби тіл бірліктерінің, диалектілер мен архаизмдердің терминденуі, жаңа атаулардың (неологизмдердің) пайда болуы;

- шеттілдік терминдердің ғылыми мәнін ашу мен түсіндіру, ұғымдық мағынасының шекарасын айқындау, мәтінде бір сөздің немесе тіркестің қайтала-

нуын болдырмау мақсатында бірнеше шеттілдік терминнің қатар қолданылуы немесе шеттілдік терминдерге балама ретінде қазақ тілінде жаңа неологизм сөз жасау;

- шеттілдік терминдерге балама ретінде қазақ тіліндегі перифразалық атаулардың қолданылуы.

Қорытынды

Салалық терминологиялық сөздіктерде тіркелген, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылып жүрген терминдерді лингвистикалық тұрғыдан талдау барысында, әсіресе шет тілдерінен енген атаулар мен оларды қазақ тіліне аудару үдерісінде пайда болған жарыспалы қолданыстарға ерекше назар аударылады. Мұндай терминдер тілдің ішкі заңдылықтары мен сыртқы ықпалдардың өзара тоғысуы нәтижесінде қалыптасып, терминологиялық жүйеде әртүрлі нұсқада қолданылып келеді.

Зерттеу нәтижесінде кірме терминдер мен аударма баламалардың құрылымдық ерекшеліктері, морфологиялық құрамы және сөзжасамдық үлгілері айқындалып, олардың жарыспалы қолданылуының себептері ашылды. Осы негізде терминдер құрылымы жағынан белгілі бір топтарға жіктеліп, әр топтың өзіндік тілдік сипаттары сараланады. Мұндай жіктеу, бір жағынан, қазіргі қазақ терминологиясындағы жүйелілік пен біріздiлік мәселесін айқындауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, шеттілдік бірліктердің қолданылуы себебінен қалыптасқан жарыспалылықтың сипатын кешенді түрде көрсетуге жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, терминология жүйесінде байқалатын жарыспалылық құбылысын жаңа ұғымдарды атау барысындағы ғылыми ізденістердің нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Бұл құбылыс, бір жағынан, ғылым мен білім салаларының дамуына, жаңа түсініктердің пайда болуына байланысты әртүрлі атаулардың ұсынылуымен түсіндірілсе, екінші жағынан, белгілі бір ұғымның біртұтас, орнықкан терминдік атауы қалыптасқанға дейінгі өтпелі кезеңнің айқын көрінісі болып табылады. Осы кезеңде әртүрлі баламалар мен нұсқалардың қатар қолданылуы терминологиялық қордың ішкі динамикасын танытады.

Осыған орай термин таңдау үдерісінде кездейсоқтыққа немесе субъективті талғамға жол бермей, ең алдымен терминнің ғылыми анықтамасына толық сәйкес келетін мағыналық дәлдігіне баса назар аудару қажет. Сонымен қатар оның ғылыми мәтіндерде, заңнамалық құжаттарда және қоғамдық қолданыстағы жиілігін, орнығу деңгейін ескеру маңызды. Қолданыс аясы кеңейіп, ғылыми қауымдастықта мойындалған, ұғым мазмұнын дәл әрі ықшам жеткізетін нұсқаны бекіту терминологиялық жүйенің біріздiлігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осылайша, жарыспалылықты шектеу мен ең ұтымды тер-

минді таңдау қазақ терминологиясын жүйелеу мен стандарттаудың маңызды тетігі болып саналады.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын ЖТН BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

1. Лейчик, В.М. Термины-синонимы, дублеты, эквиваленты, варианты // Актуальные проблемы лексикологии и словообразования: межвузовский сборник. – Новосибирск: Изд-во Новосибирского ун-та, 1973. – Вып. 2. – С. 103-107.

2. Шамилов, Р.М. Переводоведческий взгляд на явление терминологической дублетности в контексте обучения специальным видам перевода // Вестник Самарского университета. История, педагогика, филология. – 2021. – Т. 27, № 1. – С. 162-171. – DOI: 10.18287/2542-0445-2021-27-1-162-171.

3. Смирнова, Е.В. Синонимия в современной медицинской терминологии и ее лексикографирование (на примере англо-русских словарей) // Вестник Костромского государственного университета им. Н. А. Некрасова. – 2011. – Т. 17, № 2. – С. 190-194.

4. Жөнкешов, Б. Тең мағыналы терминдер және біріздендіру мәселелері. – URL: https://www.termincom.kz/articles/?id=80

5. Карпинская, Е.В., Граудина, Л. К., Даниленко, В. П. Норма в терминологии // Культура русской речи. – М.: НОРМА, 2000. – 560 с.

6. Құрманбайұлы, Ш. Қазіргі қазақ баспасөзіндегі жаңа атаулар мен терминдер қолданысындағы өзекті мәселелер // Ана тілі. – 21–27.09.2017. – № 38 (1400).

7. Айдарбек, Қ.Ж. Ежелгі және қазіргі тілдік қатынастардың қазақ терминологиялық жүйесіндегі көрінісі // Turco-Slavica: Язык, этнос, культура в едином пространстве: коллективная монография / отв. ред. Шаймерденова, Н. Ж. – Петропавл: АО Полиграфия, 2011. – Б. 197–278.

8. Пілецький, В.І. Деякі лінгвістичні проблеми українського термінознавства // Український правопис і наукова термінологія: проблеми норми та сучасність: матеріали засідань Мовознавчої комісії і Комісії всесвітньої літератури НТШ у Львові 1996–1997 рр. – Львів: Наукове товариство ім. Т. Шевченка у Львові, 1997. – Т. 9. – С. 116-117.

9. Жиренов, С.А., Ержанқызы, Ә. Термин-синонимдердің мағыналық да-

муындағы өзгерістер // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – № 1 (131). – Б. 130-140. – DOI: https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.11

10. Құлманов, С., Рсалиева, Н., Омарова, А., Ескендір, Ж. Қазіргі қазақ терминологиясындағы семантикалық үдерістер // Tiltanym. – 2023. – № 3 (91). – Б. 85-94. – DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94

С.К. КУЛМАНОВ

Институт языкознания им. А. Байтурсынулы

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ЯВЛЕНИЯ ВАРИАНТНОСТИ В КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Аннотация. В статье представлен научный анализ исследований, посвящённых природе, причинам формирования и структурно-семантическим особенностям терминологической вариантности (синонимии, дублетности, вариативности) в общем языкознании и казахской лингвистике, а также сформулированы соответствующие выводы. В ходе исследования рассмотрены и сопоставлены теоретические взгляды отечественных и зарубежных учёных (О.С. Ахмановой, Д.С. Лотте, В.М. Лейчика, С.В. Гринева, Ш. Курманбайулы и др.) на проблему терминологической вариантности, выявлены их сходства и различия.

В статье в качестве основной причины терминологической вариативности рассматриваются отсутствие соблюдения терминологической унификации вследствие обозначения одного и того же понятия несколькими наименованиями, а также проблемы неточной передачи смысла в научных текстах и переводческой практике и неоднородности употребления. Кроме того, всесторонне охарактеризованы факторы, способствующие возникновению вариантных терминов, такие как обилие заимствованных терминов, процесс создания национальных эквивалентов, понятийные различия в различных отраслях науки и стратегии эквивалентного перевода.

В результате исследования установлено, что терминологическая вариантность в казахской терминологии проявляется преимущественно в процессе перевода корневых и производных заимствованных терминов, а также терминологических единиц, образованных из сложных слов, парных слов и словосочетаний.

В статье использованы методы отбора и систематизации терминов, морфемного, лексико-семантического, функционально-семантического и син-

хронного анализа. Полученные выводы могут служить теоретической и практической основой для научного перевода, а также для унификации и стандартизации терминологии казахского языка.

Ключевые слова: терминология, терминологическая синонимия, терминологическая дублетность, терминологическая вариантность, научный перевод, исконные термины, заимствованные термины, эквивалентные термины.

S.K. KULMANOV

Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly

LINGUISTIC FACTORS OF THE PHENOMENON OF VARIABILITY IN KAZAKH TERMINOLOGY

Abstract. The article presents a scholarly analysis of studies devoted to the nature, causes of formation, and structural-semantic features of terminological variation (synonymy, doublet forms, and variability) in general linguistics and Kazakh linguistics, and formulates relevant conclusions. The study examines and compares the theoretical views of domestic and foreign scholars (O.S. Akhmanova, D.S. Lotte, V.M. Leichik, S.V. Grinev, Sh.Kurmanbayuly, and others) on the problem of terminological variation, identifying their similarities and differences.

The article considers as the main cause of terminological variation the lack of terminological unification resulting from the designation of a single concept by several names, as well as problems of inaccurate meaning transmission in scientific texts and translation practice and inconsistency of usage. In addition, the factors contributing to the emergence of variant terms – such as the abundance of borrowed terms, the process of creating national equivalents, conceptual differences across various fields of science, and strategies of equivalent translation–are comprehensively characterized.

The results of the study show that terminological variation in Kazakh terminology manifests itself primarily in the process of translating borrowed root and derived terms, as well as terminological units formed from compound words, paired words, and word combinations.

The article employs methods of term selection and systematization, morphemic, lexical-semantic, functional-semantic and synchronic analysis. The conclusions obtained may serve as a theoretical and practical basis for scientific translation, as well as for the unification and standardization of Kazakh terminology.

Keywords: terminology, terminological synonymy, terminological doublets,

terminological variation, scientific translation, native terms, borrowed terms, equivalent terms.

References

1. Leichik, V.M. Terminy-sinonimy, dublety, ekvivalenty, varianty [Terms-synonyms, doublets, equivalents, variants] // Aktualnye problemy leksikologii i slovoobrazovaniia. – Novosibirsk: Izd-vo Novosibirskogo un-ta, 1973. – Vyp. 2. – S. 103-107.

2. Shamilov, R.M. Perevodovedicheskii vzgliad na iavlenie terminologicheskoi dubletnosti v kontekste obucheniia spetsialnym vidam perevoda [A translation studies view of terminological doublets in teaching special types of translation] // Vestnik Samarskogo universiteta. Istoria, pedagogika, filologia. – 2021. – T. 27, № 1. – S. 162-171. – DOI: 10.18287/2542-0445-2021-27-1-162-171.

3. Smirnova, E.V. Sinonimiia v sovremennoi meditsinskoi terminologii i ee leksikografirovanie (na primere anglo-russkih slovarei) [Synonymy in modern medical terminology and its lexicographic representation] // Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta im. N. A. Nekrasova. – 2011. – T. 17, № 2. – S. 190-194.

4. Zhonkeshov, B. Teñ mağynaly terminder jäne bırızdendıru mäseleleri [Equivalent terms and issues of unification]. – URL: https://www.termincom.kz/articles/?id=80

5. Karpinskaia, E.V., Graudina, L.K., Danilenko, V.P. Norma v terminologii [Norm in terminology] // Kultura russkoi rechi. – M.: NORMA, 2000. – 560 s.

6. Qūrmanbaiuly, Sh. Qazırgı qazaq baspasözındegı jaña ataular men terminder qoldanysyndağy özektı mäseleler [Current issues in the use of new names and terms in the modern Kazakh press] // Ana tılı. – 21-27.09.2017. – № 38 (1400).

7. Aidarbek, Q. Zh. Ejelgı jäne qazırgı tıldık qatynastardyñ qazaq terminologialyq jüiesındegı körınısı [Reflection of ancient and modern linguistic relations in the Kazakh terminological system] // Turco-Slavica: Iazyk, etnos, kultura v edinom prostranstve / otv. red. Shaimerdenova, N. Zh. – Petropavl: AO Poligrafia, 2011. – B. 197-278.

8. Piletskii, V.I. Deiaki linhvistychni problemy ukrainskoho terminoznavstva [Some linguistic problems of Ukrainian terminology studies] // Ukrainskyi pravopys i naukova terminolohiia: problemy normy ta suchasnist. – Lviv: Naukove tovarystvo im. T. Shevchenka u Lvovi, 1997. – T. 9. – S. 116-117.

9. Zhirenov, S.A., Erzhanqyzy, Ä. Termin-sinonimderdın mağynalyq damuyndağy özgerıster [Changes in the semantic development of term-synonyms] // Iasaui universitetınıñ habarshysy. – 2024. – № 1 (131). – B. 130-140. – DOI: https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.11

10. Qūlmanov, S., Rsalieva, N., Omarova, A., Eskendir, Zh. Qazırgı qazaq terminologiasyndağy semantikalyq üderıster [Semantic processes in modern Kazakh terminology] // Tiltanym. – 2023. – № 3 (91). – B. 85–94. – DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94

Автор туралы мәлімет

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология орталығының жетекшісі, Алматы қ., Қазақстан.

Кулманов Сарсенбай Куантаевич – кандидат филологических наук, профессор, руководитель Центра терминологии Института языкознания им. А. Байтурсынулы, г. Алматы, Казахстан.

Kulmanov Sarsenbai Kuantaevich – Candidate of Philological Sciences, Professor, Head of the Terminology Center of the A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty c., Kazakhstan.

ХҒТАР 16.21.47
DOI

Л.Н. ДАУРЕНБЕКОВА

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты
(e-mail: daurenbekova.laura@mail.ru)

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫ АУДАРМАСЫНДАҒЫ «ХИМИЯ» ОҚУЛЫҒЫ

Аңдатпа. XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани және ғылыми өміріндегі бетбұрыс кезең болды. Ұлттық сананың ояну мен ағартушылық қозғалыстың күшеюі нәтижесінде қазақ зиялылары қоғамның дамуына жол ашқан ғылыми және мәдени үрдістерді қалыптастырды. Сол дәуірде жазылған, аударылған оқулықтар қазақ тілін ғылым тіліне айналдырудың алғашқы баспалдағына айналды. Ұлт зиялылары өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ғылыми еңбектерін ана тілімізге тәржімалау арқылы ұлттық сананы ояту мен ғылым тілін қалыптастыру мақсатын көздеді.

Қазақ тілінде терминологияны қалыптастыру ісі – ұлттың мәдени және ғылыми дамуындағы серпілісті байқатады. Әсіресе, XX ғасырдың басында жаратылыстану ғылымдары қазақ тіліне аударылып, сол ғылымдардың

ұғымдарына қазақша атау беру ісі басталды. Солардың бірі – химия ғылымы. Мақалада «Химия» ғылымы бойынша қазақ тілінде алғаш рет басылып шыққан еңбектердің бірі ретінде Қ.Кемеңгерұлы аударған П.Лебедевтің «Химия» оқулығы салыстырыла отырып, ерекшелігі айқындалады.

Түйін сөздер: химия, термин, әдістеме, аударма, Алаш, химиялық құбылыстар.

Кіріспе

XX ғасырдың басында ұлт зиялылары өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ғылыми еңбектерін ана тілімізге тәржімалау арқылы ұлттық сананы ояту мен ғылым тілін қалыптастыру мақсатын көздеді. Алаш зиялыларының ұлтты білім арқылы жетілдіру ұстанымы аударма ісінде айқын көрініс тапты. Ә.Бөкейхан, Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхаммедұлы, А.Сейітов, А.Мамытұлы, Ж.Тілеулин, М.Әуезов сынды тұлғалар шетелдік және орыс тіліндегі ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударып, халыққа түсінікті тілмен жеткізу арқылы ағартушылық миссиясын атқарды. Олардың аудармалары тек пәндік мазмұнды жеткізіп қана қоймай, қазақ қоғамын жаңа ғылыми ұғымдармен, табиғат пен қоғам заңдылықтарын түсіндіретін ілімдермен таныстырды. Медицина, химия, астрономия, геометрия және физика салаларына қатысты оқулықтардың қазақша нұсқалары ел ішіндегі оқу-ағарту ісінің дамуына, ұлттық ғылыми терминологияның қалыптасуына зор ықпал етті. Бұл еңбектерде ғылым жаңалықтары қазақ оқырманына алғаш рет ана тілінде ұсынылып, ағартушылық, тәрбиелік және танымдық рөл атқарды. Аудармашылар білім мен тәжірибені қазақы дүниетанымға бейімдеп, ұғым-түсініктерді ұлттық тілдің табиғатына сай жеткізуге күш салды.

Мақалада алғашқы оқулықтардың бірі ретінде Қ.Кемеңгерұлының П.Лебедевтен аударған «Химия» [1] оқулығын сөз еткіміз келеді. «Бұл еңбек 1929 жылы Қызылорда қаласында басылған. Таралымы 4000 дана. 228 бет. Орыс тіліндегі нұсқасы Ресей мемлекеттік кітапханасынан алынды. Кітапта қарастырылатын басты тақырып – химиялық құбылыстар. Автор химия мен химиялық құбылыстардың не екенін алдын ала түсіндіріп беру қиын екенін айтып, оқырманға бұл ұғымдарды кітаптағы тәжірибелер арқылы өз бетінше ұғынуға мүмкіндік береді. Химиялық заттар мен құбылыстарды зерттеу барысында оқушылар тәжірибе жасап, химияның мәнін тереңірек түсінетін болады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Аталған еңбек туралы тұжырымдарды Б.Жөнкешев пен А.Шормақованың ғылыми мақалаларынан білуге болады. Онда оқулықтағы тілдік қолданыс, термин жасау ұстанымдары және ғылыми стильдің ерекшеліктері жан-жақты

талданып көрсетіледі. Б.Жөнкешев: «Қ.Кемеңгерұлының П.Лебедевтің «Химия» оқулығын аударудағы мақсаты – сол кездегі оқу-білімге құштар қазақ балаларына химия саласына байланысты қазақ тілінде оқулық дайындау еді. Осы оқулықтың құндылығы ретінде еңбектің соңғы жағында кестемен берген 200-ге жуық химия терминдерінің тізбегін көрсетуге болады» [2, 4] – деп терминдер тізбегіне назар аудартады. Ал А.Шормақова Қ.Кемеңгерұлы аударған «Химия» оқулығындағы септік қосымшаларының қолданысы» [3, 61] атты мақаласында «Химия» оқулығынан мысалдар ала отырып, септік қосымшаларының қолданысын талдаған. Қ.Кемеңгерұлы аталған оқулықта көмектес септік жалғауларының барлығы бөлек жазылып, жалғаулықтардың қатарында көрсетілгенін мысалдармен көрсетіп, көмектес септігінің жалғаулық ретінде қолданылғанына назар аударады. Десек те, Қ.Кемеңгерұлының бұл еңбегі түпнұсқамен салыстырыла отырып, арнайы қарастырылған емес, яғни оның аудармашылық қыры толық талдана қойған жоқ. Осы бағыттағы талдау аудармадағы қолтаңбасын, еркіндік пен дәлдіктің арақатынасын, сондай-ақ ғылыми мәтінді қазақ тіліне бейімдеу тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Оқулықтың кіріспесінде пәнді оқыту кезінде тәжірибе жүргізудің маңыздылығы туралы баяндалған. Оқушылар тұрмыстағы және табиғаттағы химиялық құбылыстарды тек бақылап қана қоймай, оларды тәжірибе арқылы зерттеу қажеттілігі, химияны тәжірибесіз оқыту тиімсіз екендігін алға тартады. Кітапта әртүрлі тәжірибелер берілгенімен, олардың бәрін бірдей орындау мүмкін болмаса да жағдайға қарай тәжірибе санын барынша арттыру ұсынылады. Тәжірибелердің көп берілуі – мектеп зертханаларының жабдықталу деңгейінің әртүрлі болуымен түсіндіріледі. «Сол себепті оқытушы лаборатория мүмкіндігіне сай келетін тәжірибелерді ғана таңдап алуы керек. Кейбір қажетті құралдар мен заттар болмаған жағдайда олардың орнын басқа жарамды баламалармен алмастыруға болады. Ал екі жұлдызшамен (**) белгіленген тәжірибелерді барлық оқушы орындауы міндетті, бір жұлдызшамен (*) белгіленгендері – мүмкіндігіне қарай істелетін тәжірибелер санатына жатады» деп оқытудың әдістемесін ұсынады.

Кітапта көрсетілген құралдар – химиялық аспаптардың ең қарапайым әрі қолдан жасауға келетін түрлері екенін, қажет болған жағдайда кейбір құралдарды өз қолымен дайындауға да болатынын ескертеді. Бұл ретте тәжірибе жүргізу әдістері туралы мәлімет беретін арнайы әдебиеттерге сүйену ұсынылады. Мысалы, Веркобскийдің «Техника и методика химического эксперимента в школе» атты еңбегі осындай көмекші құрал бола алады. Мұндай кітаптардың мектеп лабораторияларында болуы артықтық етпейді дейді. Кітап мазмұны бірнеше бөлімдерге бөлінген. Әр бөлім сабақтарға, сабақтар –

жұмыс түрлеріне, ал жұмыс түрлері – жеке тәжірибелерге жіктеліп беріледі. Тәжірибе жүргізілгеннен кейін оқушыларға сол тақырып бойынша сұрақтар қойылып, олардан өз бетінше қорытынды шығару талап етіледі. Әр бөлім соңында жалпы қорытынды беріледі.

Химияны оқыту процесінде химиялық таңбалар мен формулаларды алдын ала жаттатудан гөрі, оларды тәжірибе негізінде танытуды жөн көреді. Бұл тәсіл оқушылардың түсіну қабілетін арттырады. Сондай-ақ, химиялық заңдарға сүйеніп есеп шығарғанда, бөлшек сандарды ықшамдап қолдануға болатыны айтылған. Бірақ бұл жағдайда аздаған қателік болатыны түсіндірілуі тиіс. Мысал ретінде сутектің атомдық массасы нақты 1,008 болса да, есепте 1 деп алуға болатыны келтірілген.

Химия сабағы басқа пәндермен – физика және жаратылыстанумен үйлестіріліп жүргізілуі керек. Бұл пәнаралық байланыстың маңызы зор. Мәтінде кітап көлемін шектеп ұстау үшін кейбір материалдар енгізілмегені, алайда мұғалім қажет жағдайларда өз қалауымен материалдарды ауыстырып немесе толықтырып отыруы тиіс екені айтылған. Мәселен, металдар туралы тақырыпты кеңірек қарастыру ұсынылады. Сонымен қатар оқушыларды күнделікті өмірде қолданылатын жұмыстарға – зиянкестерді жою, тыңайтқыш дайындау, сабын жасау сияқты іс-әрекеттерге қатыстырып, алған білімін тәжірибеде қолдана білуге үйрету маңызды екені айтылған. Егер мектеп маңында өндіріс орындары болса, сол жерлерге экскурсия ұйымдастырылып, алдын ала жоспар бойынша дайындық жүргізілуі керектігіне назар аударады. Мұндай экскурсиялар алдын ала жоспарланып, дайындықпен жүргізілуі тиіс дейді. Оның басты себебі – оқушылардың теориялық білімін нақты өндірістік процестермен ұштастыру, көзбен көріп, қолмен ұстап көру арқылы танымдарын тереңдету. Тек оқулықтағы мәтін мен суреттерге сүйенген білімнен гөрі, нақты нысанды бақылап, ондағы химиялық процестердің қолданылуын өз көзімен көру оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімін тиянақты ететінін ескеріп отырғаны анық. Автор табиғатты зерттейтін адамдарды үш негізгі топқа бөледі:1) қоғамшы (қоғамтанушылар), 2) табиғатшы (табиғат зерттеушілері), 3) техника мамандары. «Табиғатшылар мен техникашылар өзара жіктеліп физикашы, кімійешы, математикашы, тіршілік ілімін зерттеуші, сәулетші, агроном, инженер, дәрігер» тағы басқа әр түрлі мамандарға бөлінеді. Табиғатшылар мен техника мамандарының өз ішінде де көптеген салаларға бөлінетінін түсіндіреді: мысалы, физиктер, химиктер (кімийешілер), математиктер, биологтар (тіршілік зерттеушілер), сәулетшілер, агрономдар, инженерлер, дәрігерлер және тағы басқалар. Бұл көзқарас оқушының табиғатқа әртүрлі маман иелерінің өз саласы бойынша қарап, түрлі аспаптар мен әдістер арқылы зерттейтінін түсінуіне көмектеседі. Осылайша бала табиғаттың көп

қырлы екеніне көз жеткізеді және әрбір ғылымның өз рөлі бар екенін ұғына бастайды. «Етікшінің бізіндей, ұстаның балғасындай, қандай шебердің болса да жақсы, жаман сайманы болады. Жұмысы неғұрлым қиын, биязы болса, соғұрлым қолданатын аспап-сайманы да жақсы болу керек. Кімійешылардың да өздеріне тән аспап-саймандары, жұмыс істейтін үйлері-лабораториялары болады» [4, 22].

Автор химия ғылымына қатысты күрделі ұғымдарды балаға жақын әрі түсінікті тілде беру мақсатында қазақы таным мен тұрмыстық салыстыру тәсілін тиімді қолданған. «Етікшінің бізіндей, ұстаның балғасындай, қандай шебердің болса да жақсы, жаман сайманы болады» деген жолдар қазақ халқының күнделікті өміріне жақын кәсіптерді мысалға ала отырып, ғылыми ұғымды түсіндірудің тиімді тәсілін көрсетеді. Етікші мен ұста сынды халыққа таныс, дәстүрлі маман иелерінің мысалға алынуы – ғылымның (бұл жағдайда химияның) да өз «шеберханасы» мен «сайманы» болатынын, яғни лаборатория мен құрал-жабдықтар химия пәнінде де сондай маңызды рөл атқаратынын меңзейді. Автордың «жұмысы неғұрлым қиын, биязы болса, соғұрлым қолданатын аспап-сайманы да жақсы болу керек» деуі арқылы оқушы санасына: ғылым саласындағы нақтылық, дәлдік, ұқыптылық қажет екендігін сіңіру көзделген. Сондай-ақ, бұл сөйлем ғылым мен қолөнер арасындағы ұқсастықты көрсету арқылы оқушыда химияға деген жатсыну сезімін азайтып, керісінше, оны таныс ортаға жақындатып, қызығушылық тудыруға бағытталған. Қазақы дүниетаным арқылы ғылыми ұғымды жеткізуді мақсат еткен. Қ.Кемеңгерұлы терминдерді тізбектеп береді де, «термендер» деп берген.

Нәтижелер

Қошке Кемеңгерұлының аударма еңбегінде химияға қатысты терминдер негізінен транслитерация тәсілімен берілген. Яғни, транслитерация – терминнің дыбыстық қалпын қазақ жазуына бейімдеп беру. Бұл тәсіл сол кездегі фонетикалық және орфографиялық жүйеге сай қолданылғанын байқауға болады.

Кесте 1 – Аудармадағы транслитерация тәсілі

амальгама	амалғам	«г» → «ғ», қазақша фонетикаға икем
ацетилен	әсетілен	Ц → с; дыбыстық бейімдеу
кальций	кәлсій	Й-ды «ій» арқылы беру
натрий	натыр	Й-ды «ій» арқылы беру
йод	иот	«ий» жалғауын түсіріп ықшамдаған

Кейбір терминдер қазақ тіліне тура немесе түсіндірмелі мағынамен аударылған. Бұл әдіс терминнің ғылыми мазмұнын жеткізуді көздейді.

Кесте 2 – Мағыналық аударма (семантикалық тәсіл)

благородные металлы	асыл металдар
реакция соединения	қосыла тектесу
кислота	қышқыл
щелочь	сілті
водород	су-тек
углерод	көмір-тек

Мұндай тәсіл терминге ұлттық танымды сіңіріп, ұғымды қарапайым тілмен жеткізудің тиімді жолы. Қазақ тіліне лайықталған, бейнелі атаулар арқылы оқушыларға ұғымды тезірек меңгертуді көздегені байқалып тұр. Кейбір терминдер аударылу кезінде тікелей мағына беруден бөлек, қазақтың тұрмыстық, мәдени ұғымдарымен байланыстырылып, жаңаша жасалған. Бүгінде көптеген сөздер тұрақтанып, қазіргі ғылыми тілде орнықты. Мысалы: сілті, қышқыл, қосылыс, тотығу, тотықсыздану, қышқылдық оксид, негізгі оксид – бүгінгі химия оқулықтарында сол күйінде қолданылады. Ал кейбір сөздер тарихи лексикаға айналды.

Қ.Кемеңгерұлы қазақ балаларына табиғатты тікелей бақылау арқылы үйретуге бағытталған оқу тапсырмаларын береді.

«Екіскүрсійе (серуен). Дорба не кішірек жәшік алып, қырға шығып, жақын жерде тоғай болса, тоғай аралап, қыртыстың әр түрінен жәшіктеріңе салып алыңдар; жұмсақ жерді шотпен қазып, өсімдіктер тамырын, басқа қалындылар бар қоңыр қабаттан өтіп, сазды, құмды көріңдер. Реті келсе, биік жарға, терең сайға барып, жер жыныстарының қалай жатқанын көріңдер. Жердің өзге қабаттарына қарағанда, қыртысының қалындығы қандай екен, әр қабатының басқасынан айырмасы не, соны байқаңдар. Қырдың, тоғайлы жердің қыртысынан бақша, өгерет сияқты, жеміс еккен жерлердің қыртысының айырмасы болуға мүмкін, ондай қыртыстардан да жәшіктеріңе салып алыңдар. Екіскүрсійеден қайтып мектепке келгенде, қора ішінен біраз топырақ алсаңдар, тәжірійбе істерлік материал түгел болды деуге болады».

Бұл үзіндіде балаларға жер қыртысының құрылысын тәжірибе жүзінде зерттеу ұсынылады. Оқушыларға дорба немесе жәшік алып, қырға шығу, тоғай аралау, әртүрлі жер қабаттарынан үлгілер жинау, жұмсақ топырақты қазып, өсімдік тамырлары мен топырақтың түрлі қабаттарын байқау сияқты практикалық тапсырмалар беріледі. Сондай-ақ, биік жарлар мен терең сайларды бақылап, жер жыныстарының орналасу ерекшеліктерін көру ұсынылады.

Осы тапсырма арқылы балаларға қырдың, тоғайлы жердің, бақша мен егіс алқаптарының топырақ айырмасын салыстыруды тапсырады. Сабақ соңында

мектепке оралып, қора ішінен алынған топырақпен тәжірибе жасауға нұсқау беріледі.

Бұл тапсырма балаларды қоршаған ортаны зерттеуге, табиғатты тануға, байқағыштық пен тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағытталған. Қ.Кемеңгерұлы қазақ балаларының өмір салтына, табиғи ортасына бейімдеп, оқу процесін өмірмен байланыстыруды көздейді. Бұл мақсат келесі мысалдан да байқалады.

«Углекислый газ является довольно тяжелым и его можно переливать, как воду, из одного сосуда в другой; он в $1^1/1$ раза тяжелее воздуха. Углекислый газ, как только что показано, не поддерживает горения, и в нем задыхаются животные. Он растворяется в воде, и вызы чем, повышая давление, можно растворить в воде большое количество газа, который при уменьшении давления снова выделится из воды (выделение пузырьков углекислого газа из раза при откупоривании). Вода, в которой растворен углекислый газ, имеет приятный кисловатый вкус и окрашивает лакмус в слегка розовый цвет (слабокислая реакция)» [1, 266].

«Көмірлі ғаз – едәуір ауыр ғаздың бірі. Әуеден бір жарым есе ауыр. Бір ыдыстан екінші ыдысқа су құйғандай құюға болады, ішінде зат жанбайды; бірыңғай көмірлі ғазбен дем алған жандықтар тұншығады, өледі, суға ериді, сығымын арттырса, тіпті көп ериді, бірақ ыдыстың ауызын ашып, сығымын азайтқанда, судан көпіршіп қайта шығады; көмірлі ғаз еріген судың қышқыл, жақсы дәмі болады; лақмыстың аздап бояуын өзгертеді, бозғылдандырады» [4, 78].

«Углекислый газ» – «көмірлі ғаз» деп берілген. Аударманың ерекшелігін байқау үшін кестеге назар аударсақ.

Кесте 3 – Аударма ерекшелігі

№	Орысша түпнұсқа мәтін	Қазақша аудармасы	Аударманың дәлдігі мен түсініктеме
1	Углекислый газ является довольно тяжёлым и его можно переливать, как воду, из одного сосуда в другой.	Көмірлі газ – едәуір ауыр газдың бірі. Бір ыдыстан екінші ыдысқа су құйғандай құюға болады.	Мағынасы толық сақталған. Стилистикалық жағынан дәл берілген.
2	Он в 1½ раза тяжелее воздуха.	Әуеден бір жарым есе ауыр.	Тура және дәл аударылған.

3	Углекислый газ не поддерживает горения, и в нём задыхаются животные.	Ішінде зат жанбайды; бірыңғай көмірлі газбен дем алған жандықтар тұншығады, өледі.	Мағынасы дәл, «бірыңғай» сөзін қосып, «животные» дегенді «жандықтар» деп алған. «Жандықтар» барлық жан-жануарлар мен жәндіктер.
4	Он растворяется в воде.	Суға ериді.	Дәл аударылған.
5	Повышая давление, можно растворить в воде большое количество газа.	Сығымын арттырса, тіпті көп ериді.	Мағынасы сақталған.
6	При уменьшении давления снова выделится из воды.	Сығымын азайтқанда, судан көпіршіп қайта шығады.	Бейнелі түрде жеткізілген.
7	Выделение пузырьков углекислого газа из воды при откупоривании.	Ыдыстың ауызын ашқанда көпіршіп шығады.	нақты аударылған.
8	Вода с углекислым газом имеет приятный кисловатый вкус.	Көмірлі газ еріген судың қышқыл, жақсы дәмі болады.	Дәл аударылған.
9	Окрашивает лакмус в слегка розовый цвет (слабо-кислая реакция).	Лақмыстың аздап бояуын өзгертеді, бозғылдандырады.	Дәл аударылған. Лақмыс деп қазақ тіліне икемделген. Лакмус – қышқылдық-негіздік ортаны анықтауға арналған индикатор зат. Ол – табиғи өсімдіктерден алынатын бояғыш [5,65].

Аудармашы оқушының түсінігін тереңдету мақсатында көмірқышқыл газының күнделікті өмірдегі қолданысына нақты мысалдар келтіріп, көмірқышқыл газының табиғи пайда болу жолдарын нақты мысалдармен көрсету үшін өз жанынан сөйлем қосқан: «Сыра мен қымыздың көпіршіктенуі, нан қамырының көтерілуі» дейді. Бұл – көмірқышқыл газының биохимиялық/тұрмыстық процестердегі рөлін түсіндірудің көрнекі тәсілі. Оқушыға таныс тұрмыстық мысалдар арқылы түсіндіріп тұр.

Азоттың қасиеттері мен оның қосылыстары туралы аудармасына назар аударсақ:

«Дополним несколько наши сведения об азоте. Итак, азота на 1/5-і состоит из кислорода и на 4/5-і из газов, не поддерживающих горения, главную часть которых составляет азот. Оказывается, таким образом, что азот при обыкновенных условиях горения не соединяется ни с кислородом, ни с горючими веществами. Однако при высокой температуре он склонен соединиться со многими веществами. Если через воздух (смесь азота с кислородом) пропускать электрические искры, образуется желто-бурый газ, растворимый в воде, сообщающий ей тогда кислые свойства (кислая реакция – окрашивание лакмуса в красный цвет, кислый вкус и проч.)» [1, 267].

Мәтінде ауа құрамындағы азоттың үлесі, азоттың оттекпен қосылу/қосылмау қасиеті, электр ұшқыны әсерінен азоттың тотығуы, нәтижесінде азот қышқылының түзілуі, азоттың тіршілік үшін маңыздылығы туралы ғылыми түсініктер берілген.

Қ.Кемеңгерұлының аудармасына назар аударсақ. «Азоттың тотығуы. Әуе әр түрлі ғаздардың қоспасы; 1/5 от-текте, 4/5-і ішінде нәрсе жанбайтын ғаздар; бұлардың дені азот болады. Осыған қарағанда азот жайшылықта от-тек пен де, жанғыш заттар мен де қосылмайтын, тектеспейтін көрінді; бірақ зор жылылықтарда олай емес, онда азот бір талай заттар мен қосылысады. Егер де әуенің ішінде он електір мен теріс електірді атыстыра жамрататын болсақ, азот әуенің ішіндегі от-тек пен қосылып тотығады, қоңыр-сары, суға еритін ғазға айналады. Бұл ғаздың ерітіндісінің дәмі қышқыл болады; және де лақмысты қызартады. Бұл ерітінді де Кімійедегі белгілі қышқылдың бірі азот қышқылы дейді» [4, 105].

Бұл аударманы балама аудармаға жатқызамыз, себебі түпнұсқадағы ғылыми мазмұн мен негізгі ой дәл берілген, ақпарат бұрмаланбаған. Жекелеген сөздер мен құрылымдарда стильдік немесе тілдік айырмашылықтар болғанымен, жалпы мағына сақталған.

«Однако при высокой температуре» сөйлемін, «зор жылылықтарда» деп аударған. Қазіргі тілде жоғары температурада деп қолданылады. Сондай-ақ, сөйлемнің соңына орыс тіліндегі нұсқада жазылмаса да, «бұл ерітінді де Кімійедегі белгілі қышқылдың бірі азот қышқылы дейді» – деп сөйлем қосқан. Бұл сөйлем ойды толықтырып, нақтылап беруі үшін қосылған. Түпнұсқада «кислые свойства» мен лакмус туралы айтылғанымен, қай қышқыл екені нақты аталып өтпейді. Сондықтан: оқушы «бұл қышқыл не?» деп сұрауы мүмкін. Сол үшін автор оны атап, азот қышқылы екенін нақтылайды. Танымдық ойды жалғастыру мақсатында «Лакмус» түсінің өзгеруі сияқты құбылыстарды оқушы көріп, бірақ оның қандай қышқыл екенін білмей қалмауы үшін түсін-

діру жасалған. Бұл – оқу материалының түсініктілігін арттыруға бағытталған педагогикалық тәсіл.

Фосфор бөлімінің алдына түпнұсқада болмаса да өз жанынан кіріспе қосады. «Өсімдіктің «өсіп-өнуіне азотты заттардан басқа, поспырлы заттар мен калій деген металдың қосылыстары керек; жер қыртысында көп болмайды, және де тез таусылатын, өсімдік көп тілейтің заттар. Бұл сабақта поспыр мен калійді қарастырып кейбір сипаттары мен таныса кетейік» [4,106]. Мақсаты – жаңа тақырыптың маңызын көрсету, өмірмен байланыстыру, оқушыны жаңа білімге бағыттау. Жай фосфор туралы құрғақ мәліметті беру емес, оның өсімдіктердің өсуіне қатысы бар маңызды элемент екенін көрсету.

«Фосфор получается прокаливанием обожженных костей с углем без доступа воздуха. При этом образуется желтоватое, слегка просвечивающее вещество удельного веса 1,83, весьма легко воспламеняющееся от легкого трения и даже само собой загорается на воздухе и сгорает при этом ярким белым светом с выделением большого количества тепла. Окиси фосфора очень опасны. В темноте фосфор, и не сгорая, светится холодным «фосфорическим светом». Самое название фосфор значит «светоносный». Желтый фосфор ядовит. Сохраняется этот желтый фосфор под водой, иначе он может загореться. В воздухе, свободно фосфор перестает, но хорошо растворяется в сероуглероде, в эфире, в спирте и некоторых других веществах» [1, 268]. Орыс тіліндегі нұсқада:

– фосфордың алыну жолы сипатталған (сүйекті көмірмен қыздыру арқылы);

– оның физикалық қасиеттері: түсі, тығыздығы, тұтанғыштығы, жарқырауы;

– уыттылығы, сақталу жолы (суда сақтау);

– қай еріткіштерде еритіні;

– фосфор сөзіне этимологиялық түсініктеме беріледі («светоносный» – жарық шығарушы).

Аудармасына назар аударсақ:

«Өртелген сүйекке көмір мен құм қосып сырттан әуе кірмейтін жабулы ыдыста қыздырса – мөлдірлеу келген, балауыздай жұмсақ сары зат шығады. Бұл поспыр ауырлығы 1,83 болады; поспыр өте тез тұтанғыш заттың бірі. Әуе ішінде өздігінен тұтанып, жанып кетеді, көп жылу шығады, жалыны ақ болады. Поспыр денеге тисе, өте жаман ғып күйдіріп жібереді, жарасыда көпке шейін жазылмайды. Қараңғыда поспырдан жарық шығады; қытай сіріңкесі деген поспыры көп сіріңке болады, сол сіріңкені қараңғыда қолға үйкесеңдер, сіріңкенің ізі жұлдыз құрттай, жарық ете түседі. «Поспыр» деген сөздің өзі де «жарқырағыш» деген сөз. Сары поспыр улы зат, және да тез тұтанатын болған соң, су ішінде ұстайды; суда поспыр ерімейді, поспырды жақсы ерітетін күкіртті көмір-тек, епір спирт; бұлардан басқа да ерітпелер бар» [4, 110].

Қ.Кемеңгерұлы секілді алаш зиялыларының сөз тізбектеу, оларды саралау, баспадан шығара отырып қоғам санасына сіңіру (узуалдау) секілді бүгінде «терминологиялық жұмыстар» деп аталатын қыруар зияткерлік еңбектері тіліміздің жаңа арнада, ғылыми негізде дамуына жол ашқаны сөзсіз [6, 56].

Қорытынды

XX ғасыр басындағы ғылыми аудармалар мен терминжасам тәжірибесі қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі әлеуетін айқындады. Алаш оқымыстыларының еңбегі нәтижесінде қазақ тілінде ғылыми ой айту дәстүрі қалыптасты, ал 1924 жылғы сиез шешімдері сол үрдісті жүйелеудің бастауына айналды [7, 86]. Аудармада негізгі ғылыми деректер сақталған. Қ.Кемеңгерұлы өз жанынан қосымша түсініктемелер мен бейнелі сипаттамалар енгізіп, (қытай сіріңкесі, жұлдызқұрттай, жарасы көпке дейін жазылмайды) ғылыми деректерді сақтаған. Бұл мәтіннің аудармасы балама аудармаға жатады. Аудармашы оқушыға түсінікті болу үшін кейбір сөйлемдерге қосымша сипаттама, елестетуге жеңіл көріністер енгізген. Мұндай тәсіл баланың қабылдауына жеңіл болары анық.

Ұсынылып отырған бұл оқулық – химияның бастапқы негіздерін үйретуге арналған құрал ретінде сипатталады. Мазмұндық тұрғыдан бұл кітап орта мектептің дәстүрлі химия оқулықтарынан кем болмауы тиіс деп есептелген. Материалды баяндауда түсініктілік пен ықшамдылыққа баса назар аударылған, ал оның орналасу тәртібі әдістемелік тұрғыдан мұқият ойластырылған. Сұрақтар, зертханалық тапсырмалар, түсініктемелермен қамтылған.

Кейбір оқушылар үшін нақты материал негізінде жеткілікті дайындық болмаған жағдайда, жалпылама ұғымдарды түсіну де қиындық туғызады. Автор да, аудармашы да осы қиындықтарды материалды жүйелі түрде орналастыру арқылы шешуге ұмтылған. Автор алғысөзде оқушының кітап мазмұнымен біртіндеп, жеңіл түрде таныса алуы үшін оқулықтың қандай мақсатпен жазылғанын түсіндірген.

Қ.Кемеңгерұлы бұл еңбектің орыс тіліндегі кіріспесін дәлме-дәл аудармай, еркін түрде қазақшаға бейімдеп жазған. Ғалым Қ.Кемеңгерұлының бұл еңбегі оның жан-жақты ғылыми және ағартушылық қызметін айқындайды.

«Қазақ тілі әдістемесінің қалыптасуы мен даму тарихына, әдістеме ғылымының танымдық-теориялық жағына үлес қосқан Қ.Кемеңгерұлының әдістемелік пікірлері, тіл үйретуде қолданған әдіс-тәсілдері, кешенді жұмыс түрлері мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін теориялық және тұжырымдамалық жағынан жетілдіруге мүмкіндік береді» [8, 105]. Десек те, алаш қайраткерінің еңбектері тіл оқыту саласында ғана емес, сонымен бірге химия сияқты жаратылыстану пәндерін тиімді меңгертуде де құнды әдістемелік құрал бола алады.

Алаштанушы, ғалым Қайырбек Кемеңгер айтқандай: «Алаш қайраткер-

лерінің оқу құралдары мен оқулық даярлау тәжірибесін зерттеу ісі – алаштанудың өзекті бағыты. Күрделі тарихи кезеңде қайраткерлік саяси күресте жүрген зиялылар халықты ағарту саласында зор еңбек сіңірді. Ел мұратын, ұлт мүддесін жоғары қоя білген алаш қайраткерлерінің қажырлы қызметі, тағылымы мен өнегесі, білім беру бағытындағы көзқарасы бүгінгі күн шындығымен сабақтастырыла әлі де терең зерделену керек деп білеміз [9]. Ең бастысы, «XX ғасыр басындағы ғылыми аудармалар мен терминжасам тәжірибесі қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі әлеуетін айқындады. Алаш оқымыстыларының еңбегі нәтижесінде қазақ тілінде ой айту дәстүрі қалыптасты» [10, 145]. Сондықтан олардың оқулық жазу тәжірибесі мен ғылыми-ағартушылық мұрасын бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарастырып, заман шындығымен сабақтастыра зерделеу – ұлттық білім мен ғылым тарихындағы сабақтастықты танудың маңызды жолы деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Лебедев, П.П. Химия. – М.: Госиздат, 1927. – 329 с.

2. Жөнкешев, Б.С. Қошке Кемеңгерұлы және химия терминдері // Терминологиялық хабаршы. – 2010. – № 2. – Б. 4-14.

3. Шормақова, А.Б. XX ғасыр басында Қ. Кемеңгерұлы аударған «Химия» (П. Лебедевтен) оқулығындағы септік қосымшаларының қолданысы // Tiltanym. – 2020. – № 3. – Б. 61-67.

4. Кемеңгерұлы, Қ. Үш томдық шығармалар жыйнағы. Т. 3: Кімійе (химия). Қазақша-орысша тілмаш / құраст. Қамзабекұлы, Д. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

5. Оспанова, М.Қ., Аухадиева, Қ. С., Белоусова, Т.С. Химия: 7-сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп, 2025. – 148 б.

6. Әбділманов, А. Қошке Кемеңгерұлы және қазақ терминжасамының бастаулары // Тіл және қоғам. – 2025. – № 2 (62).

7. Дауренбекова, Л. Алаш зиялыларының аударма оқулықтарындағы баламалылық. – Астана: Focus, 2025. – 199 б.

8. Шормақова, А. Қошке Кемеңгерұлының «жат тілді» оқыту әдісі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2022. – № 2. – DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2020-3-61-67

9. Кемеңгеров, Қ. Алаш оқулықтары. – URL: https://egemen.kz/article/349883-alash-oqulyqtary

10. Daurenbekova, L., Soltanaeva, E., Adaeva, Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success // JSSER. – 2025. – № 2. – URL: http://www.jsser.org/index.php/JSSER

Л.Н. ДАУРЕНБЕКОВА
Евразийский гуманитарный институт имени А.Кусайнова

УЧЕБНИК ПО ХИМИИ В ПЕРЕВОДЕ КОШКЕ КЕМЕНГЕРУЛЫ

Аннотация. Начало XX века ознаменовалось переломным этапом в духовной и научной жизни казахского народа. Пробуждение национального сознания и активизация просветительского движения способствовали формированию научных и культурных процессов, направленных на общественное развитие. Учебные труды, созданные и переведённые в данный период, сыграли важную роль в становлении казахского языка как языка науки. Перевод передовых научных работ на родной язык стал одним из ключевых инструментов формирования национального научного мышления и научной терминологии.

Процесс формирования казахскоязычной научной терминологии свидетельствует о качественном этапе культурного и научного развития нации. В начале XX века труды по естественным наукам начали активно переводиться на казахский язык, что положило начало систематизации и наименованию научных понятий на казахском языке. Одной из первых областей, подвергшихся научному осмыслению на родном языке, стала химия. В статье в сравнительном аспекте анализируется учебник П.Лебедева «Химия», переведённый К.Кеменгерулы, как один из первых казахскоязычных учебников по химии, и выявляются его лингвистические и научно-методические особенности.

Ключевые слова: химия, термин, методика, перевод, Алаш, химические явления.

L.N. DAURENBEKOVA
Eurasian Humanities Institute named after A.K. Kussayinov

CHEMISTRY TEXTBOOK TRANSLATED BY KOSHKE KEMENGERULY

Annotation. The beginning of the twentieth century marked a turning point in the spiritual and scientific life of the Kazakh people. The awakening of national consciousness and the intensification of the enlightenment movement contributed to the formation of scientific and cultural processes aimed at social development. Scholarly works written and translated during this period played a significant role in establishing the Kazakh language as a language of science. The translation of

advanced scientific works into the native language became one of the key instruments for shaping national scientific thinking and developing scientific terminology.

The process of forming Kazakh-language scientific terminology reflects a qualitative stage in the cultural and scientific development of the nation. In the early twentieth century, works in the natural sciences began to be actively translated into Kazakh, laying the foundation for the systematization and naming of scientific concepts in the native language. One of the earliest fields to be scientifically conceptualized in Kazakh was chemistry. This article presents a comparative analysis of P. Lebedev's textbook Chemistry, translated by K. Kemengeruly, as one of the first Kazakh-language textbooks on chemistry, and identifies its linguistic as well as scientific and methodological features.

Keywords: chemistry, term, methodology, translation, Alash, chemical phenomena.

References

1. Lebedev, P.P. Himia [Chemistry]. – M.: Gosizdat, 1927. – 329 s.

2. Jönkeşev, B.S. Qoşke Kemeñgerūly jäne himia terminderı [Koshke Kemengeruly and chemistry terms] // Terminologialyq habarşy. – 2010. – № 2. – B. 4-14.

3. Şormaqova, A.B. HH ğasyr basynda Q. Kemeñgerūly audarğan «Himia» (P. Lebedevten) oqulyğyndağy septık qosymşalarynyñ qoldanysy [Use of case endings in the Chemistry textbook translated by Q. Kemengeruly at the beginning of the 20th century] // Tiltanym. – 2020. – № 3. – B. 61-67.

4. Kemeñgerūly, Q. Üş tomdyq şyğarmalar jyinağy. T. 3: Kımıie (himia). Qazaqşa-orysşa tılmaş [Collected works in three volumes. Vol. 3: Chemistry. Kazakh-Russian interpreter] / qūrast. Qamzabekūly, D. – Almaty: El-şejıre, 2013. – 384 b.

5. Ospanova, M.Q., Auhadieva, Q.S., Belousova, T.S. Himia: 7 synyp oqulyğy [Chemistry: grade 7 textbook]. – Almaty: Mektep, 2025. – 148 b.

6. Äbdılmanov, A. Qoşke Kemeñgerūly jäne qazaq terminjasamynyñ bastaulary [Koshke Kemengeruly and the origins of Kazakh term formation] // Tıl jäne qoğam. – 2025. – № 2 (62).

7. Daurenbekova, L. Alaş zialylarynyñ audarma oqulyqtaryndağy balamalylyq [Equivalence in translated textbooks of Alash intellectuals]. – Astana: Focus, 2025. – 199 b.

8. Şormaqova, A. Qoşke Kemeñgerūlynyñ «jat tıldı» oqytu ädısı [Koshke Kemengeruly's method of teaching a "foreign language"] // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – 2022. – № 2. – DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2020-3-61-67

9. Kemeñgerov, Q. Alaş oqulyqtary [Alash textbooks]. – URL: https://egemen.kz/article/349883-alash-oqulyqtary

10. Daurenbekova, L., Soltanaeva, E., Adaeva, Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success // JSSER. – 2025. – № 2. – URL: http://www.jsser.org/index.php/JSSER

Автор туралы мәлімет

Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана қ., Қазақстан.

Дауренбекова Лаура Нугайбековна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, г. Астана,Казахстан.

Daurenbekova Laura Nugaibekovna – candidate of philological sciences, associate professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanitarian Institute, Astana c, Kazakhstan.

ХҒТАР 16.01.33

DOI

[1]А.Н. ДОСМАИЛОВА

[2]А.Ж. УДЕРБАЕВ

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ [1, 2]

(e-mail: a.dosmailova@satbayev.university[1], a.uderbayev@satbayev.university[2])

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ терминографиясының тарихи маңызы, әскери лексикографияның қалыптасу және даму үдерісі қарастырылады. Әскери терминологияның қалыптасуы мен сөздік түрінде жүйелену үдерісі тек тілтанымдық емес, сонымен қатар әлеуметтік, тарихи, мәдени факторлармен де тығыз байланысты. Зерттеуде қазақ тіліндегі әскери терминдердің тарихи негіздері, олардың жүйелену жолдары салалық сөздіктер арқылы бекітілу ерекшеліктері талданады. Кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі әскери лексикографиялық еңбектерге салыстырмалы талдау жасалып, әскери терминдердің аударылуы мен баламалануының өзекті мәселелері айқындалады.

Сонымен қатар ұлттық тілдік негізде жасалған терминдердің әскери коммуникациядағы қызметі мен терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етудегі рөлі көрсетіледі. Бұл тұжырымдар мемлекеттік тілдің кәсіби қолданысын кеңейтуге бағытталған қазіргі тіл саясаты тұрғысынан аса маңызды. Қазіргі цифрлық технологиялардың, соның ішінде ұлттық корпустың әскери терминдердің жүйелі берілуіне назар аударылады. Зерттеу нәтижелері қазақ әскери терминографиясын одан әрі жетілдіруге бағытталған ғылыми-практикалық тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: термин, лексика, лексикология, салалық терминология, әскери терминология, терминография, салалық сөздік, сөзжасам, терминологиялық жүйе, аударма, әскери іс.

Кіріспе

Белгілі бір ғылым саласы терминологиялық жүйе арқылы сипатталады. Ғылыми және кәсіби салалардағы терминологиялық жүйе – тілдің функционалдық қуатын айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Терминдер тек белгілі бір саланың мазмұнын білдірумен шектелмей, оның даму дәрежесін, ғылыми жетістігін және кәсіби деңгейін де көрсетеді. Ғылым дамыған сайын терминдерге деген сұраныс артады. Терминдердің ғылыми нақтылығы әлсіреген де, олардың мағыналық аясы кеңейіп, бейтерминдену үдерісі жүреді. Бұл терминнің бұрынғы концептуалдық мазмұны жойылып, жалпы лексикалық бірлікке айналуына әкеледі. Бұл сала көптеген терминологиялық жүйелерден құрылады және терминдер сол саланы сипаттап қана қоймай, тану, даму дәрежесін, ғылыми, кәсіби деңгейлерін де көрсетеді, айқындайды. Әрбір ғылым термині – адам іс-әрекетінің жемісі, сондай-ақ ғылыми білімнің көрсеткіші. Нақты терминологиялық жүйелер аясындағы терминдер белгілі бір шеңберде ғана қолданылып, шектеулі мағынаға ие болады. Қазақ тіл білімінде терминологиялық лексиканы зерттеп, ғылыми-терминологиялық негіздерін анықтауда А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, А.Ысқақов, М.Балақаев, Ә.Қайдаров, Ш.Сарыбаев, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы т.б. ғалымдардың еңбектерінің орны ерекше. Тіл білімі саласы бойынша А.Байтұрсынұлын ерекше атаймыз, себебі «Оқу құралынан» бастап, «Әліп-би» мен «Тіл-құралда» қазақ тіл білімінің басты әрі негізгі терминдерін жасады. А.Байтұрсынұлы бірінші болып ашқан, ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, ережелері, терминдері бүгінгі қазақ тілтанымында үлкен орын алады. Бір ұлттың тілтанымдық, әдебиеттанымдық, әдістемелік, ғылыми салаларының терминологиясын жасап берді. Қазақ тіл білімінде, жалпы түркі тіл білімінде бірінші болып ғылыми термин жасаудың негізгі принциптерін, категорияларын, ұғымдық

және мағыналық ерекшеліктерін анықтады. Терминжасам теориясының негізін салу үшін А.Байтұрсынұлы жалпы сөзжасам теориясының ғылыми негіздерін қалады. Терминжасамды ғылыми мәселе деңгейінде қарастырғанда қазақ және басқа түркі тілдерінің жалғамалы тілдер екендігін бірінші орынға шығарды. А.Байтұрсынұлының ғылыми термин жасаудағы сіңірген елеулі еңбектері өзінен кейінгі әдеби тіліміздің дамуына өзіндік үлес қосты, терминология саласында аянбай еңбек етіп жүрген ғалымдарға жол салып берді. 1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралықта А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес термин шығармашылығы ұлттық сипатта дамыды.

Қазақ тіл білімінде терминдердің даму, қалыптасу тарихы туралы академик Ө.Айтбайұлы былай пайымдайды: «Сөздердің терминге айналуы, тілдің терминологиялық жүйесінің пайда болуы белгілі бір объективті себептермен түсіндіріледі. Лексиканың осы қатарына көңіл бөліп, оны жинақтау, насихаттау әрекеті XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырлардың басынан бастау алған екен. Сол кездегі тамтұмдап қазақ тілінде шыға бастаған газет, журналдар материалын қарасақ, термин деп айдар тағып, ауыз толтырып айта алмағанмен, терминдік қызметі айқындала бастаған сөздер тізімдерін беру тәжірибесін кездестіреміз» [1, 58]. Яғни, отандық терминология мәселесі XVIII ғасырдың аяғында-ақ қолға алына бастады деуге негіз бар. Қазақ терминологиясының қалыптасуына көз жүгіртсек, тіл білімі саласы бойынша А.Байтұрсынұлын ерекше атаймыз, себебі «Оқу құралынан» бастап, «Әліп-би» мен «Тіл-құралда» қазақ тіл білімінің басты әрі негізгі терминдерін жасады. Ғалым «Қазақ сөзі» еңбегінде: «Жалпы, термин жасау дағдысында А.Байтұрсынұлы ұстанған ең басты принципті анық аңғарамыз. Оның бірі және ең негізгісі – термин жасауда қазақ сөзінің өз мүмкіндігін сарқа пайдалану. Термин жасау принципінде ана тілдің ішкі сырын жете пайдаланды дегенде де, біз А.Байтұрсынұлының өзге озық ел тілдерінің грамматикалық категориялар түзудегі тәжірибесін терең меңгергенін байқамай тұра алмаймыз», - дейді [1, 29]. 1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралықта А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес термин шығармашылығы ұлттық сипатта дамыды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

1927 жылы Қызылорда қаласында Н.Қаратышқановтың «Пән сөздері» сөздігі басылып шықты. «Пән сөздері» сөздігінің өзіндік ерекшелігі әскери іс, биология, математика, экономика, іс қағаздары сияқты бірнеше ғылым саласына қатысты терминдер енген, яғни бірнеше сала бойынша бірінші қабылданған ресми терминдер қамтылған [2]. Бұл сөздік жөнінде қазақ терминологиясын зерттеген ғалым Ш.Құрманбайұлы кітаптың алғы сөзінде:

« ... бұл сөздік те өз уақытының талабына, терминологияның даму үрдісіне сай жасалған. Дәлірек айтқанда, 20-жылдары ғылымның сан түрлі салалары бойынша қазақ зиялылары жасап, өздерінің ұлт тілінде жазған оқулықтары мен ғылыми еңбектеріне алғаш енгізген және сол кезде шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде қолданылған терминдер осы сөздіктен орын алды. Сөздікке енгізілген ондай терминдерді Қазақстан оқу комиссариятының білім ордасы бекітіп отырған. Сөздік бекітілген терминдерді көпшілікке таныстырып, оларды мамандардың бірізді қолдануын мақсат еткен алғашқы құрал болуымен құнды», - деп баса назар аударады [3, 4]. Е.Әбдірәсілов былай дейді: «Ең алдымен бұл сөздік уақыттық жағынан да «Атаулар сөздігінен» бұрынырақ шыққан сөздік болып есептеледі, әрі көздеген мақсаты тұрғысынан да аты айтып тұрғандай, сол кезеңде «Пән сөздері» деп аталған терминдерді жүйелеп беруді көздеген сөздік-еңбектердің бірі» [4, 141].

Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар, ғылыми құндылығын жоймаған келесі еңбек – «Атаулар сөздігі». Бұл сөздікті 1931 жылы 5000 таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте сегіз мыңнан аса атау қамтылған. Білім кеңесі сол кездегі бірінші кезекте тұрған мәселе ретінде осы пән атауларын жинап, тез арада жұртшылыққа ұсынады [5]. «Атаулар сөздігінен» өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының соңындағы термин шығармашылығы, терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясы жұмысы мен ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған принциптерін көруге болады.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ терминографиясындағы әскери лексикографияның қалыптасуын зерттеу тек тілтанымдық емес, әлеуметтік-маңызды мәселе ретінде де қарастырылады. Қазақ тіліндегі әскери терминдердің едәуір бөлігі өзге тілдерден аудару арқылы қалыптасқандықтан, бұл салада аударма теориясы мен терминжасам қағидаттары шешуші рөл атқарады. Әскери салада қолданылатын терминдер ерекше маңызға ие, себебі олар басқару, бұйрық беру, стратегиялық жоспарлау сияқты нақты әрекеттермен тікелей байланысты. Сондықтан әскери терминологиядағы бірізділіктің болмауы практикалық қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Қазақ тіліндегі әскери терминдерді халықтың дәстүрлі әскери тәжірибесімен байланыстыруға болады. Қол, жасақ, сарбаз, батыр, жорық, қару сияқты атаулар ауыз әдебиеті мен тарихи жазбаларда кеңінен қолданылған. Дегенмен бұл кезеңде әскери терминдер арнайы сөздіктерде емес, көркем және тарихи шығармаларда ғана сақталды. Алайда, бұл лексика ұзақ уақыт бойы жүйеленген терминологиялық сипатқа ие бола алмады. Әскери ұғымдарды арнайы сөздік ретінде тіркеу қажеттілігі кәсіби әскер құрылымының пайда болуымен

және ресми құжат айналымының кеңеюімен байланысты туындады. Осы кезеңнен бастап қазақ әскери лексикасы терминологиялық деңгейге көтеріле бастады.

Талқылау

ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде салалық лексиканы жүйелеу қажеттілігі туындап, әскери терминдер жалпы түсіндірме және аударма сөздіктерде тіркеле бастады. Бұл еңбектер қазақ әскери терминографиясының алғашқы кезеңдері деуге болады. Қазақ терминографиясында әскери терминдердің алғашқы көрінісі Қ.Кемеңгерұлы жетекшілік еткен «Қазақша-орысша тілмаш» еңбегінде беріледі [6]. Кейіннен бұл бағыт «Қазақша-орысша әскерлік атаулар» сөздігінде жалғасын тапты. Онда әскери терминдер қазақ тілінің дыбыстық, морфологиялық заңдылықтарына бейімделіп берілді. Ш.Құрманбайұлы мен О.Жұбаева бұл сөздікті араб графикасынан кириллицаға көшіріп жазды [7].

Әскери терминдерді қазақ тіліне бейімдеуде ең жиі қолданылған тәсіл – құрылымдық калька. Орыс тіліндегі терминдердің мағыналық құрылымы сақталып, қазақ тілінің грамматикалық формаларына икемделді. Бұл тәсіл терминді жылдам енгізуге мүмкіндік бергенімен, кей жағдайда қазақ тілінің табиғи сөзжасам мүмкіндіктерін шектеді.

Сонымен қатар бірқатар терминдер аударылмай, түпнұсқа қалпында қолданысқа енді. Мұның себебі әскери ұғымдардың халықаралық сипатта болуы және олардың мағынасын өзгеріссіз сақтау қажеттілігімен түсіндіріледі. Кеңестік кезеңде әскери терминологияда бір ұғымның бірнеше атауда қолданылуы жиі байқалды. Бұл құбылыс аудармадағы бірізді әдістеменің болмауынан туындады. Мұндай көпнұсқалылық әскери мәтіндерді түсінуді қиындатып, терминологиялық жүйенің қалыптасуын баяулатты.

Қазақ тіл білімінде салалық терминологиялық сөздіктерді құрастыру ісі Кеңес үкіметі тұсында жанданды. Әскери терминдер мен әскери лексиканы зерттеуге біршама ғылыми еңбектер арналды. Кеңестік дәуірде қазақ терминографиясында әскери сөздіктерді жасау үдерісі қарқын алды. Бұл кезеңде әскери салаға қатысты арнайы терминологиялық сөздіктер мен анықтамалықтар жарық көрді. Сөздіктердің негізгі мақсаты – орыс тіліндегі әскери терминдерді қазақ тіліне аудару және ресми қолданысқа енгізу болды. Аталған кезеңдегі әскери сөздіктерде:

- аударма тәсілі басым болды;
- көптеген терминдер калькалау немесе транслитерация арқылы берілді;
- терминдердің ұлттық тілдік ерекшеліктері толық сақтала бермеді.

Соған қарамастан, бұл сөздіктер қазақ әскери терминологиясының қалыптасуында маңызды кезең ретінде бағаланады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің қоғамдық қызметі айтарлықтай кеңейді. Әскери сала да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Қазақ әскери терминографиясы ұлттық тілдік негізге сүйенген жаңа кезеңге өтті. Бұл кезеңде әскери терминдерді аударуда мағыналық дәлдікпен қатар, қазақ тілінің ішкі ресурстарын пайдалану басты талап ретінде қойылды. Терминдерді мүмкіндігінше төл сөздер арқылы жасау немесе бұрыннан бар лексикалық бірліктерді жаңаша мағынада қолдану үрдісі күшейді. Мұндай тәсіл қазақ әскери терминологиясының дербес жүйе ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Қазіргі әскери терминологиялық сөздіктер тек анықтамалық құрал ғана емес, сонымен қатар нормалаушы фактор ретінде де маңызды. Олар терминдердің ресми қолданысын бекітіп, аударма тәжірибесіне бағыт береді. Бұл сөздіктер әскери лексикографияның ғылыми сипат алғанын көрсетеді. Әскери терминдерді аударуда мағыналық дәлдікпен қатар, қазақ тілінің ішкі ресурстарын пайдалану басты талап ретінде қойылды. А.Байтұрсынұлының «тілді сарқа пайдалану» қағидасы ене бастады. Терминдерді мүмкіндігінше төл сөздер арқылы жасау немесе бұрыннан бар лексикалық бірліктерді жаңаша мағынада қолдану үрдісі күшейді. Мұндай тәсіл қазақ әскери терминологиясының дербес жүйе ретінде қалыптасуына ықпал етті және әскери лексикографияның ғылыми сипат алғанын көрсетеді. Әскери термин аударма мағыналық дәлдік пен функционалдық сәйкестікті қатар талап етеді. Термин тек сөздік балама ретінде емес, нақты кәсіби ұғымды білдіретін құрал ретінде қабылдануы тиіс.

Кейбір әскери атауларды толық аудару олардың мағынасын тарылтып жіберуі мүмкін. Сондықтан қазіргі тәжірибеде халықаралық терминдерді ішінара сақтау немесе дефинициясы арқылы қолдану кең тараған. Бұл тәсіл әскери коммуникацияның тиімділігін арттырады.

Әскери терминологияны ұлттық тілдік қағидалар негізінде жүйелеу мәселесінің өзектілігі практикалық қолданыс барысында айқын көріне бастады. Әсіресе әскери-құқықтық сипаттағы құжаттар мен оқу-әдістемелік материалдарда бір ұғымның бірнеше атаумен берілуі терминологиялық жүйеде бірізділіктің қалыптаспағанын аңғартты. Бұл жағдай ресми мәтіндердің мағыналық дәлдігіне нұқсан келтіріп, әскери саладағы тілдік нормалардың орнығуына елеулі кедергі жасады. Мәселен, орыс тіліндегі устав термині қазақ тілінде ұзақ уақыт бойы «ереже» және «жарғы» атауларымен қатар қолданылып келді. Мұндай әртүрлілік ұғымның құқықтық және функционалдық мазмұнын нақтылау тұрғысынан қиындық туғызды. Осыған байланысты тәуелсіздік жылдарында аталған терминді «жарғы» нұсқасында бекіту қажеттігі туындап, ол әскери терминологияны стандарттау бағытындағы маңызды қадамға айналды. Әскери терминдерді баламалау үдерісінің

өзектілігі негізгі институционалдық атаулардан да байқалады. Бұрын вооружённые силы ұғымы қазақ тілінде «әскер», «армия» секілді жалпылама сөздермен алмастырылып қолданылса, қазіргі ресми әскери дискурста «қарулы күштер» атауы орнықты. Бұл атау әскери құрылымның мазмұндық аясын толық қамтып қана қоймай, қазақ тілінің сөзжасамдық мүмкіндіктеріне де сәйкес келеді. Соның нәтижесінде бір ұғымға бір атау беру қағидаты орныға бастады. Терминологиялық біріздендіру қажеттілігі противовоздушная оборона ұғымының қолданысынан да анық көрінеді. Бұл термин әр кезеңде «әуе шабуылына қарсы қорғаныс», «ауа қорғанысы», «әуе қорғанысы» тәрізді әрқилы нұсқаларда қолданылып, мағыналық тұрақсыздыққа себеп болды. Қазіргі әскери мәтіндерде «әуе қорғанысы» атауының бекітілуі терминологиялық жүйені ықшамдап, нақтылауға бағытталған саналы тілдік шешім ретінде бағаланады. Сол сияқты боеспособность терминінің «ұрысқа қабілеттілік» және «жауынгерлік қабілет» түрінде жарыса қолданылуы да қайта қарауды қажет етті. Семантикалық тұрғыдан «жауынгерлік» ұғымы әскери дайындықтың, моральдық-психологиялық жағдайдың және тактикалық мүмкіндіктердің жиынтығын қамтитындықтан, бұл атау ұғым мазмұнын неғұрлым дәл жеткізеді.

Жалпы алғанда, келтірілген деректер тәуелсіздік кезеңінде қазақ әскери терминологиясын ұлттық тілдік негізде қайта қарастыру, баламаларды нақтылау және терминдерді біріздендіру жұмыстарының теориялық ізденістерден ғана емес, нақты коммуникативтік әрі практикалық қажеттіліктерден туындағанын дәлелдейді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі әскери сөздіктер:

- ұлттық терминжасам қағидаттарына сүйенді;
- терминге қойылатын негізгі талаптарға жауап берді;
- терминдердің семантикалық дәлдігін арттыруға бағытталды;
- әскери білім беру мен ресми құжаттарда қолдануға бейімделді.

Нәтижелер

1997 жылы ҚР Қорғаныс министрі С.Б. Тоқпақбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде «Әскери әмірлер ана тілінде айтылсын» мақаласы жарық көреді. 150-ден аса әскери термин мен әскери әмір көпшілікке ұсынылады. «Әскери әмір, бұйрықтардың қысқа да, нұсқа болғаны дұрыс. Сол үшін Түрік армиясының, Кеңес үкіметінің, Ресейдің осындай әскери әмір, бұйрықтарын қарап, өзіміз жасаған сөздікті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына қаратып, олардың түзетулерін енгіздік» - дейді, яғни қазақ әскери тілін дамытуға қатысты нақты қадамдар жасалды [8]. Содан кейінгі жылдары әскери терминдер барынша қазақшаланып бірнеше терминологиялық сөздік жарық көреді. К.Аманжолов, А.Тасболатов жетекшілігімен «Әскери

терминдердің түсіндірме сөздігі», ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 5000-нан астам терминнің қазақша-орысша терминологиялық сөздігі, 2003 жылы ҚР Қорғаныс министрі, армия генералы М.Қ. Алтынбаевтың жетекшілігімен 2000-нан аса терминнің «Әскери терминдердің орысша-қазақша сөздігі», одан кейінгі жылдары 4000-нан аса термин қамтылған ҚР Әскери академиясы мен ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери-ғылыми орталығы, ҚазҚМПУ бірлескен салалық ғылыми түсіндірме сөздігі жарық көрді. https://termincom.kz/ сайтында 12000 термин тіркелген. Бұл сөздіктерде терминдер мағыналық, тақырыптық, салалық қағидаттарға сай жүйеленіп, қысқартылған нұсқалары мен контекстік қолданылуы берілген. Олар – әскери сала қызметкерлері мен мамандарға, сондай-ақ аудармашылар мен зерттеушілерге арналған маңызды құрал. Бұрын орыс тілінде қолданып жүрген біршама әскери терминдер қазақ тілінде аударылғанын байқауға болады.

Қазақ әскери терминологиясының орнығуы тілдік даму үдерісінің ішкі заңдылықтарымен ғана емес, мемлекеттің қорғаныс саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету талаптарымен де тығыз байланысты. Бұл саладағы терминқордың қалыптасуы бір мезетте жүзеге асқан құбылыс емес, бірнеше тарихи кезеңдерді қамтитын күрделі әрі көпқырлы үдеріс болып табылады. Алғашқы ұлттық бағыттағы талпыныстар XX ғасырдың басында әскери лексиканы ана тілі мүмкіндіктерімен жеткізуге ұмтылған зиялы қауым өкілдерінің еңбектерінен көрініс тапса, қазіргі кезеңде бұл жұмыс арнайы ғылыми зерттеулер мен тар шеңберлі сөздік басылымдар арқылы жалғасуда.

Әскери терминографиялық тәжірибе уақыт өте келе белгілі бір жүйеге түскенімен, аталған салада әлі де толық шешімін таппаған мәселелер бар. Терминдердің қолданымындағы ала-құлалық, ұғымдар арасындағы мағыналық шекараның көмескілігі және бірізді норманың толық қалыптаспауынан туындайтын қиындықтар тілдік саясаттың бұл бағытын одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, тілші ғалымдар мен әскери қызметкерлер арасындағы жүйелі әріптестік кәсіби қолданысқа бейім, мағынасы нақты әрі функционалдық тұрғыдан орнықты терминологиялық жүйе құрудың негізгі алғышарты болып саналады. Мұндай өзара ықпалдастық әскери атаулардың тек теориялық деңгейде емес, нақты қызметтік коммуникацияда орнығуына мүмкіндік береді. Әскери терминдердің сұрыпталып, жүйеленуіне арналған жоғарыда аталған жұмыстар осы бағыттың негізгі тірегіне айналды. Олар әскери ұғымдардың мазмұнын айқындап қана қоймай, олардың ресми тілдік айналымға енуін қамтамасыз етеді. Дегенмен, қазіргі ғылыми кеңістікте дәстүрлі әдістермен қатар жаңа технологиялық шешімдерді қолдану қажеттілігі артып отыр. Осы орайда цифрлық лингвистика құралдары мен жасанды

интеллект мүмкіндіктерін пайдалану қазақ әскери терминологиясын зерттеуге жаңа деңгей әкеледі. Мұның нақты көрінісі ретінде қазақ тілінің ұлттық корпусын атауға болады. Корпустық база әскери терминдердің мәтін ішіндегі нақты қолданысын, контекстік жүктемесін және жиілік көрсеткіштерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Мұндай деректер терминдерді дәл анықтау мен стандарттау үдерісін ғылыми тұрғыдан негіздеуге жағдай жасайды.

Сонымен, дәстүрлі терминологиялық тәсілдер мен цифрлық әдістердің ұштасуы қазақ әскери терминографиясының сапасын арттырып, оны заман талаптарына бейімдеудің тиімді жолы болып табылады.

Қорытынды

Кез келген ғылым-білім саласының өзінің тілі немесе терминологиясы болады. Сала терминологиялары сол білімнің ұғымдарын белгілейтін көптеген терминдер жиынтығынан құралады. Терминология терминдік бірліктер жүйесі ретінде ұғымдар жүйесін де айқындайды, сондықтан да терминдер сол сала білімін сипаттап қана қоймай, сонымен бірге аталмыш саланың таным деңгейін де көрсетеді. Әрбір ғылым мен техниканың термині білім саласындағы адамның танымдық қызметінің нәтижесі, ол сол саланың таным құралы және кәсіби-ғылыми білімді сақтаушы әрі беруші болып табылады. Белгілі бір терминологиялық жүйе мүшесі ретінде термин арнайы «кішігірім тілдің» тілдік бірлігі және сол салада ғана қолданылады. Осыған орай ол міндетті түрде сол терминологиялық жүйені айқындайтын теорияның дамуына тікелей байланысты болып келеді. Термин ұғымның атауы ретінде шектеулі мағынаға ие болады. Қазақ тіліндегі әскери сөздіктердің дамуы тілдің әлеуметтік қызметінің кеңеюімен тікелей сабақтасқан, көпқабатты лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Әскери атаулардың жүйелі, әрі дәл берілуі кәсіби ортадағы өзара түсіністікті қамтамасыз ететін және мемлекеттің қорғаныс саласына қатысты ақпараттың бұрмаланбауына ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Осы себепті әскери лексиканы ретке келтіру тілдік міндет шеңберінен асып, стратегиялық маңызы бар мәселе деңгейіне көтеріледі.

Ғылым мен техника салаларындағы тиімді коммуникация ерекше «кішігірім тілдер» мен «кішігірім жүйелер» негізінде жүзеге асады. Олардың ішінде ғылыми концептілерді адекватты түрде белгілейтін терминология маңызды орын алады. Сондықтан да қолданбалы лингвистиканың ең бір белсенді, қарқынды дамып жатқан бағыттары терминология мен терминография болып саналады. Қазақ әскери лексикографиясының қалыптасу жолы біртекті емес, ол әртүрлі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты бірнеше даму сатысынан өткен. Ертерек кезеңдерде әскери ұғымдар негізінен халық тіліндегі дәстүрлі атаулар арқылы жеткізілсе, кейінгі уақыттарда өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен аудару арқылы жасалған терминдер басымдық ала бастады.

Бұл үрдіс ұзақ уақыт бойы үстем болған аудармаға тәуелді жүйенің қалыптасуына алып келді. Ал мемлекетіміз тәуелсіздікке қол жеткізілгеннен кейін әскери терминологияны ұлттық тілдің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене отырып қайта пайымдау қажеттілігі туындады.

Қазіргі кезеңде әскери терминдерді аударып қалыптастыру мәселесі өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, халықаралық әскери кеңістіктегі ықпалдастықтың артуына байланысты бұл бағыттағы талаптар күшейе түсті. Термин жасауда мағыналық дәлдік, ұғымдық айқындық және халықаралық нормалармен үйлесімділік қатар сақталуы тиіс. Аталған қағидаттар назардан тыс қалған жағдайда әскери терминологиялық жүйеде нормативтік бірізділік бұзылып, кәсіби коммуникацияның функционалдық деңгейі төмендейді. Әскери терминдерді кездейсоқ баламалау емес, ұғым мазмұнын жан-жақты талдап, оны ұлттық тілдің заңдылықтарына сәйкес бейімдегенде тұрақты, әрі өміршең терминологиялық жүйе қалыптасады. Нәтижесінде қазақ әскери терминографиясы қолданбалы және институционалдық талаптарға толық жауап беретін, қалыптасқан ғылыми сала ретінде дамуға мүмкіндік алады деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Айтбайұлы, Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.

2. Құрманбайұлы, Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері: барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.

3. Әбдірәсілов, Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208 б.

4. Қаратышқанов, Н. Пән сөздері (1927). – Алматы: Ер-Дәулет, 2004. – 128 б.

5. Атаулар сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Байтұрсынұлы, А. – Қызылорда: Қазақстан, 1931. – 168 б.

6. Кемеңгерұлы, Қ. Қазақша-орысша тілмаш. – Мәскеу, 1925.

7. Құрманбайұлы, Ш., Жұбаева, О. Орысша-қазақша әскерлік атаулар. – Алматы: Раритет, 1996.

8. Тоқпақбаев, С.Б. Әскери әмірлер ана тілінде айтылсын // Егемен Қазақстан. – 1997.

9. Қайдар, Ә. Қазақ тілінің ғылыми мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.

Сөздіктер

1. Аманжолов, К., Тасболатов, А. Қазақша-орысша әскери терминдер сөздігі. – Алматы, 2000.
2. Аманжолов, К., Тасболатов, А. Қазақша әскери терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Білім, 1999. – 92 б.
3. Аманжолов, К., Тасболатов, А. Қазақша әскери терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Білім, 2008. – 160 б.
4. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Білім, 2003.

А.Н. ДОСМАИЛОВА
А.Ж. УДЕРБАЕВ
КазНИТУ имени К. И. Сатпаева

ЭТАПЫ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ВОЕННОЙ ТЕРМИНОГРАФИИ

Аннотация. В статье рассматривается процесс формирования и развития военной лексикографии как одной из важных отраслей казахской терминографии. Формирование казахской военной терминологии и её систематизация в виде словарей тесно связаны не только с лингвистическими, но и с социальными, историческими и культурными факторами. В исследовании анализируются исторические основы военных терминов казахского языка, пути их систематизации и особенности закрепления через отраслевые словари. Проведен сравнительный анализ военных лексикографических трудов советского и постсоветского периодов, выявлены актуальные проблемы перевода и поиска эквивалентов военных терминов. Кроме того, показана роль терминов, созданных на национальной языковой основе, в военной коммуникации и обеспечении терминологической унификации. Эти положения имеют особое значение с точки зрения современной языковой политики, направленной на расширение профессионального использования государственного языка. Особое внимание уделено применению цифровых технологий, в том числе национального корпуса, для систематизации военных терминов. Результаты исследования позволяют сформулировать научно-практические выводы, направленные на дальнейшее совершенствование казахской военной терминографии.

Ключевые слова: термин, лексика, лексикология, отраслевой терминологический словарь, военная терминология, терминография, отраслевой словарь, словообразование, терминологическая система, перевод, военное дело.

A. N. DOSMAILOVA
A. Z. UDERBAYEV
Kazakh National Research Technical University named after K.I. Satpayev

KEY STAGES IN THE DEVELOPMENT OF KAZAKH MILITARY TERMINOGRAPHY

Abstract. The article examines the formation and development of military lexicography as one of the key areas of Kazakh terminography. The process of establishing Kazakh military terminology and its systematization in dictionary form is closely linked not only to linguistic factors but also to social, historical, and cultural aspects. The study analyzes the historical foundations of military terms in the Kazakh language, their methods of systematization, and the features of their codification through specialized dictionaries. A comparative analysis of military lexicographic works from the Soviet and post-independence periods is conducted, highlighting current issues in the translation and equivalence of military terms. Furthermore, the role of terms created on a national linguistic basis in military communication and in ensuring terminological consistency is demonstrated. These findings are particularly significant in the context of modern language policy aimed at expanding the professional use of the state language. Special attention is given to the application of digital technologies, including the national corpus, for the structured presentation of military terminology. The results of the study provide a basis for scientific and practical recommendations aimed at further improving Kazakh military terminography.

Keywords: term, lexicon, lexicology, specialized terminology, military terminology, terminography, specialized dictionary, word formation, terminological system, translation, military affairs.

References

1. Aitbaiuly, Ö. Qazaq tıl bılımınıñ mäseleleri. Voprosy kazakhskogo iazykoznaniia [Issues of Kazakh Linguistics]. – Almaty: Arys, 2007. – 624 b.
2. Qūrmanbaiuly, Sh. Terminqor qalyptastyru közderı men terminjasam täsılderı: barlyq sala mamandaryna arnalğan ädıstemelık qūral [Sources of terminology formation and methods of term creation]. – Almaty: Sözdık-Slovar, 2005. – 240 b.
3. Äbdiräsilov, E. Qazaq terminografiasynyn jüiesi [System of Kazakh Terminography]. – Astana, 2005. – 208 b.
4. Qaratyshqanov, N. Pän sözderi (1927) [Subject Terms]. – Almaty: Er-Däulet, 2004. – 128 b.

5. Baitursynuly, A. (Ed.). Ataular sözdigi [Dictionary of Terms]. – Qyzylorda: Qazaqystan, 1931. – 168 b.

6. Kemengeruly, Q. Qazaqsha-oryssha tilmash [Kazakh-Russian Interpreter]. – Moscow, 1925.

7. Qurmanbaiuly, Sh., Zhubaeva, O. Oryssha-qazaqsha äskerlik ataular [Russian-Kazakh Military Terms]. – Almaty: Raritet, 1996.

8. Toqpaqbaev, S. B. Äskeri ämirler ana tilinde aitylsyn [Military Commands Should Be Given in the Native Language] // Egemen Qazaqstan. – 1997.

9. Qaidar, Ä. Qazaq tilinin ğylymi mäseleleri [Scientific Issues of the Kazakh Language]. – Almaty: Ana Tili, 1998.

Dictionaries

1. Amanzholov, K., Tasbolatov, A. Qazaqsha-oryssha äskeri terminder sözdigi [Kazakh-Russian Military Terminology Dictionary]. – Almaty, 2000.

2. Amanzholov, K., Tasbolatov, A. Qazaqsha äskeri terminderdin tüsindirme sözdigi [Explanatory Dictionary of Kazakh Military Terms]. – Almaty: Bilim, 1999. – 92 b.

3. Amanzholov, K., Tasbolatov, A. Qazaqsha äskeri terminderdin tüsindirme sözdigi [Explanatory Dictionary of Kazakh Military Terms]. – Almaty: Bilim, 2008. – 160 b.

4. Äskeri terminderdiñ oryssha-qazaqsha tüsindirme sözdigi [Russian-Kazakh Explanatory Dictionary of Military Terms]. – Almaty: Bilim, 2003.

Авторлар туралы мәлімет

Досмаилова Айгул Нуркешовна – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің қауымдаст. профессоры, Алматы қ., Қазақстан.

Досмаилова Айгул Нуркешовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального технического университета имени К.И. Сатпаева, г. Алматы, Казахстан.

Dosmailova Aigul Nurkeshovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Satbayev University, Almaty c., Kazakhstan.

Удербаев Алмас Жауынбаевич – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің қауымдаст. профессоры, Алматы қ., Қазақстан.

Удербаев Алмас Жауынбаевич – кандидат филологических наук, ассо-

циированный профессор Казахского национального технического университета имени К.И. Сатпаева, г. Алматы, Казахстан.

Uderbayev Almas Zhauynbayevich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor K.I. Satbayev Kazakh National Technical University, Almaty c., Kazakhstan.

ХҒТАР 14.07.09
DOI

[1]М.А. БАЙБОСЫНОВА
[2]Н.Т. АЛПЫСБАЕВА
Региональный инновационный университет [1, 2]
(e- mail: baybosynova1963@mail.ru1, nur64ant@mail.ru[2])

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОМУ ПИСЬМУ СТУДЕНТОВ БАКАЛАВРИАТА НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Аннотация. В статье рассматривается методика обучения академическому письму студентов бакалавриата неязыковых специальностей в условиях современного высшего образования. Актуальность исследования обусловлена возрастанием роли письменной академической коммуникации в образовательной и профессиональной деятельности студентов, необходимостью подготовки выпускников, способных к созданию логически выстроенных, аргументированных и стилистически корректных текстов учебно-научного характера, а также недостаточным уровнем сформированности навыков академического письма у обучающихся неязыковых направлений подготовки. Отсутствие системной работы по формированию письменной научной речи в рамках курса русского языка приводит к устойчивым затруднениям в создании аннотаций, рефератов, курсовых и выпускных квалификационных работ.

Цель исследования заключается в разработке и экспериментальной апробации поэтапной методики обучения академическому письму, ориентированной на формирование жанровых, структурных, языковых и рефлексивных компонентов письменной учебно-научной речи. В работе использованы методы анализа научно-методической литературы, педагогического наблюдения, анализа письменных работ студентов, констатирующего и формирующего эксперимента, а также количественного и качественного анализа полученных результатов.

Предложенная методика включает диагностико-ориентировочный, формирующий и контрольно-рефлексивный этапы и основывается на интеграции компетентностного, деятельностного и жанрового подходов. В ходе педагогического эксперимента зафиксирована положительная динамика по структурно-композиционному, языково-стилистическому, логико-содержательному и рефлексивно-редакторскому критериям. Результаты исследования подтверждают эффективность системной поэтапной работы с академическим текстом

и возможность внедрения разработанной методики в практику преподавания русского языка в высшей школе. Определены перспективы дальнейших исследований, связанные с расширением жанрового репертуара академических текстов и совершенствованием методических приёмов формирования аргументации и логики научного изложения.

Ключевые слова: академическое письмо, методика обучения, русский язык в вузе, неязыковые специальности, письменная речь, бакалавриат.

Введение

Современная система высшего образования ориентирована на подготовку выпускников, способных к эффективной письменной коммуникации в учебно-научной и профессиональной сферах [1, 2]. В условиях реализации компетентностного подхода особую значимость приобретает формирование навыков академического письма как универсального инструмента учебной и исследовательской деятельности студентов бакалавриата [3, 4]. Умение создавать логически организованные, аргументированные и стилистически корректные тексты научного характера является необходимым условием успешного освоения образовательных программ, выполнения исследовательских заданий и подготовки выпускных квалификационных работ [5, 6].

Несмотря на возросшее внимание к проблеме письменной академической коммуникации, практика преподавания русского языка в вузе показывает, что студенты неязыковых специальностей испытывают устойчивые трудности при создании учебно-научных текстов [7, 8]. К числу наиболее типичных относятся недостаточная сформированность навыков структурирования материала, слабая аргументация, нарушение логических связей между частями текста, трудности формулирования цели и задач исследования, а также несоблюдение норм научного стиля речи [3, 5, 9]. Указанные затруднения во многом обусловлены фрагментарностью обучения письменной речи и отсутствием системной методики формирования академического письма в рамках курса русского языка [2, 4].

Актуальность исследования определяется противоречием между объективной потребностью высшей школы в выпускниках, владеющих навыками академического письма, и недостаточной разработанностью методических подходов к обучению письменной научной речи студентов неязыковых направлений подготовки [1, 6]. В условиях модернизации высшего образования возрастает необходимость создания методики, обеспечивающей поэтапное и целенаправленное формирование жанровых, структурных, языковых и рефлексивных компонентов академического письма [3, 7].

Проблема обучения письменной речи и академическому письму неоднократно рассматривалась в трудах отечественных и зарубежных исследователей в области педагогики, лингводидактики и методики преподавания русского языка [4, 8, 10]. В научных работах раскрываются вопросы формирования коммуникативной компетенции, культуры научной речи, текстовой организации письменного высказывания и психолингвистических механизмов его порождения [5, 9]. Существенный вклад внесён исследованиями, посвящёнными жанровой специфике академического текста, лексико-стилистическим особенностям научного стиля и требованиям к логичности и доказательности изложения [2, 6].

Вместе с тем анализ научных публикаций показывает, что большинство существующих методических разработок ориентированы преимущественно на филологическую аудиторию [7, 9]. Вопросы системного обучения академическому письму студентов неязыковых специальностей в рамках курса русского языка остаются недостаточно систематизированными [1, 3]. Зарубежные исследования в области academic writing и writing across the curriculum подчёркивают значимость жанрового подхода и формирующего оценивания, однако их положения требуют адаптации к условиям отечественной высшей школы [2, 4, 10].

Таким образом, выявленное противоречие обусловливает необходимость разработки и экспериментальной проверки методики, направленной на комплексное формирование навыков академического письма у студентов бакалавриата неязыковых специальностей [1, 4].

Цель исследования – разработать и экспериментально проверить поэтапную методику обучения академическому письму студентов неязыковых направлений подготовки [1, 3].

Задачи исследования:

– выявить основные трудности, возникающие у студентов при создании академических текстов [2, 5];

– определить структурные и языковые компоненты академического письма, подлежащие целенаправленному формированию [4, 6];

– разработать поэтапную методику обучения академическому письму [1, 3];

– оценить эффективность предложенной методики в ходе педагогического эксперимента [1, 3, 7].

Научная новизна исследования заключается в разработке и апробации комплексной методики, основанной на интеграции компетентностного, деятельностного и жанрового подходов и ориентированной на практическую письменную деятельность студентов [1, 4]. Теоретическая значимость работы состоит в уточнении содержания понятия «академическое письмо» примени-

тельно к обучению русскому языку студентов неязыковых специальностей и в разработке критериев оценки сформированности навыков письменной учебно-научной речи [5, 6]. Практическая значимость определяется возможностью внедрения предложенной методики в образовательный процесс высшей школы [1, 3, 7].

Методы и материалы исследования

Методологическую основу исследования составили компетентностный, деятельностный и жанровый подходы к обучению письменной речи в системе высшего образования [1, 3]. Компетентностный подход ориентирует процесс обучения на формирование у студентов устойчивых умений создавать тексты учебно-научного характера в соответствии с требованиями академической коммуникации [1, 4]. Деятельностный подход предполагает активное включение обучающихся в процесс поэтапного создания и редактирования письменных высказываний [2, 5]. Жанровый подход обеспечивает освоение типовых моделей академических текстов, их структурно-композиционных и языковых особенностей [3, 6].

Теоретическую базу исследования составили труды отечественных и зарубежных учёных, посвящённые проблемам формирования коммуникативной компетенции, культуры научной речи, текстовой организации письменного высказывания и психолингвистических механизмов его порождения [4, 7]. В научных исследованиях раскрываются особенности структуры текста, закономерности логической организации письменной речи, роль когнитивных процессов в формировании навыков письма [5, 6]. Существенное значение имеют работы, посвящённые жанровой специфике академического текста, лексико-стилистическим особенностям научного стиля и требованиям к точности, доказательности и логичности изложения [3, 6, 7].

Анализ научно-методической литературы показал, что, несмотря на значительный объём исследований в области обучения письменной речи, большинство методических разработок ориентированы преимущественно на филологическую аудиторию [4, 6]. Вопросы системного формирования навыков академического письма у студентов неязыковых специальностей в рамках курса русского языка остаются недостаточно структурированными [1, 5]. Зарубежные исследования в области academic writing, writing across the curriculum и language for specific purposes подчёркивают значимость интеграции письменной деятельности в профессиональную подготовку студентов и использования формирующего оценивания, однако их положения требуют адаптации к условиям отечественного высшего образования [7, 8, 10].

Эмпирическая часть исследования проводилась на базе вуза с участием студентов бакалавриата неязыковых специальностей. В эксперименте приняли участие обучающиеся 1-2 курсов, изучающие дисциплину «Русский язык и культура речи» (или аналогичный курс коммуникативного профиля). Общая выборка обеспечивала репрезентативность полученных результатов.

Материалом исследования послужили учебно-научные тексты студентов: аннотации, рефераты, фрагменты курсовых работ, а также письменные задания аналитического и аргументативного характера.

В работе использовались следующие методы исследования:

– анализ научно-методической литературы по проблеме исследования [4, 6];

– педагогическое наблюдение за процессом формирования письменных умений [2, 5];

– анализ письменных работ студентов с использованием разработанных критериев оценки [1, 3];

– констатирующий и формирующий педагогический эксперимент [2, 5];

– методы количественной и качественной обработки результатов [1, 7].

Қазақ тілін игеру тиімділігін арттыру және жақсарту үшін білім беру контентін ағылшын тілінде жасауға, сонымен қатар қазақ тілін жаһандық цифрлық және медиа контент кеңістікке толық қамтамасыз етілуіне жұмыс жасауына қажеттілік бар екенін байқауға болады. Бұл зерттеу жұмысы ағылшын тілінде сөйлейтін шетелдік азаматтар қауымдастығының қазақ тілін меңгерудегі мотивациясы мен нәтижелерін жан-жақты талдауға бағытталған. Сандық (сауалнама) және сапалық (сұхбат) әдістерді қолдана отырып, жүргізілген зерттеу нәтижелері тіл үйренушілердің ағымдағы жағдайы мен қажеттіліктерін анықтады. Зерттеу барысында қатысушылардың басым бөлігі (мектеп оқушылары мен шетелдік мұғалімдер) қазақ тілін А1 және А2 (бастауыш) деңгейінде меңгергені анықталды. Олардың тіл үйренудегі негізгі мотивациясы – жеке қызығушылық (хобби), Қазақстандағы жергілікті халықпен қарым-қатынас орнату қажеттілігі және отбасылық құндылықтарға негізделген интегративті ұмтылыс. Бұл нәтижелер Деси мен Раянның өзін-өзі анықтау теориясымен сәйкес келеді [7].

Тілді игерудегі негізгі қиындықтар ретінде грамматикалық құрылымдардың күрделілігі, тыңдалым дағдыларын дамытудағы кедергілер және сөйлеу практикасының жетіспеушілігі аталды. Зерттеудің маңызды тұжырымдарының бірі – орыс тілін білмейтін шетелдіктер үшін ағылшын тіліндегі сапалы оқу ресурстары мен цифрлық материалдардың тапшылығы. Осы тұста көптеген қолданыстағы ресурстар орыс тілді аудиторияға бағытталған, бұл тіл үйрену процесін қиындатады. Шетелдіктерге қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыру үшін білім беру контентін ағылшын тілінде әзірлеу қажет. Атап айтқанда, заманауи подкасттар, субтитрлі фильмдер және интернет-ресурстар базасын құру – қазақ тілінің халықаралық деңгейде таралуына және тіл үйренушілердің нәтижелерін жақсартуға оң ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми құжаты. – Астана, 2023.

2. Dörnyei, Z., Ushioda, E. Teaching and Researching Motivation. – 2nd ed. – Harlow: Pearson Education, 2011. – 328 p.

3. Gardner, R. C. Attitudes and Motivation in Second-Language Learning. – Rowley: Newbury House, 1972. – 316 p.

4. Reeves, S., Panteleeva, M. Role of motivation in learning a second language for intercultural competence development // Teacher Education / ed. by Valeeva, R. – European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2017. – Vol. 29. – P. 698-704.

5. Alisoy, H. Exploring the types of motivation in second language learning: implications for instruction and learner success // Zenodo. – 2023. – P. 22–24. – DOI: 10.5281/zenodo.8068216.

6. Crookes, G., Schmidt, R. W. Motivation: Reopening the research agenda // Language Learning. – 1991. – Vol. 41, № 4. – P. 469-512.

7. Deci, E. L., Ryan, R. M. Intrinsic Motivation and Self-Determination in Human Behavior. – New York: Plenum Press, 1985. – 372 p.

8. Dörnyei, Z. The L2 Motivational Self System // Motivation, Language Identity and the L2 Self / ed. by Dörnyei, Z., Ushioda, E. – Clevedon: Multilingual Matters, 2009. – P. 9-42.

9. Kazakh // Inner Asian and Uralic National Resource Center. – URL: https://iaunrc.indiana.edu/opportunities/languages/kazakh.html (қаралған күні: 15.11.2025).

10. Kuzembayeva, G. Heritage language experiences and proficiency among ethnic Kazakhs abroad: exploring challenges, language skill requirements, and acquisition barriers // Journal of Social Studies Education Research. – 2024. – P. 348-373.

11. Dauletbekova, Z. Implementing CEFR into Kazakh language education: teachers' perspectives and classroom practices // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – P. 1887-1895.

12. Noels, K. A., Pelletier, L. G., Clément, R., Vallerand, R. J. Why are you learning a second language? Motivational orientations and self-determination theory // Language Learning. – 2000. – Vol. 50, № 1. – P. 57-85. – DOI: 10.1111/0023-8333.00111.

13. Zhumashova, Z. Challenges and recommendations for teaching and learning Kazakh as a second language // Language, Discourse, and Society. – 2023. – Vol. 11, № 2. – P. 119-131.

Б.С. ЕРКИН
Казахский национальный женский педагогический университет

МОТИВАЦИИ И РЕЗУЛЬТАТЫ ОСВОЕНИЯ ИНОСТРАНЦАМИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Современный Казахстан, страна с высокоразвитой информационной инфраструктурой, официально признает казахский язык своим государственным. Несмотря на это, продвижение казахского языка остается актуальной задачей, требующей реформирования. В рамках Концепции развития языковой политики в Республике Казахстан на 2023-2029 годы реализуются меры по его развитию, в том числе увеличение часов, посвященных изучению казахского языка, и модернизация учебных программ в университетах, школах и международных образовательных учреждениях. Обучение казахскому языку осуществляется не только в школах Казахстана, но и в международных учебных заведениях. Настоящее исследование посвящено комплексному изучению мотивов и результатов освоения казахского языка иностранцами, с особым акцентом на англоговорящих. Анализ основных побуждений к изучению языка, а также выявляемых трудностей и практического применения казахского языка имеет важное значение для педагогов при создании методик и программ обучения. Данное исследование ставит перед собой следующие задачи: проанализировать основные учебные цели учащихся, изучающих казахский язык на втором этапе; выделить внутренние и внешние стимулы, побуждающие к изучению казахского языка; оценить успешность освоения казахского языка учащимися и выявить связь между достигнутыми результатами и мотивацией; определить ключевые трудности, возникающие в процессе изучения казахского языка; проанализировать влияние владения казахским языком на личный и профессиональный рост. Для достижения целей в этом исследовании использовался смешанный метод: применялся количественный метод (проведен опрос) и качественный метод (проведены полуструктурированные интервью).

Ключевые слова: казахский язык, иностранные граждане, мотивация, результаты.

B.S. YERKIN
Kazakh National Women's Teacher Training University

MOTIVATION AND OUTCOMES OF LEARNING KAZAKH AMONG FOREIGNERS

Annotation. In modern secular Kazakhstan, a country with well-developed information technologies, the state language is Kazakh. The issue of promoting the Kazakh language still requires further reform. In this regard, in accordance with the "Concept for the Development of Language Policy for 2023-2029," active measures are being taken to develop the Kazakh language, including increasing the number of academic hours and updating curricula in higher education institutions, local schools, and international schools. In addition, the Kazakh language is taught not only in local schools but also in international schools. This study aims to provide a comprehensive understanding of the motivations and outcomes of foreigners particularly English-speaking individuals in learning the Kazakh language. Examining the main motivations for language learning, the challenges encountered, and the practical application of the language is crucial for educators in developing effective methodologies and programs. The objectives of the study are to identify the primary learning goals of participants studying Kazakh as a second language; to determine the internal and external motivational factors that encourage learning Kazakh; to assess participants' achievements in learning Kazakh and relate them to motivation; to identify the main difficulties encountered in mastering the Kazakh language; and to examine the impact of Kazakh language proficiency on participants' personal and professional lives. To achieve these objectives, a mixed-methods approach was employed, including a quantitative survey and qualitative semi-structured interviews.

Keywords: kazakh language, motivation, outcomes, foreigners.

References

1. Qazaqstan Respublikasında tıl saiasatyn damytudyñ 2023–2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasy [Concept for the development of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. – Astana, 2023.
2. Dörnyei, Z., Ushioda, E. Teaching and Researching Motivation. – 2nd ed. – Harlow: Pearson Education, 2011. – 328 p.
3. Gardner, R. C. Attitudes and Motivation in Second-Language Learning. – Rowley: Newbury House, 1972. – 316 p.
4. Reeves, S., Panteleeva, M. Role of motivation in learning a second language

for intercultural competence development // Teacher Education / ed. by Valeeva, R. – European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2017. – Vol. 29. – P. 698-704.

5. Alisoy, H. Exploring the types of motivation in second language learning: implications for instruction and learner success // Zenodo. – 2023. – P. 22-24. – DOI: 10.5281/zenodo.8068216.

6. Crookes, G., Schmidt, R. W. Motivation: Reopening the research agenda // Language Learning. – 1991. – Vol. 41, № 4. – P. 469-512.

7. Deci, E. L., Ryan, R. M. Intrinsic Motivation and Self-Determination in Human Behavior. – New York: Plenum Press, 1985. – 372 p.

8. Dörnyei, Z. The L2 Motivational Self System // Motivation, Language Identity and the L2 Self / ed. by Dörnyei, Z., Ushioda, E. – Clevedon: Multilingual Matters, 2009. – P. 9-42.

9. Kazakh // Inner Asian and Uralic National Resource Center. – URL: https://iaunrc.indiana.edu/opportunities/languages/kazakh.html (accessed: 15.11.2025).

10. Kuzembayeva, G. Heritage language experiences and proficiency among ethnic Kazakhs abroad: exploring challenges, language skill requirements, and acquisition barriers // Journal of Social Studies Education Research. – 2024. – P. 348-373.

11. Dauletbekova, Z. Implementing CEFR into Kazakh language education: teachers' perspectives and classroom practices // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – P. 1887-1895.

12. Noels, K. A., Pelletier, L. G., Clément, R., Vallerand, R. J. Why are you learning a second language? Motivational orientations and self-determination theory // Language Learning. – 2000. – Vol. 50, № 1. – P. 57-85. – DOI: 10.1111/0023-8333.00111.

13. Zhumashova, Z. Challenges and recommendations for teaching and learning Kazakh as a second language // Language, Discourse, and Society. – 2023. – Vol. 11, № 2. – P. 119-131.

Автор туралы мәлімет

Еркін Бибіпатима Сүндеттіләқызы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Еркин Бибипатима Сундеттилаевна – Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан.

Yerkin Bibipatima Sundettilakyzy – Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty c., Kazakhstan.

[1]Ж.Ж. КАБИДУЛЛИЕВА
[2]А.А. САТБЕКОВА
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті[1, 2]
(e-mail: zhusupovna01@mail.ru)

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ КОГНИТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ДАМЫТА ОҚЫТУ (7-СЫНЫП)

Аңдатпа. Бұл мақалада 7-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқыту мәселесі қарастырылады. Зерттеу қазақ тілін антропоцентристік бағытта меңгертудің өзектілігіне сүйеніп, тұрақты тіркестердің оқушы санасында концепт қалыптастырушы, ұлттық-мәдени ақпаратты жеткізуші және бейнелі ойды белсендіруші күрделі тілдік бірлік ретіндегі мәнін айқындауға бағытталады. Фразеологизмдердің табиғаты мен тілдік қызметін сипаттаған І. Кеңесбаев [1] пен Г.Смағұлова [2] еңбектері зерттеудің лингвистикалық негізін құрайды. Сонымен бірге тілдік қатынас теориясын және қазақ тілін оқытудың әдістемелік ұстанымдарын жан-жақты негіздеген Ф.Оразбаева [3], Қ.Бітібаева [4] еңбектері фразеологизмдерді оқытудың педагогикалық және әдістемелік бағдарын айқындауға мүмкіндік береді. Мақалада жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығындағы фразеологизмдерге қатысты материалдар қарастырылып, олардың оқушының ұлттық-мәдени танымын, тілдік қорын және прагматикалық сезімін дамытуға ықпал ету әлеуеті талданады. Зерттеу барысында ұсынылған қосымша тапсырмалар оқушылардың концептуалдық ойлауын, фразеологиялық мағыналарды контексте түсіну қабілетін және тұрақты тіркестерді қарым-қатынаста орынды қолдану дағдыларын жетілдіруге бағытталды. Зерттеу нәтижелері тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқыту оқушылардың тілдік, танымдық және коммуникативтік құзыреттерін кешенді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Түйін сөздер: фразеологизм, когнитивті-прагматикалық оқыту, антропоцентристік парадигма, дамыта оқыту, 7-сынып, когнитивтік даму, прагматикалық құзырет.

Кіріспе

Тұлғаның рухани дамуында сөз мәдениетінің, тілдік қордың, бейнелі сөздердің орны ерекше. Оқушылардың тілдік құзыретін кеңейтіп, сөйлеу әрекетін дамытуда ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты тілдік бірліктерді меңгерту, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу – ұлттық

стратегияның маңызды бағыты. Солардың ішінде халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-санасының, дүниетанымының айнасы болып табылатын фразеологизмдер ерекше мәнге ие. Фразеологизмдер – тақырыптық және семантикалық тұрғыдан көпқырлы, эмоционалды-экспрессивтік реңкке бай, халықтың бейнелі ойлау жүйесін танытатын әрі тілдің синтаксистік-морфологиялық құрылымында орныққан күрделі тілдік бірліктер [5].

Тіл қазынасында ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің ізі айқын сақталады. Сол рухани мұраның бір көрінісі – фразеологизмдер. Олар халықтың күнделікті тұрмысынан бастап, дүниетанымдық өлшемдеріне дейінгі құндылықтарды өз бойына жинап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын мәдени-тілдік код қызметін атқарады. Қазақ фразеологизмдерінің уәжі мен негізінде халық санасының терең қатпарларынан жеткен әдет-ғұрыптық, салттық элементтердің жатуы да осыдан.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма тілдік бірліктерді адамның ойлауымен, танымымен және коммуникациялық әрекетімен бірлікте қарастыруды алға тартады. Осы тұрғыдан алғанда тұрақты тіркестерді тек тілдік норма ретінде емес, оқушы санасында концепт тудыратын, мәдени кодты сақтайтын бірлік ретінде меңгерту – өзекті мәселелердің бірі. Себебі тұрақты тіркестер – белгілі бір халықтың дүниетанымын, рухани-мәдени өмірін сипаттайтын күрделі когнитивтік құрылым [2, 190].

7-сыныпта фразеологизмдерді меңгерту – жасөспірімдердің бейнелі ойлауын, қатысымдық құзыретін, тілдік қорын дамытуда ерекше рөл атқарады. Тілдік қатынас мәселесін арнайы зерттеген Ф. Оразбаева фразеологизмдерді сөз, сөйлем, мәтін қатарында қатысымдық бірлік ретінде қарастыру қажеттігін атап өтеді. Ғалымның пайымдауынша, тұрақты тіркестердің тұтас лексикалық тұлға ретінде қолданыста көрінуі қарым-қатынас барысындағы белгілі бір ұғымды дәл, ықшам әрі бейнелі жеткізуге мүмкіндік береді [3, 60].

Фразеологизмдердің сөйлесім әрекетіндегі қызметін Г.Смағұлова да ерекше көрсетеді. Оның пікірінше, мәтін мен сөйлем құрамындағы көркемдеуіш мәні бар тұрақты тіркестер оқушының қабылдауына әсер етіп, ойдың бейнелілігін арттырады. Фразеологизмдер – тілдің суреттілігін күшейтетін, сөздік қорды кеңейтетін, ойды әсерлі білдіруге мүмкіндік беретін маңызды тілдік әрі эстетикалық құралдар [2, 27].

Тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық тұрғыда оқыту мәселесі қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағытпен де, мектептегі тілдік білім мазмұнын жаңғырту міндеттерімен де үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, бұл мақалада 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулықтарындағы фразеологизмдерді меңгертудің мазмұнын, оқулық материалдарының мүмкіндіктерін теориялық және практикалық қырынан қарастыру көзделеді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің зерттелуі XX ғасырдың 40-жылдарынан бастау алып, кейінгі кезеңдерде құрылымдық-типологиялық, семантикалық, морфологиялық, тақырыптық, этнолингвистикалық және лингвомәдени бағыттарда жүйелі түрде дамыды. Фразеология дербес ғылыми сала ретінде қалыптасып, оның нысаны, категориялары, жіктелімдері мен зерттеу әдістері нақтыланды. Түркі және қазақ фразеологиясының теориялық негіздерін алғаш жүйелеп, ғылыми айналымға түсірген зерттеушілердің бірі – академик І.Кеңесбаев [1]. Ғалымның еңбектері фразеологизмдерді лексикалық қордың дербес қабаты ретінде қарастыруға, олардың құрылымдық тұтастығы мен семантикалық бірлігін дәлелдеуге, сондай-ақ фразеологиялық сөздіктің ғылыми принциптерін айқындауға мүмкіндік берді. Оның зерттеулері қазақ фразеологиясының кейінгі дамуына берік теориялық тұғыр қалады.

Осы ғылыми негізден кейін қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді түрлі қырынан талдаған еңбектер қатары айтарлықтай кеңейді. Бұл бағытта Ә.Қайдар, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, С.Исабеков, А.Алдашева, Г.Смағұлова, С.Сәтенова секілді ғалымдар фразеологияның теориялық және практикалық қырларын зерттеп, фразеологизмдердің мағыналық құрылымын, қалыптасу жолдарын, ұлттық-мәдени негізін, қолданылу өрісін жан-жақты сипаттады. Олар тұрақты тіркестердің тек тілдік құбылыс емес, халықтың тарихи-әлеуметтік тәжірибесінің көрінісі екенін дәлелдеді. Сондай-ақ М.Серғалиев, Г.Құсимова, Г.Боранбаева еңбектерінде фраземалардың стильдік қызметі жүйеленіп, олардың көркем мәтіндегі экспрессивтік мүмкіндіктері сараланды. Ө.Айтбайұлы, Б.Шалабай, Х.Қожахметова, М.Жәнібеков зерттеулерінде тұрақты тіркестердің көркем дискурстағы қызметі, авторлық қолданыстағы трансформациялану ерекшеліктері нақты талданады. Ал А.Елешова мен Р.Жайсақова тұрақты тіркестерді мағыналық және тақырыптық тұрғыдан топтастыру мәселелерін қарастырып, олардың семантикалық өрісін айқындауға үлес қосты. Фразеологиялық категорияларды жіктеуге байланысты Ф.Оразбаева, А.Байталиев, Р.Таева еңбектері маңызды болса, Ш.Сарыбаев, Қ.Қалыбаева, С.Мұстафаұлы зерттеулері фразеологизмдердегі диалектілік қабатты анықтап, аймақтық тіл ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан сипаттады.

Осы аталған ғылыми-теориялық негіздер фразеологизмдердің табиғатын терең түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды мектепте оқытудың мазмұнын жаңаша қарастыруды талап етеді. Себебі қазіргі білім беру жүйесі оқушыны дайын ақпаратты механикалық қабылдаушы емес, тілдік бірліктердің ішкі мәнін өз тәжірибесі арқылы ашатын, талдайтын, салыс-

тыратын, қорытынды жасайтын белсенді субъект ретінде тануды көздейді. Сондықтан тұрақты тіркестерді дәстүрлі түрде тек мағыналық қырынан түсіндіру немесе жаттатумен шектелу олардың когнитивтік және мәдени әлеуетін толық ашпайды.

Осыған байланысты фразеологизмдерді оқушы санасында концепт қалыптастыратын, ұлттық-мәдени ақпаратты жинақтайтын және нақты коммуникативтік жағдаятта мақсатқа сай қолданылатын тілдік бірлік ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Когнитивтік және прагматикалық бағыттар адамның тілдік санасы, ойлау жүйесі, мәдени тәжірибесі және қарым-қатынас әрекетімен тығыз байланысты болғандықтан, бұл тәсіл фразеологизмдердің көпқабатты табиғатын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Когнитивтік лингвистика фразеологизмдердің астарында ұлттық дүниетаным, мәдени код, бағалауыштық қатынас, ұжымдық тәжірибе жатқанын айқындаса, прагматика олардың нақты сөйлеу жағдаятындағы мақсаттылығын, коммуникативтік тиімділігін, экспрессивтік және әсер ету қызметін белгілейді. Екі ғылыми бағыттың тоғысында фразеологизмдерді кешенді талдауға және оларды оқытуда концептуалдық, мәдени және коммуникативтік қабаттарды қатар қамтуға мүмкіндік беретін когнитивті-прагматикалық тәсіл қалыптасады. Бұл тәсіл тұрақты тіркестердің семантикасын ғана емес, олардың уәжін, астарлы мағынасын, ұлттық таныммен байланысын және қолданыстағы функционалдық рөлін бірге меңгертуді көздейді.

Фразеологизмдерді осындай кешенді негізде оқыту, әсіресе 7-сынып оқушылары үшін, олардың тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, бейнелі ойлауын, ассоциативтік байланыс орнату қабілетін, ұлттық-мәдени танымын дамытуда ерекше рөл атқарады. Бұл кезеңдегі оқушылардың абстрактілі ойлау қабілеті қалыптасу үстінде болғандықтан, тұрақты тіркестердің концептуалдық мазмұнын ашу олардың теориялық ойлауына серпін береді.

Аталған оқыту тәсілінің тиімді жүзеге асуы дамыта оқыту технологиясының принциптерімен тікелей үндеседі. Дамыта оқыту технологиясы оқушының ізденушілік және зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды негізгі мақсат етіп қояды. Оқушы өзінің білімінің жеткіліксіз екенін ұғына отырып, жаңа білімді саналы түрде меңгеруге ұмтылады, мәселені шешудің жолдарын өз бетінше іздейді. Оқу үдерісі мақсат қою, болжам жасау, шешу жолдарын қарастыру, дәлелдеу және қорытындылау кезеңдерінен тұрады.

Бұл технология теориялық білімді жалаң жаттатпай, бақылау, салыстыру, талдау, жинақтау және модельдеу арқылы меңгертуді көздейді. Сұрақтардың проблемалық сипатта қойылуы, жаңа материалды талдауға басымдық берілуі, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, әр оқушының даму мүмкіндігін ескеру – дамыта оқытудың негізгі қағидаларының бірі [6, 89]. Мұндай

жағдайда тілдік құбылыс дайын анықтама ретінде берілмей, оқушының танымдық әрекеті арқылы ашылады.

Қазақ тілін оқытуда дамыта оқытудың мәні – білім алушының теориялық санасын, логикалық ойлауын, мазмұндық топтастыру және жалпылау қабілетін дамыту. Теориялық білімге сүйену арқылы оқу үдерісі эмпирикалық-индуктивтік бағыттан теориялық-дедуктивтік деңгейге өтеді, яғни оқушы нақты мысалдардан заңдылықтарды шығарып, оны жаңа жағдаятта қолдана алады. Жаңа лингвистикалық ұғымды меңгерту барысында мұғалім проблемалық жағдай туғызып, оқушы сол жағдайдағы негізгі белгілерді анықтайды, олардың арасындағы байланыстарды модельдейді және заңдылықтарды қорытады [7, 142].

Осы тұрғыдан алғанда, тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық негізде оқыту – дамыта оқытудың теориялық және зерттеушілік элементтерін біріктіретін тиімді әдістемелік бағыт болып табылады.

Зерттеу жұмысы 7-сыныпта тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауға бағытталды. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу теориялық және эмпирикалық кезеңдерде жүзеге асырылды.

Зерттеудің теориялық кезеңінде қазақ фразеологиясының қалыптасу және даму бағыттары қарастырылып, фразеологизмдердің семантикалық, құрылымдық, стильдік және ұлттық-мәдени қырлары талданды. Сонымен қатар когнитивтік және прагматикалық бағыттардың фразеологизм табиғатын ашудағы мүмкіндіктері сараланды. Теориялық талдау негізінде фразеологизмдерді оқытуда олардың мағыналық мазмұнын ғана емес, концептуалдық астарын, мәдени кодын және коммуникативтік қызметін қатар қамту қажеттілігі айқындалды.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңінде жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулықтарындағы фразеологизмдердің берілу жүйесі зерделенді. Эмпирикалық дереккөз ретінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен 2024 жылғы оқулықтар алынды. Бұл кезеңде контент-талдау әдісі қолданылып, оқулықтардағы фразеологизмдерге қатысты теориялық түсіндірмелер мен тапсырмалар жүйесі талданды. Талдау барысында фразеологизмдердің берілу жиілігі, анықтамалардың сипаты, мәтіндік қолданыс ерекшеліктері және тапсырмалардың мазмұндық бағыттылығы назарға алынды. Сонымен қатар тапсырмалар мазмұны олардың танымдық сипатына қарай сипаттамалық тұрғыдан жіктелді. Атап айтқанда, тапсырмалар:

- фразеологизмнің мағынасын тануға;
- құрылымдық ерекшелігін ажыратуға;
- сөйлемде дұрыс қолдануға;

- тілдік жүйе ішіндегі орнын саралауға бағытталған түрлерге бөлініп қарастырылды.

Талқылау

Тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқыту – теориялық талдау, концептуалдық модельдеу, прагматикалық қолданылуды меңгерту, мәдени кодты анықтау сияқты әрекеттердің бәрін біріктіретін оқу үдерісі. Сондықтан дамыта оқытудың зерттеушілік, теориялық және модельдеу элементтері тұрақты тіркестердің когнитивтік-прагматикалық табиғатын ашуға толық сәйкес келеді.

Осы теориялық негіздер 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында тұрақты тіркестердің берілуін анықтауды қажет етеді. Сондықтан зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша жарық көрген үш оқулық құрайды.

Атап айтқанда:

1. Г.Қосымова, Р.Рахметова, Ж.Бекжанова (2024, «Атамұра»),
2. Б.Қапалбек, С.Жантасова, Т.Мадиева, А.Омарова (2024, «Мектеп»),
3. Ж.Отарбекова, Г.Тоқтыбаева, А.Тоқбаева (2024, «Арман-ПВ»).

Қазіргі қолданыстағы «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде)» 7-сыныпқа арналған білім мазмұны бойынша тұрақты тіркестерді меңгертудің бірнеше аспектісі белгіленген. Атап айтқанда:

• тыңдалым және айтылым бөлімінде оқушылардың коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш құралдарды, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолдануы талап етіледі;

• оқылым бөлімінде мәтіннің тілдік ерекшеліктерін талдау барысында фразеологизмдердің стилистикалық қызметін тану қарастырылады;

• лексикалық норма бөлімінде фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивтік табиғатын түсініп қолдану міндеттеледі [8].

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны тілдік бірліктерді тек мағыналық деңгейде меңгертумен шектелмей, оларды ұлттық-мәдени ақпараттың тасымалдаушысы, коммуникативтік жағдаятта орынды қолданылатын құрал ретінде тануға бағыттау қажеттігін атап көрсетеді [9]. Жоғары көрсетілген нормативтік құжаттардағы талаптар фразеоло-

гизмдерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқытудың өзектілігін толық негіздейді.

Бағдарлама мен стандарт талаптары негізінде жасалған оқулықтардағы фразеологизмдердің берілу көлемін, әдістемелік ұстанымдарын және тапсырмалар типологиясын талдау зерттеу міндеттерінің бірі. Зерттеу нысаны ретінде Б.Қапалбек, С.Жантасова, Т.Мадиева, А.Омарова авторлығымен 2024 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан жалпы білім беретін мектептің 7-сынысына арналған «Қазақ тілі» оқулығы алынды [10].

Талдауға алынған оқулықтың құрылымында фразеологизмдердің жүйелі түрде енгізілген негізгі бөлігі – III бөлім «Лексика. Денсаулық – зор байлық». Бұл бөлімде фразеологизмдер тікелей қарастырылатын екі тақырып берілген:

1. 3.4. Ас – адамның арқауы. Фразеологизм туралы жалпы түсінік.

2. 3.5. Қазақстандағы сауықтыру мекемелері. Фразеологизмдердің түрлері.

Бұл екі тақырып фразеологизмдер ұғымын біртіндеп меңгертуді көздейді: бірінші тақырыпта оқушыларға фразеологизмнің анықтамасы мен негізгі белгілері ұсынылып, кейінгі сабақта олардың түрлері жүйеленеді. Екі тақырыптың құрылымында да оқу материалы теориялық анықтамадан басталып, оны бекітуге арналған жаттығулар жүйесімен жалғасады.

3.4-тақырыптағы тапсырмалар оқушының фразеологизмді тану, мағынасын айқындау және дұрыс қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Мұнда:

- фразеологизмді сөзбен алмастыру,
- берілген тұрақты тіркестерді сөйлемде қолдану,
- құрамындағы сөздердің орнын дұрыс қалпына келтіру,
- жартылай берілген тіркестерді толықтыру сияқты әрекеттер ұсынылады.

Бұл тапсырмалар фразеологизмнің мағынасын ашуға, құрылымдық тұтастығын ұғынуға және сөйлеуде орынды қолдануға жаттықтырады.

3.5-тақырыпта жаттығулар күрделене түседі: оқушылар тұрақты тіркесті еркін сөз тіркесінен ажыратады, фразеологиялық тұтастықтарды мағыналық жағынан топтайды, белгілі бір компонентке (мысалы, ат, ит сөздері) қатысты фразеологизмдерді жүйелейді, сондай-ақ олардың түрлерін (тұтастық, бірлік, тіркес, сөйлемше) жіктейді.

Бұл тақырып тапсырмалары фразеологизмдерді тек түсінуге емес, оларды тілдік жүйедегі орны бойынша саралауға, семантикалық және құрылымдық ерекшеліктерін айыра білуге бағытталған.

Сабақ қорытындысындағы тапсырмалар екі тақырыпты байланыстыра отырып, оқушының:

- фразеологизмді сөйлемде стильдік мақсатта қолдану,
- сөз таптары бойынша топтастыру сияқты аналитикалық дағдыларын дамытады.

Осылайша, екі тақырып бір-бірін толықтырып, фразеологизмдерді меңгертудің сатылы принципін жүзеге асырады.

Талдау нәтижелері жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығындағы фразеологизмдерге қатысты тапсырмалар негізінен мағынаны тану, құрылымды ажырату, сөзбен алмастыру, сөйлемде қолдану сияқты дәстүрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталғанын көрсетті. Бұл – оқушылардың тілдік базалық білімін жетілдіруде маңызды.

Нәтижелер

Зерттеу тақырыбы фразеологизмдерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқытуды көздегендіктен, оқушының концептуалдық ойлауын, мәдени кодты тануын және бейнелі тіркесті коммуникативтік жағдаятта орынды қолдану қабілетін дамытуға арналған қосымша тапсырмалар ұсыну қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта төменде оқу бағдарламасының талаптарын және 7-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген екі тапсырма ұсынылады.

1-тапсырма. Берілген тұрақты тіркестердің мағынасын ашып, досыңмен бірге қысқа диалог құрастырыңдар.

Ағынан жарылу	Арасынан қыл өтпеу	Екі езуі екі құлағына жету
Асығы алшысынан түсті	Кірпік қаққанша	Жібі түзу

Мақсаты: Оқушылардың фразеологизмдердің мағынасын түсінуі және оларды коммуникативтік жағдаятта орынды қолдана алу дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже: Оқушы фразеологизмнің мағынасын контекст арқылы ашады және оны сөйлеу жағдаятында дұрыс қолданады.

2-тапсырма. «Дені саудың – жаны сау» тақырыбында шағын эссе жазыңдар. Тұрақты тіркестерді қолданып, олардың мәнін түсіндіріңдер.

Мақсаты: Оқушылардың берілген тақырып төңірегінде ой қорытып, шағын эссе құрастыруы және фразеологизмдерді мағыналық жағынан дұрыс қолдана білу қабілетін жетілдіру.

Күтілетін нәтиже: Оқушы фразеологизмдерді жазылымда саналы түрде таңдап, оларды тақырыппен байланыстырып, мәтіннің мағыналық тұтастығын сақтап жазады.

Ұсынылған тапсырмалардың әдістемелік құндылығын Қ.Бітібаеваның дамыта оқыту технологиясымен негіздеуге болады. Ғалым дамыта оқытудың өзегін оқушының ойлау әрекетін белсендіретін диалог, пікір алмасу, мәселені бірлесе шешу сияқты тәсілдер құрайтынын атап көрсетеді [9, 107]. Мұндай

сабақта білім дайын күйінде берілмей, оқушы мағынаны өзі ашады, тілдік бірліктің мәнін талдау арқылы тұжырым жасайды.

Берілген тапсырмалар осы қағидалармен толық үндеседі. Мәселен, бірінші тапсырмада қысқа диалог құрастыру жұмысы тұрақты тіркестердің прагматикалық реңкін қарым-қатынас барысында түсінуге мүмкіндік береді. Диалогтік әрекет оқушыны мағынаны іздену арқылы анықтауға, сөздің жағдайға сай қолданысын сезінуге жетелейді. Ал екінші тапсырмада фразеологизмдерді эсседе қолдану – оқушыны тіркестің семантикасын контекстпен байланыстыра талдауға, оның бағалауыштық және эмоциялық реңкін саналы таңдауға бағыттайды. Бұл Қ.Бітібаева сипаттағандай, теориялық ойлауды дамыту мен жеке пікір қалыптастырудың тиімді тәсілі [9, 107].

Жалпы алғанда, 7-сыныпта тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқыту төмендегідей нәтижелер береді:

• оқушының бейнелі және концептуалдық ойлауын дамытады;

• фразеологизмдер арқылы ұлттық-мәдени ақпаратты тануына жол ашады;

• тілдік бірліктердің прагматикалық қызметін контексте қолдануға дағдыландырады;

• сөйлеу әрекетінде коммуникативтік мақсатқа сай дұрыс таңдау жасай білуге үйретеді;

• тұрақты тіркестердің мәнін, уәжін, эмоциялық реңкін саналы түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқыту үдерісіне дамыта оқыту элементтерін енгізу – оқушыны тілдік білімді дайын күйінде қабылдаушы емес, мағынаны өз бетінше ашушы, ой қорытып, дәлелдей алушы субъект ретінде танытады. Бұл қазіргі антропоцентристік парадигма талаптарына толық сәйкес келеді. Осы тұрғыдан алғанда, тұрақты тіркестерді меңгертуде когнитивтік және прагматикалық амалдарды ұштастыру оқыту мазмұнын тереңдетудің тиімді жолы.

Қорытынды

7-сыныпта тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқыту – қазіргі білім беру жүйесінің антропоцентристік бағытына толық сәйкес келетін, оқушының тілдік, танымдық және коммуникативтік құзыреттерін кешенді қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік бағыт болып табылады. Тұрақты тіркестерді тек лексикалық бірлік ретінде емес, ұлттық дүниетанымның, мәдени кодтың, бағалауыштық реңктің, эмоциялық-экспрессивтік мазмұнның тасымалдаушысы ретінде меңгерту – оқушының тілдік санасын тереңдетіп, бейнелі, әрі концептуалдық ойлауын дамытады.

Зерттеу барысында талданған оқулық материалдары фразеологизмдерді тану, мағынасын ашу, құрылымдық ерекшелігін ажырату бағытында жүйелі берілгенімен, олардың когнитивтік уәжін, мәдени негізін және прагматикалық

қолданыс аясын кеңірек қамту қажеттілігі анықталды. Осы тұрғыдан ұсынылған қосымша тапсырмалар оқушылардың фразеологизмдерді контексте саналы қолдануына, олардың астарындағы ұлттық-мәдени ақпаратты тануына және сөйлеу жағдаятына сай таңдай білуіне жағдай жасайды.

Когнитивті-прагматикалық тәсіл тұрақты тіркестердің концептуалдық моделін ашуға, олардың мағыналық қабаттарын талдауға және коммуникативтік қызметін тәжірибе арқылы меңгертуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл дамыта оқыту технологиясымен өзара үйлесіп, оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, тілдік құбылыстың мәнін өз бетімен талдай алатын, дәлелдей алатын, шығармашылықпен қолдана білетін субъект ретінде қалыптастырады. Сонымен қатар, тұрақты тіркестерді осындай кешенді негізде оқыту оқушылардың ұлттық-мәдени санасының қалыптасуына, рухани-адамгершілік құндылықтарды тануына және ана тілінің бейнелік мүмкіндіктерін терең түсінуіне ықпал етеді. Бұл – тілдік білім беруді мазмұндық тұрғыдан байытудың және оқыту үдерісін тұлғалық-бағдарлы бағытта ұйымдастырудың маңызды шарты.

Осылайша, 7-сыныпта тұрақты тіркестерді когнитивті-прагматикалық тұрғыдан дамыта оқыту фразеологизмдерді тек мағыналық деңгейде меңгертумен шектелмей, оларды ұлттық мәдени тәжірибені, бағалауыштық қатынасты және сөйлеудегі мақсаттылықты айқындайтын күрделі когнитивтік құрылым ретінде игеруге жол ашады. Бұл бағыт мектептегі қазақ тілін оқыту мазмұнын жаңғыртудың және тілдік тұлғаны қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізін күшейтеді.

Әдебиеттер

1. Кеңесбаев, І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі: он мыңнан аса фраза қамтылды / ҚазССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.

2. Смағұлова, Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным, 2010. – 244 б.

3. Оразбаева, Ф.Ш. Тілдік қатынас: оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 270 б.

4. Бітібаева, Қ. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту: оқулық-әдістемелік бағдарлама. – Семей: Үш биік баспасы ЖШС, 2007. – 144 б.

5. Керімбекова, А.А. Қазақ тілін жоғары оқу орны студенттеріне фразеологиялық сөздік арқылы оқыту әдістемесі (гуманитарлық факультеттің орыс бөліміне арналған): педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 2010.

6. Оразбаева, Ф.Ш., Рахметова, Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 170 б.

7. Құрман, Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: монография. – Астана: Тіл комитеті, Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. – 160 б.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша. ҚР БжҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).

9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670

10. Қапалбек, Б.С., Жантасова, С.Е., Мадиева, Т.А., Омарова, А.Д. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2024. – 304 б. – URL: https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk/1403/

Ж.Ж. КАБИДУЛЛИЕВА
А.А. САТБЕКОВА
Казахский национальный женский педагогический университет

РАЗВИВАЮЩЕЕ ОБУЧЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В КОГНИТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ (7 КЛАСС)

Аннотация. В статье рассматривается проблема обучения фразеологизмам учащихся 7 класса на основе когнитивно-прагматического подхода. Исследование опирается на актуальность освоения казахского языка в русле антропоцентрической парадигмы и направлено на выявление роли фразеологических единиц как сложных языковых структур, формирующих концепты в сознании учащихся, передающих национально-культурную информацию и активизирующих образное мышление. Лингвистической основой исследования послужили труды И.Кенесбаева [1] и Г.Смагуловой [2], в которых раскрываются природа и языковые функции фразеологизмов. Кроме того, теоретические положения о языковой коммуникации и методические принципы обучения казахскому языку, разработанные Ф.Оразбаевой [3] и К.Битибаевой [4], по-

зволили определить педагогическую и методическую направленность обучения фразеологизмам. В статье проанализированы материалы, посвящённые фразеологизмам, представленные в учебнике «Казахский язык» для 7 класса общеобразовательной школы, а также выявлен их потенциал в развитии национально-культурного сознания, языкового запаса и прагматической чувствительности учащихся. Предложенные в исследовании дополнительные задания ориентированы на развитие концептуального мышления школьников, умения интерпретировать фразеологические значения в контексте и навыков уместного употребления устойчивых выражений в процессе коммуникации. Результаты исследования показывают, что когнитивно-прагматический подход к обучению фразеологизмам играет важную роль в комплексном формировании языковых, познавательных и коммуникативных компетенций учащихся.

Ключевые слова: фразеологизм, когнитивно-прагматическое обучение, антропоцентрическая парадигма, развивающее обучение, 7 класс, когнитивное развитие, прагматическая компетенция.

ZH.ZH. KABIDULLIYEVA
A.A. SATBEKOVA
Kazakh National Women's Teacher Training University

DEVELOPMENTAL TEACHING OF PHRASEOLOGICAL UNITS FROM A COGNITIVE-PRAGMATIC PERSPECTIVE (GRADE 7)

Abstract. This article examines the issue of teaching phraseological units to 7th-grade students through a cognitive-pragmatic approach. The study is grounded in the relevance of mastering the Kazakh language within an anthropocentric paradigm and aims to determine the role of phraseological units as complex linguistic structures that form concepts in learners' minds, convey national-cultural information, and activate figurative thinking. The linguistic foundation of the research is based on the works of I. Kenesbayev [1] and G.Smagulova [2], who investigated the nature and linguistic functions of phraseological units. In addition, the methodological principles of teaching the Kazakh language and the theory of language communication, comprehensively developed in the works of F.Orazbayeva [3] and K.Bitibayeva [4], provide a framework for defining the pedagogical and methodological orientation of teaching phraseological units. The article analyzes materials related to phraseological units in the 7th-grade Kazakh Language textbook used in general secondary schools and identifies their potential to enhance students' national-cultural awareness, linguistic repertoire, and pragmatic sensitivity. The

supplementary tasks proposed in the study aim to develop learners' conceptual thinking, ability to interpret phraseological meanings in context, and skills to use phraseological units appropriately in communication. The findings demonstrate that teaching phraseological units through a cognitive-pragmatic approach plays an important role in the integrated formation of students' linguistic, cognitive, and communicative competencies.

Keywords: phraseology, cognitive-pragmatic teaching, anthropocentric paradigm, developmental learning, 7th grade, cognitive development, pragmatic competence.

References

1. Keñesbaev, I.K. Qazaq tılınıñ frazeologialyq sözdıgı: on myñnan asa fraza qamtyldy [Phraseological dictionary of the Kazakh language: more than ten thousand phrases] / QazSSR Ğylym akademiiasy; Tıl bılımı instituty. – Almaty: Ğylym, 1977. – 711 b.

2. Smağūlova, G.N. Mağynalas frazeologizmderdıñ ūlttyq-mädeni aspektıleri [National-cultural aspects of synonymous phraseological units]. – Almaty: Eltanym, 2010. – 244 b.

3. Orazbaeva, F.Ş. Tıldık qatynas: oqulyq [Language communication: textbook]. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2005. – 270 b.

4. Bıtıbaeva, Q. Qazırgı kezeñ ädebietın tereñdetıp oqytu: oqulyq-ädıstemelık bağdarlama [Advanced teaching of modern literature: textbook-methodological program]. – Semei: Üş bıık baspasy JŞS, 2007. – 144 b.

5. Kerımbekova, A.A. Qazaq tılın joğary oqu orny studentterıne frazeologialyq sözdık arqyly oqytu ädıstemesı (gumanitarlyq fakültettıñ orys bölımıne arnalğan): pedagogika ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi därejesın alu üşın daiyndalğan dissertasianyñ avtoreferaty [Methodology of teaching Kazakh to university students through a phraseological dictionary: abstract of dissertation]. – Almaty, 2010.

6. Orazbaeva, F.Ş., Rahmetova, R.S. Qazaq tılın oqytu ädıstemesı: oqu qūraly [Methodology of teaching Kazakh: study guide]. – Almaty: Print-S, 2005. – 170 b.

7. Qūrman, N.J. Qazaq tılın oqytudyñ ädısnamalyq negızderı: monografia [Methodological foundations of teaching Kazakh: monograph]. – Astana: Tıl komitetı, Ş.Şaiahmetov atyndağy Tılderdı damytudyñ respublikalyq üilestıru-ädıstemelık ortalyğy, 2008. – 160 b.

8. Qazaqstan Respublikasy Bılım jäne ğylym ministrı mındetın atqaruşysynyñ 2017 jylğy qazandağy № 545 būiryğyna 2-qosymşa. QR BjĞM 2013 jylğy 3 säuırdegı № 115 būiryğyna 192-qosymşa. Negızgı orta bılım beru deñgeiınıñ 5-9 synyptaryna arnalğan «Qazaq tılı» pänınen jañartylğan mazmūndağy ülgılık oqu

bağdarlamasy (oqytu qazaq tılında) [Model curriculum for grades 5-9 in Kazakh language].

9. Mektepke deiıngı tärbie men oqytudyñ, bastauyş, negızgı orta, jalpy orta, tehnikalyq jäne käsıptık, orta bılımnen keiıngı bılım berudıñ memlekettık jalpyğa mındettı standarty [State compulsory standard of education]: Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministrınıñ 2025 jylğy 23 qañtardağy № 12 būiryğymen bekıtılgen. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670

10. Qapalbek, B.S., Jantasova, S.E., Madieva, T.A., Omarova, A.D. Qazaq tılı: jalpy bılım beretın mekteptıñ 7-synybyna arnalğan oqulyq [Kazakh language: textbook for grade 7 of secondary school]. – Öñd., tolyqt. 2-bas. – Almaty: Mektep, 2024. – 304 b. – URL: https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk/1403/

Авторлар туралы мәлімет

Кабидуллиева Жайнагүл Жусупқызы – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Кабидуллиева Жайнагул Жусупкызы – магистрант 2 курса образовательной программы «Казахский язык и литература», Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан.

Kabidulliyeva Zhainagul Zhusupkyzy – 2nd-year Master's student of the Educational Program "Kazakh Language and Literature," Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty c., Kazakhstan.

Сатбекова Айгуль Амантаевна – ғылыми жетекші, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Сатбекова Айгуль Амантаевна – научный руководитель, доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан.

Satbekova Aigul Amantayevna – Scientific Supervisor, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty c., Kazakhstan.

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Мақалалардың мазмұны мен стиліне
авторлар жауапты.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **А. Қожахмет**
Жауапты редактор **Ж. Искакова**
Дизайнын және электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
til.qogam@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні: ?????????
Электронды нұсқаға қол қойылған күні: ????????
Пішімі 70х100 1/16 Шартты баспа табағы 10.4